



Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да, мерейтойы да - кейінгіге үлгі. Ал үлгіге қарап ұрпақ өседі.

Нұрсұлтан Назарбаев



ЖИЫРМА жұлдызды күн

ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына байланысты 20 жұлдызды күн аясында «Тәуелсіздіктің жиырма шыңы!» атты мерекелік жоспарға сәйкес ағымдағы жылдың 5 желтоқсан Ғылым күні, 11 желтоқсан Білім күні деп белгіледі. Осыған орай 25 қараша мен 16 желтоқсан аралығында университетімізде жиырма жұлдызды күндер деп белгіленген ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған іс-шаралар басталып та кетті.

25 қараша - Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған тақырыптық кураторлық сағаттар әр факультетте өткізілді.

25 қараша - Жаратылыстану-математика факультетінде биология пәнінен пәндік олимпиада оздырылды. Сайыста студенттер өз бақтарын сынап, білімдерін шыңдады.

25 қараша - «Патриоттық тәрбие арқылы сенімді қорғаныс негізінде қол жеткізген Тәуелсіздік!» тақырыбында педагогикалық факультетінің ұйымдастыруымен ерлік сабағы оздырылды.

26 қараша - «Ел болам десең, бесігіңді түзе» тақырыбында барлық мамандықтар бойынша ашық кураторлық сағаттар өтті. Онда кітап, газет-журналдар көрмесі ұйымдастырылды.

26 қараша - Педагогикалық факультеттің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тағылымы!» атты дөңгелек үстел болды.

26 қараша - Қазақстан Республикасының Әнұранын бір уақытта орындау мақсатында мемлекеттік Әнұран айтылды. Оған профессорлық-оқытушы қауым, студент жастар мен қызметкерлер белсене қатысты.

27 қараша - «Мақтанышым, мәртебем – Атамекен!» атты студент жастар арасындағы университетішілік жас ақындар мұшайрасы оздырылды. Кешке поэзияға жанықұмар студенттер тартылып, әдемі туындыларын жастар назарына ұсынды.

28 қараша - «Ата заңым - тірегім!» тақырыбымен ҚР Конституциясын, заңын таныстыру мақсатында заңгер мамандар университет студенттерімен кездесті.

28 қараша - «Ата Заң: тарих пен тағылым» тақырыбымен әр факультетте кураторлық сағаттар өтті.

29 қараша - «Бейбітшілік кіндігі» ҚР Халқы Ассамблеясы БҚО өкілдері мен түрлі диаспораларының қатысуымен «Бейбітшілік - тәуелсіздік өміршендігінің келілі» атты достық фестивалі болды.

29 қараша - «Тәуелсіздік ел тұғыры» атты интеллектуалдық сайыс өтті.

30 қараша - Экономика және басқару факультетінде «Қазақстан - діни экстремизм мен терроризмге қарсы сарабдал саясат жүргізіп отырған Азиядағы бірден бір мемлекет» атты ақпараттық-танымдық кеш өтті.

30 қараша - Мәдениет және өнер факультеті дайындаған ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Жасай бер, Қазақстан!» мерекелік концерті өтті.



Мерекелік кеште университетіміздің І проректоры, тарих ғылымдарының докторы Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы сөз сөйлеп, дарынды да жігерлі студенттерге жылы лебізін білдірді. Ел тәуелсіздігімен тұспа-тұс келген бұл мерекеде облыстық,



Ұлттық қасиетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде танытқан Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Қазақстандықтар алмағайып өтпелі кезеңнің барлық қиындықтарын жеңіп, жиырма жылдың ішінде әлемдік сахнаға көтерілді.

Тәуелсіз ел болу мәртебесін көру — бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды болсын. Жаңа ғасырда қайта түлеген, жасарып, жаңарған еліміздің тәуелсіздігі тұғырлы болғай!

Ұрпақтарының ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабамыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

Ұлттық мерекеміз - Тәуелсіздігіміздің мерейлі жиырма жылдығы құтты болсын!

Құрметпен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, академик
Асхат Сәлімұлы ИМАНҒАЛИЕВ

Студент жастардың жан-жақты, саналы, терең білімді, бәсекеге қабілетті болуы — қоғам сұранысы, заман талабы. Осы мақсатта әр рухты ақын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті де өз студенттерінің терең білім алып, шығармашылығын шыңдап, қоғамдық белсенділігін танытып, еліміздің саналы азаматы болып қалыптасуына мол мүмкіндіктер ашып отыр. 17 қараша күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да халықаралық студенттер күніне орай салтанатты мерекелік кеш өтті.

Студенттер мерекесінде

республикалық деңгейде өткізіліп жүрген білім мен ғылым додаларында, спорттық сайыстар мен шығармашылық бағытта университетіміздің намысын қорғап, биік белестерді бағындырған студенттер арнайы тағайындалған номинациялармен марапатталды.

«Білімде озат» номинациясымен құқықтану мамандығының 4 курс студенті, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері **Ерғалиева Гүлнара** марапатталды. «Ғылымда үздік» номинациясымен ғылыми химия мамандығының 3 курс студенті, оқу озаты, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері **Тілепбергенова Айзада**, «Ең үздік спортшы» номинациясымен дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті, ҚР Президентінің жұлдесі үшін өткен Әлем кубогінің алтын медаль иегері, самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері **Бағдат Жарылғасов**, «Үздік шығармашылық жетістігі үшін» номинациясымен дәстүрлі музыкалық өнер мамандығының 4 курс студенті, оқу озаты, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері **Таудаева Эльмира**, «Үздік студенттік құрылыс жасағының жауынгері» номинациясымен физика мамандығының 4 курс студенті, «Жаңа күш» еңбек жасағының командирі **Кисамеденов Батыржан**,

«Үздік «Жасыл ел» жауынгері» номинациясымен биология мамандығының 4 курс студенті, 2009, 2010, 2011 жылдары «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының тұрақты жауынгері **Даулетбаева Азиза**, «Үздік ұйымдастырушы» номинациясымен экология мамандығының 4 курс студенті, Қазақстан Студенттер Альянсы студенттік қозғалысының БҚМУ көшбасшысы, студенттік омбудсмен **Ешимова Жанбота** марапатталды.

Университетіміздің қарыштап дамуына, оқу, ғылым, тәрбие жұмыстары бойынша өтетін мерекелік шараларды ұйымдастыруда өз үлестерін қосып, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі шараларда жоғарғы сатыда көрініп жүрген белсенді студенттер Н.Таженов, А.Меңдіғалиев, Ж.Мұрсалова, Е.Асылханова, Ж.Ешимова университет ректорының құрмет грамотасымен марапатталды.

Облыстық, республикалық деңгейде өткізіліп жүрген білім мен ғылым додаларында, спорттық сайыстар мен шығармашылық бағытта университетіміздің мерейін үстем етіп жүрген бірқатар студенттер ақшалай сыйлықпен және университет ректорының алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, белсенді студенттердің есімдері ерекше аталып, алғыс жарияланды.

Салтантты шара барысында мереке иелері студенттерге арнап «Қыз Жібек», республикалық, халықаралық би байқауларының жеңімпазы «Арна» би ансамбльдері, университетіміздің 2010 жылғы түлегі Сұлтан Даутовтың «Step up» би студиясының өнерпаздары биден тарту етсе, республикалық, халықаралық ән байқауының лауреаты И.Джантуллин, Г. Құсайынова, А.Қабиев, А.Байғалиева, «Жас Нұр» тобы кешті әнмен әрледі. Мәдениет және өнер факультеті жанындағы «Excluzive Fashion» сән театры «Студенттер күні» мерекесіне арналған «Moon Ra» коллекциясын ұсынды.

Өз тілшіміз



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Батыс Қазақстан облысының әкімдігі, Бонн университеті (Германия), Й. Гутенбург университеті (Германия), Климент Охридский атындағы София университеті (Болгария), Ресей халықтар достығы университетінің бірлесуімен 2011 жылдың 4 қарашасында «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы академиялық ұтқырлық: тәжірибе және даму мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Аталған шара мемлекет үшін аса маңызды оқиға – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы және БҚМУ-дың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында өткізіліп отыр.

Конференцияның мақсаты – білім берудің еуропалық кеңістігіне шығуды қамтамасыз етудің негізгі бағыты ретінде академиялық ұтқырлықты дамыту мәселелерін талқылау, академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру тәжірибелеріне талдау жасау және сараптау, академиялық ұтқырлық шеңберінде қазақстандық, ресейлік және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықтың даму мүмкіндіктері мен проблемаларын талқылау, қос дипломдық бағдарламасын жүзеге асыру және ұйымдастыру, жоғары оқу орындарындағы академиялық алмасуды басқару бойынша жалпы ұсыныстар дайындау болып табылады.

Халықаралық конференция шеңберінде академиялық ұтқырлық және білім сапасы, халықаралық білім кеңістігінде тұлғаның кәсіби бейімделуі, академиялық ұтқырлықты енгізу бойынша мектеп, колледж және жоғары оқу орындарының өзара сабақтастығы, мектептегі оқытуды ұйымдастырудың жаңа технологиялары арқылы сапалы білім беруге қол жеткізу сынды мәселелер талқыланды.

«2011 жылдың наурыз айында Будапешт және Венада еуропалық елдердің білім министрлерінің II форумында Қазақстанның Болон декларациясына кіруге түбегейлі шешім қабылданған болатын. Қазақстан Республикасының Болон жүйесіне кіруі қазақстандық жоғары оқу орындары мен студенттер үшін отандық білім бағдарламалары мен оқу жоспарларының еуропалық стандарттарға сай жүзеге асуы, жоғары білім туралы қазақстандық дипломның еуроаймаққа шығу мүмкіндігі, Болон жүйесіне кірген 47 мүше елде түлектердің жұмысқа орналасу құқығына ие болу, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуде үлкен мүмкіндіктерге жол ашады.

Академиялық ұтқырлық арқылы студенттер мен оқытушылар өз территориясынан

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – білім беру үрдісіндегі зор мүмкіндік

тыс орналасқан елдердегі жоғары оқу орындарында оқу, оқыту, тәжірибе алмасу, ғылыми зерттеу жүргізу және басқа мемлекетте білімнің толық курсын алуға зор мүмкіндікке қол жеткізеді. Сондықтан білім беру жүйесіндегі бұл мәселенің жан-жақты, халықаралық деңгейде талқылануы академиялық ұтқырлық мәселесінде жаңа қадамдарға бастайтыны сөзсіз», - деді университет ректоры, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиев алғысөзінде.

Бұл конференция қатысушылардың географиялық ауқымының кеңдігімен ерекшеленді. БҚМУ-дың шетелдік әріптестерінің өкілдері Германия, Болгария, Ресейдің және Қазақстанның жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысып, академиялық ұтқырлықтың жоғары оқу орындарындағы жүзеге асырылу жолдарымен бөлісті. Осы мәселелер шеңберінде проблемалар мен оны шешудің тиімді жолдары талқыланды.

БҚМУ бүгінде халықаралық байланыстарды берік нығайтуда. Батыс Еуропа мен ТМД елдерінің 50-ден аса жоғары оқу орнымен ынтымақтастық жөнінде келісім жасалды.

Конференцияны өткізудің маңыздылығы, алдымен жақын және алыс шетелдің жоғары оқу орындарымен әріптестік орнату, академиялық ұтқырлық аясын кеңейту, студенттерді халықаралық жазғы білім беру мектептеріне қатыстыру, БҚМУ студенттері мен магистранттарын еуропалық университеттерде ертүрлі бағытпен мамандықтар бойынша оқытуға мүмкіндік алу, оқытушылармен тәжірибе алмасу болып табылады.



Конференция бағдарламасында «Академиялық ұтқырлықты жүзеге асырудағы шетелдік және отандық тәжірибе» атты дөңгелек үстел өткізілді. Конференцияға арнайы шақыртылған Гутенберг атындағы университеттен филология ғылымдарының докторы Карл Кайнер (Майнц қ., Германия), Бонн университетінен филология ғылымдарының докторы, профессор Бахтыгереева Ұлданай Мақсотқызы (Мәскеу қ., Ресей), Иванов мемлекеттік университетінен психология ғылымдарының кандидаты, доцент Турчин Анатолий (Иванов қ., Ресей), жоғары және орта арнаулы оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары және облыс пен қаламыздың жалпы білім беретін орта мектептерінің мұғалімдері қатысты. Дөңгелек үстелде академиялық ұтқырлықтың жүзеге асырылу жолдары жан-жақты талданып,

университетімен (Болгария) «Академиялық ұтқырлықты жүзеге асырудағы шетелдік және отандық тәжірибе» тақырыбында on-line конференция ұйымдастырылды және БҚМУ-дың Гутенберг атындағы университетімен (Германия) ынтымақтастық жөніндегі Меморандумға қол қойылды.

«Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы академиялық ұтқырлық: тәжірибе және даму мүмкіндіктері» атты ғылыми-тәжірибелік конференция академиялық ұтқырлықтың білім сапасын, халықаралық білім кеңістігінде тұлғаның кәсіби бейімделуін, болашақ мамандарды құзыреттілік тұрғыдан даярлаудың негізін айқындайтын, жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыратын қажеттілік білім беру жүйесіндегі негізгі фактор және халықаралық білім кеңістігіне ену арқылы сапалы білім беруге қол жеткізу екендігін тағы бір айқындады.

БҚМУ-дың баспасөз қызметі

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 2011 жылдың 10 қарашасында «Қоғамдағы қауіпті дерт - жемқорлық» атты сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум өткізілді. Университеттің сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссия жұмысының жемқорлықпен күрестегі негізгі міндеті – профилактикалық жұмыс жүргізу, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәдениетін қалыптастырып дамыту.

Жемқорлыққа жол жоқ!

Форумды ашқан сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының төрағасы Ә.Қ.Мұқтар келген қонақтармен таныстырып, шараның мақсатына тоқталды.

Форумға қатысқан БҚО мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі аймақтық орталық МҚК-ның директоры Сәтбаев Әлібек Байжанұлы «Нұр Отан» ХДП атынан студент жастарға сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы адал еңбегі және оқу орнында сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысын насихаттау мен ұйымдастырудағы белсенділігі үшін университеттің сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының белсенді мүшелері педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы М.С.Хусайнов, жалпы тіл білімі және аударма кафедрасының доценті Н.С.Жигалин, психолог Ә.Жақсығалиеваларды алғыс хатпен және «Жас Отан» жастар қанатының БҚО филиалының белсенді мүшесі Нүркешов Қанат Мақсатұлы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында өткізілген қабырға газеттері байқауына белсене қатысқаны үшін дизайн мамандығының 10105-топ студенті К.Бегалиева мен бейнелеу өнері және сызу мамандығының 10101-топ студенті Н.Сүндетоваларды «Жас Отан» жастар қанатының БҚО филиалы атынан алғыс хатпен марапаттады.

Комиссия мүшесі А.С.Ниетова М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының жұмысы туралы, мониторинг және әлеуметтік зерттеулер бөлімінің жетекшісі П.А.Добряев университеттегі жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін тану мақсатында жүргізілетін әлеуметтік зерттеулердің нәтижесі туралы мәліметтер бер-



се, студенттік ректор Е.А.Асылханова студент жастар арасындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары жөнінде сөз қозғады.

Сыбайлас жемқорлық белсенділігінің алдын алу, оны бейтараптандыру, адалдықтың сатылмайтындығын көтермелеу арқылы жоғары оқу орны тіршілік әрекетінің барлық саласында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында университет ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия мүшелері жемісті жұмыс атқаруда және алдағы уақытта да өз қызметін жалғастырады деп сенеміз.

Өз тілшіміз

«Боламын ақын Қасым әлі де мен»

Қасым ақынға арналған жыр кеші

Университетімізде ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында бірқатар айтулы шаралар өтуде. Соның бірі көрнекті ақын Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Боламын ақын Қасым әлі де мен!» атты әдеби-сазды кеші болды. Елдің мерейлі мерекесімен тұспа-тұс келген ақын тойы республика көлемінде тойланып өтті және әлі де жалғасуда.

Дауылпаз ақын, кемел жырдың иесі Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойын атап өту, ақын өлеңдерінің халқымыздың рухани дамуында алар орны зор екендігін өлеңімен өмірін өрнектей отырып, артына өшпес мол мұра қалдырған талант иесінің өмірі мен шығармашылығын жастардың бойына сіңіру мақсатында БҚМУ Ғылыми кітапханасы мен «Қазақ филологиясы» кафедрасының бірлесуімен ұйымдастырылған әдеби-сазды кеште ақын туралы естеліктер айтылып, төл туындыларынан үзінділер оқылды.

Өзге емес, өзім айтам өз жайымды, Жүрегім жалын атқан сөз дайында. Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді Тербетіп тулатып бір қозғайын да... Аманжол Рахымжанның Қасымымын, Мен қалған бір атаның ғасырымын. Біреуге жұртта қалған жасығымын, Біреуге аспандағы асылымын, - деп жырлаған ақиық ақын алғашқы өлеңдерін Семей қаласында жазған. Олар қабырға газетіне ғана басылып жүрген. Сондықтан 1930 жылдарға дейін жазылған өлеңдерінің көбі сақталмаған. Отызыншы жылдары жазылған өлеңдері өзі қызмет еткен «Лениншіл жас», «Қызыл өскер» және «Пионер» газеттерінде жарияланған. Қасым Аманжоловтың ақын, азамат болып қалыптасуына Орал қаласы үлкен әсер етті. Осы қалада ол махаббат, жастық жырларын жазды. 1935 жылы өскер қызметінен босағасын, Оралдың театр группасын ұйымдастырып, өзі көркем басқарушы болады. Бұл группа тез өсіп, аз уақыт ішінде театр болып құрылды. Осы кездері Қасымның ақындық, әншілік, әртістік таланты жұртшылыққа танылды. Қасымның ақындық құдіретін танытатын қуатты жыр шумақтарынан бөлім студенттері нақышына келтіріп үзінділер оқып, бірінші

курс студенттері Азамат Базарбаев пен Әділет Орынбасаров ақынға арналған арнау өлеңдерін оқып, әдеби кештің сәнін келтірді. Қасым ақынның өмірі мен шығармашылығы, Оралда өткен күндері, осы қалада туған өлеңдері жайлы қазақ филологиясы кафедрасының профессоры Серікқали Шарабасов пен филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зейнолла Мүтиев сынды ғалымдарымыз ақын туралы естелік әңгімелерімен тыңдаушыларды тәтті қылды.

Ақын ағамыздың әндеріне жазылған әуезді өлеңдері тыңдаушы құлағының құрышын қандыратыны анық. Бірнеше жыл өтсе де көркемдік қуатын жоғалтпаған ақынның сырлы әндерін қазақ филологиясы кафедрасының оқытушы-ғалымдары Серікқали Шарабасов пен Ағзия Ниязғалиева екі дауыста шырқап, тыңдаушы студенттер қауымын тағы бір қуанышқа бөледі. Ғылыми кітапхана директоры Тотықұс Еркінқызы «Қазақтың біртуар Қасымы» атты көрмемен таныстырып, ғылыми кітапхана қорындағы Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеу еңбектері, таңдамалы шығармаларыларымен толықтай танысуға, оқуға шақырса, кітапхана директорының орынбасары Назгүл Асылбекқызы «Қасым Аманжолов» сайтындағы барлық ақпараттармен қалай танысуға болатынына және он-лайн түрде портал жұмысына тоқталды. Жыр кеші өмірден ерте кеткенімен, Қасым Аманжоловтың мәңгі жасайтын асыл жырлары қалғанын, сол жырлары арқылы ақынның аты өшпейтінін, халықтың сүйікті ақынының жарқын бейнесі ел жүрегінде мәңгі сақталатындығының тағы бір дәлеліндей болды.

Рұта СҰЛТАНҒАЛИЕВА, БҚМУ баспасөз хатшысы

Әһһһ 1 01һк

✦ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Астана қаласында V Республикалық азаматтық форум болып өтті. Аталмыш шараны ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен Қазақстан Азаматтық Альянсы ұйымдастырған болатын. Аталмыш форумға университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімінің жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты С.М.Физатов және «Сәндік-қолданбалы өнер және кәсіби білім» кафедрасының оқытушысы, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Қ.Н.Мәдір қатысып қайтты.

Оқытушы С.М.Физатов ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың қабылдауында болып, қазіргі кезеңдегі ғылымның дамуы жайында ой бөлісті. Университет қызметкері қойған сауалдар ғылым кандидаттарының болашағы, жастарды ғылымға тарту мәселелеріне қатысты еді. Министр мырза білім және ғылым саласына қатысты жүргізіліп жатырған реформалардың мән-маңызын ашып көрсетіп, алдағы жоспарлармен де таныстырып өтті.

✦ «Бай-Барыс» интеллектуалдық клубы қоғамдық бірлестігі ҚР Парламенті мәжілісі депутаттарының қолдауымен ағымдағы жылдың 22-25 қазан күндері Көкшетау және Астана қалаларында Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Тәуелсіз Қазақстан - менің Отаным!» атты республикалық жастар форумы өткізілді.

Тәуелсіздігімізді қастерлеуге, отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу мақсатында өткен форумға филология факультетінің студенттік деканы, 2-курс студенті Фатима Ахметжанова қатысып келді.

Форум аясында еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған «қазақстандық қоғамды біріктіру: жастардың көзқарасы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция қазақстандық құндылықтарының нығаюына, азаматтылықтың қалыптасып дамуына, жастардың кәсіпқойлығы мен олардың әлеуетін жүзеге асыруды көздеді.

✦ Бактыгереева Улданай Максотовна (доктор филологических наук, профессор, Российский университет дружбы народов, г.Москва) в рамках международной научно-практической конференции «Академическая мобильность в вузах Республики Казахстан: опыт и перспективы» провела мастер-классы на филологическом факультете.

«Российский университет дружбы народов много лет сотрудничает с ЗКГУ им.М.Утемисова, и на протяжении всего этого периода российская профессура не перестает удивляться особой энергетике магистрантов ЗКГУ им.М.Утемисова.

Поистине, интерес к научным познаниям, стремление докопаться до сути, выполнить программу стажировки или обучения, добросовестность в отношении ко всему – это отличительные особенности казахстанцев. Мы надеемся, что эту оценку новое поколение магистрантов будет и впредь оправдывать, а наши вузы не только укрепят свои связи, но и расширят направления взаимовыгодного сотрудничества», - так высказала свои пожелания Бактыгереева Улданай.

✦ В рамках реализации одного из направлений Болонского процесса - академической мобильности, кафедрой педагогики и психологии на 2011-2012 учебный год для проведения занятий с магистрантами специальности «педагогика и психология», «психология» «ПМНО» был приглашен кандидат психологических наук, доцент, заведующий кафедрой педагогической психологии Ивановского государственного университета Турчин Анатолий Степанович (г.Иваново, Россия).

В период проведения международной научно-практической конференции, в которой участвовал Турчин А.С., были проведены встречи с преподавателями педагогического факультета, а также мастер-класс для преподавателей ЗКГУ им. М.Утемисова, учителей города и магистрантов специальности «психология», «педагогика и психология».

По итогам встречи были определены основные направления работы дальнейшего сотрудничества: обмен студентами и преподавателями между вузами, выпуск совместного научно-методического журнала, выпуск совместных учебно-методических пособий по проблемам воспитания, обучения, психологии обучения и социальной педагогике.

На сегодняшний день 5 магистрантов специальности «психология» проходят стажировку в Российском университете дружбы народов (г. Москва). Планируется встреча с Турчиным А.С. для получения консультации по выполнению магистерских диссертаций.

✦ ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай БҚМУ бастауыш партия ұйымына 20 мүше қабылданды. Бұл шараға университет ректоры А.С.Иманғалиев, БҚМУ бастауыш партия ұйымының төрағасы М.Исатаев, партия мүшелері және «Нұр Отан» ХДП БҚО филиалы төрағасының I орынбасары К.Ө.Нығмет, «Нұр Отан» ХДП қалалық филиалы төрағасының I орынбасары А.Сарқұлов қатысты. Партия мүшелеріне партиялық билет табыс етілді.

✦ 10 қараша күні Қажым Жұмалиев атындағы әдеби бірлестіктің ұйымдастыруымен қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде ақын Сағынғали Дүйсенғалиұлы Сейітовтың туғанына 95 жыл толуына байланысты әдеби кеш болып өтті. Кешке А.С.Пушкин атындағы мұражай директоры С.Е.Танабаева, университет оқытушылары мен студенттері қатысты. Әдеби кеште лирик ақын С. Сейітов шығармашылық жолы тыңдалып, өлеңдері оқылды. Халықтар достығы, туысқан ұлттар ынтымағы, майдандағы ерлік пен өрлік, бейбіт күннің берекесі жайында қалам тербеген ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кеш көрермен қауымға жақсы әсер қалдырды.

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында М. Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде бірқатар маңызды танымдық, тәрбиелік, мерекелік шаралар өтуде. Қасиетті мерекені ұлықтау – әрбір қазақ баласының парызы болса, тәуелсіздік мерекесіне орай университетімізде Ақұштап Бақтыгереева атындағы «Ақындар мектебі» дәрісханасының ашылуы мерекелік шараға шашу болды.

Ақ шағала ақын атында дәрісхана ашылды

Ақындар мектебі дәрісханасының ашылуы рухани өміріміздің жүректе жарқын із қалдырар әдемі бір көрінісінің куәсі болды.

БҚМУ-дағы ақындар мектебі дәрісханасына Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған Ақұштап Бақтыгереева аты берілді. А. Бақтыгереева - атамекен Ақ Жайықтан түлеп ұшып, поэзия көгінде қалықтап жүрген қастерлі есімдер Тайыр, Жұбан, Қадыр ағаларымыздың ақындық қуатын, азаматтық үнін, туған жер топырағын танытар мақамын өзіндік өлең өрнектерімен байыта жырлап келе жатқан қазақ поэзиясының мақтан тұтар аяулы қыздарының бірі.

Қарындасты қастерлеп, өнеріне ақ жол тілеудің атам қазақтан жалғасып келе жатқан дәстүр сабақтастығын аға буын ісімен дәлелдеп өткендігі көңіл қуантады. Ақұштап Бақтыгерееваны ақын ағасы Қадыр Мырза Әлі: «Ақ қыз, ақ ана, ақ әже» десе, абыз Әбіш Кекілбаев ақынды «Айдында жүзген ақ желкенге» теңейді. Майдангер ақын Сағынғали Сейітов «Ақ Жайықты жырлаған жайсаң жүрек», «Сайрай бер, сандуғашым, сахараның» деп батасын береді. Ақын тақырыбының аясы өте кең, бірақ осыларды тоғыстырып тұрған туған жер құдіреті.

Тынбасын, сірә, жырлаудан

Туған жер – анам айналған.

Депутатыңмын туғаннан,

Дауыссыз, даусыз сайланған, - деген жолдар

туған жердің туы биік болсын деген жүрек толғанысынан ғана туатын жыр жолдары екендігі мәлім.

Университет ректоры, академик Иманғалиев Асхат Сәлімұлы ақындар мектебі дәрісханасының ашылу салтанатында дәрісхана лентасын ақын апамен бірге қиып, ақындар мектебінің алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Асхат Сәлімұлы: Ақұштап Бақтыгереева толғаныстарындағы «Ана болу – әдебиеттің мәңгі тақырыбы» немесе «Ел басқарам, ұлтыма қызмет етем деп ұмтылатын ұл тумасақ, ұлтымыздың өлгені» деп келетін тіркестер ұлтын шын сүйген тұлғаның мазмұнды ойларға толы маржан сөздерінің қатарын толықтырса керек.

Ақындар мектебі дәрісханасының ашылуы – студенттерімізге қосымша міндеттер жүктейді. Университетіміздегі «Ар-намыс кодексіне» – «Қазақ қызы» деген бір кодекс тармағы қосылады. Қорытындылай айтсақ, «Бесігіңді түзе» деген Мұхтар аға сөзіне, жас өрен! Сіздер, ақындар мектебінен тәлім алып, білім ордасында тұлға болып қалыптасып, қазақ елінің баянды ғұмыр

кешуіне бар күш жігерлеріңді жұмсаңыздар демекпін. Ақұштап Бақтыгереева атындағы ақындар мектебі жанам деген жүректерге от беретін құтты орынға айналсын деген ақ тілегін білдірді.

Салтанатты шараға ақынның ізбасар сіңлілері, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Шыңғыс Мұқан, облыстық мәслихат хатшысы Мәлік Құлшар және ЖОО оқытушылары мен ардагер ұстаздар, студенттер қатысты.

Мерекелік шарада сөз алған Ақұштап апамыз егемен



елдің еңселі ұрпағына жүрекжарды тілегін жолдады. Қарағөз қыздарымызға қазақ қызы деген атқа лайық болып, тәлімді, тәрбиелі, ибалы да инабатты болыңыздар. Поэзияны жүрекпен сүйіңіздер, жүрекпен тыңдаңызар. Қыз тәрбиесі, бұл – ұрпақ тәрбиесі. Осы жауапкершілікті үнемі сезініп жүруге тиіссіңдер деген тілек айтып, жыр шашуын жолдады.

Туған жердің, елдің, ұлттың туы биік болсын деген жүрек толғанысынан ғана туатын жыр жазатын ақындар мектебінің жас өрендері көп болсын деген тілек білдіреміз.

Puma СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
БҚМУ баспасөз хатшысы

■ Наш юбиляр

Держать высокую планку!

«Сегодня мы чествуем добросовестного честного работника образования - **Николая Сергеевича Жигалина**, и я не по обязанности, а по зову Души нахожусь здесь со всеми, кто пришел поздравить юбиляра. Это очень порядочный, интеллигентный человек, который по-настоящему делал историю нашего университета. Действительно, нынешнее поколение сотрудников и студентов вуза воспринимают историю университета через призму личности Николая Сергеевича»,- отметил в своем поздравлении ректор вуза, академик Асхат Салимович Иманғалиев:

Асхат Салимович вручил юбиляру Благодарственное письмо и поздравительный адрес от коллектива ЗКГУ им.М.Утемисова.

Со словами благодарности в адрес своего наставника от педагогической общественности города обратилась заведующая кафедрой областного института повышения квалификации Колесова Людмила Геннадьевна: «Свет и тепло Николая Сергеевича мы всегда ощущали через его жесты – его руки выполняли смысловую нагрузку. Он всегда и во всем держит высокую духовно-нравственную планку».

Николай Сергеевич – Король Синтаксиса, уроки его – настоящие академические лекции. Пусть рядом с корифеем лингвистики, рядом с Вами, дорогой Николай Сергеевич, находится большая плеяда Ваших студентов,- пожелала



Учителю выпускница Николай Сергеевича – Заварзина Наталья Николаевна, учитель СШ№7. Своего «беспокойного» коллегу поздравили деканы факультетов ЗКГУ, руководители кафедр, профсоюзный комитет вуза, магистранты и студенты Николая Сергеевича.

Доброго Вам здоровья, семейного благополучия и творческого подъема на долгие годы, дорогой наш Николай Сергеевич!

Соб. инф.

ТИІМДІ ІССАПАР

2011 жылғы қараша айының 22-23-і күндері Ақтөбе қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің арнайы шақыртуымен университетіміздің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, педагогика факультетінің деканы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы Ақтөбе қаласында болып, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін дамытудың теориялық және практикалық мәселелері» тақырыбындағы аймақтық ғылыми-әдістемелік семинарына қатысты.

Ақтөбе қаласының мемлекеттік мекемелерінің қызметшілері, жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдері қатысқан семинар барысында профессор А.С. Қыдыршаев «Мемлекеттік қызметшілердің тілдік қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру аспектілері» тақырыбында баяндама жасап, «Кәсіби іскери маманның ауызша сөйлеу арқылы әсер ету моделі» (Риторика негізі, шешен сөйлеу заңдылықтары бойынша) тақырыбында шеберлік класын өткізді. Ақтөбе қаласының №40 қазақ орта мектебінде мемлекеттік

қызметшілер мен мұғалімдердің қатысуымен «Дамыған тіл мәдениеті - зиялы ұлттың әлеуеті» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, тіл мәдениеті, тілдік нормалар, шешен сөйлеу заңдылықтары, тілді оқытудың коммуникативті технологиясы, қазақ тілін оқытуда озық технологияларды пайдалану тәжірибесі (орта мектеп, ЖОО, ересектерге арналған медиа-сабақтар жобасы), қазақ тілін оқытудың лингвомәдени технологиясы мәселелері тілге тиек болды. Аталмыш семинар түйіні ретінде 100-ден аса қатысушыларға арнайы әзірленген сертификат табыс етілді.

Ғылыми-әдістемелік семинар жұмысының алғашқы күні жиынға Ақтөбе қаласының әкімі Әбдібеков Нұрмұхамбет Қанапияұлы қатысып, шақырылған ғалымдарды арнайы қабылдап, шын жүректен алғысын білдірді.

Сондай-ақ, семинар күндері профессор А.А.Қыдыршаев аталмыш мектептің директоры Сақауова Әлима Закарияқызының өтінішімен жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, мектептің «Жас өркен» газетінің тілшілерімен сұхбаттасып, университет пен мектепаралық байланысты қалыптастыру мақсатында электронды пошталарымен алмасты.

Өз тіліміз



Р
К
Е
Н

№ 13 (870) қараша 2011 жыл

3



Журналист деген кім? Әрине, бұл сұрақтың жауабы сан қырлы. Біреулер журналист деген - бойына халқының мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен ғылымын қатар жинақтаған мамандық иесі десе, енді біреулері - бойында жазуға деген дарыны бар, ең алдыңғы қатарға халық мүддесін қоятын ел жанашыры деген анықтама береді. Аталғандардың барлығы да журналист мамандығының болмысын ашып көрсетіп тұр десек қателескеніміз болмас. Жаһандану заманында журналист мамандығына деген сұраныс күшейіп, оның қоғамдағы рөлі артуда. «Журналистер - төртінші билік өкілдері» деген сөз текке айтылмаса керек. Олай болса, қазіргі қоғамға ойын ашық айта алатын, өз сөзін дәлелдей білетін, өз мүддесінен гөрі халық мүддесін алға қоятын ұлтжанды журналистер қажет.

Осындай мақсатпен ағымдағы жылдың 2-4 қараша күндері Алматы қаласында Халықаралық Бизнес Академиясының ұйымдастыруымен «Қазақстан Сорос Қорының» қолдауымен ІІ Ұлттық студенттік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің форумы болып өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінде студенттік бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек ететін жастардың басын қосып, олардың кәсіби шеберліктерін шыңдау, араларындағы қарым-қатынасты нығайту және тәжірибе

Алматыда жас журналистердің форумы болып өтті

алмасу мақсатында ұйымдастырылған форум жұмысына еліміздің 18 жоғары оқу орнынан студенттік газеттердің өкілдері қатысты.

Студенттік БАҚ форумы - бұл журналист мамандығын таңдаған, еңбек жолдарын жаңадан бастап келе жатқан жастардың білімін жетілдіріп, жоғары оқу орындарындағы басылымдарда кездесетін өзекті мәселелердің шешу жолдарын іздестіру бағытында қажетті кеңестер алып, студенттік басылымдардың болашақтағы жоспарларымен танысу. Шара бағдарламасы бойынша қазақстандық танымал журналистермен кездесулер, шеберлік кластары, тренингтер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Үш күнге созылған форум жоғары оқу орындарындағы студенттік БАҚ өкілдерінің өз газеттерін таныстыруымен басталды. Барлығы газеттерінің шығу тарихы, онда қызмет ететін редакция құрамы, газет таралымы, оның құрылысы, яғни күнделікті және жаңартылып отыратын айдарлары, болашақтағы жоспарлары және қаржыландырылуы жөнінде мәлімет беретін презентация ұсынды. Форум аясында үздік жұмыстар таңдалып, арнайы номинацияларға ие болды. Бұлар: «Үздік газет», «Үздік интервью», «Қазақ тіліндегі үздік репортаж», «Орыс тіліндегі үздік репортаж», «Ағылшын тіліндегі үздік репортаж», «Үздік фото-репортаж», «Әлеуметтік тақырыптағы үздік мақала», «Еркін тақырыптағы үздік мақала» және «Резонанс» номинациялары. Аталмыш форумға университеттің «Өркен» газетінің тілшісі ретінде қатысып, «Қазақ тіліндегі үздік репортаж» номинациясын жеңіп алдым. Әрине, төрт жыл бойы атқарған еңбегім нәтижесін беріп жатса, бұл сенің еңбегіңнің бағаланғаны деп білесің. Форумға



қатысып, университетішілік «Өркен» газетінің намысын қорғағаныма қуаныштымын, бұл тек менің ғана жеңісім емес, маған үміт артқан университет басшылығы мен редакция ұжымының жеңісі деп есептеймін.



Форум ұйымдастырушылары көздеген мақсаттарына жетті, өйткені форумның жабылу салтанатында барлығы форумнан алған әсерлерімен бөлісіп, өз ризашылықтарын білдіріп жатты. Сондықтан қызығы мен қиындығы қатар жүретін журналист мамандығына деген құрмет тек қана бұл форуммен шектеліп қалмайды деген ойдамын.

Мейрамгүл СРАЛИЕВА

2011 жылдың 3 қараша күні Астана қаласындағы Тәуелсіздік сарайында «Білім беру жүйесін ақпараттандыру» атты V Халықаралық Форум өтті.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН АҚПАРАТТАНДЫРУ ФОРУМЫ



Форум жұмысына Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұлов пен Байланыс және ақпарат министрі А.К.Жұмағалиев, сондай-ақ шетелдердің білім беру мекемелерінің өкілдері, техникалық және кәсіптік білім беру мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру өкілдері, ҚР БҒМ ұйымдарының ішкі ведомстволарының өкілдері, сондай-ақ IT-бірлестіктері мен (Microsoft, Hewlett-Packard, Қазақтелеком бірлестіктері, «Логиком» АҚ, SIVCO, Доктор WEB, KATEV, Intel, «Интерактив-Қазақстан» ЖШС және «Интера» ЖШС) үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатынасты.

Форумда білім берудің барлық деңгейлерін ақпараттандыруды дамытудың жағдайлары мен болашағын бейнелейтін цифрлық баяндама ұсынылды.

Білім берудегі ақпараттық технологиялар

бойынша ЮНЕСКО институты директорының орынбасары А.В.Хорошиловтың, А.И.Герцен атындағы РМПУ-нің ақпараттық технологиялар факультетінің деканы, Т.Н.Носкованың, «ТОJDE» журналының бас редакторы, Анадолу Түрік университетінің профессоры, У. Демирейдің сөйлеген сөздері ерекше ықыласқа ие болды.

Форум ауқымында мектепке дейінгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім беру жүйесіне дағдыландыру сипатындағы қолданбалы компьютерлік бағдарламалардың көрмесі ұйымдастырылды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қызметкерлері Д.Г.Габдуллаев «Антиплагиат» автоматтандырылған жүйесі, Н.А.Жүсіпқали виртуалды турлар жайында шеберлік-сыныбын өткізгендері үшін дипломмен марапатталды. Біздің өнімдерге Қазақстандағы жоғары оқу орындарының өкілдері, форумды ұйымдастырушылар мен қонақтары қызығушылық танытты, сәйкесінше, бұл – бағдарламалық өнімдер сапа көрсеткішінің, IT-қызметкерлері біліктілігінің жоғары екендігін көрсетеді.

Форум соңында білім беруде қазіргі заманғы сандық технологиялар трансферті саласындағы өзекті педагогикалық міндеттер сайланмасын жүргізу, сандық білім беру конвенітін даярлау, мұғалімдер мен оқытушыларды дайындау және білім беруде АҚТ-ды пайдалану, жетекші IT-бірлестіктермен - сандық технологиялар саласындағы брендiлермен халықаралық серіктестік, электронды оқыту жүйесінің инфрақұрылымын жетілдіру және т.б. жаңартудың жаңашылдық тегі ретінде ұсыныстар айтылды.

Қатысушылар білім беру үрдісі субъектілерінің өзара ақпараттық байланысу әрекеті ретінде оқытудың жаңа парадигмасын талқылауға бағытталған форумның өзектілігін растады. Форум қатысушыларының пікірі бойынша, жаңа парадигманы ұғыну Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Қазақстанда енгізілетін электронды оқыту жағдайларында, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын болады.

Алғыс хат

♦ 10 қараша күні университет басшылығы мен студенттерінің облыстық «Орал өңірі» қоғамдық-саяси газеті бас редакторының орынбасары Е.Ж.Қыстаубаев пен «Приуралье» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Р.Ғ.Сыиқовамен және газет журналистерімен кездесу болып өтті.

Кездесуді университет ректоры, академик А.С.Иманғалиев ашып, студенттерді келген қонақтармен таныстырып, құрметті қонақтардың алдында Халықаралық бизнес академиясы ұйымдастырған студенттік БАҚ ІІ ұлттық форумында «Қазақ тіліндегі ең үздік репортаж» номинациясындағы жеңісі үшін 1-курс магистранты М.Сралиеваға диплом табыс етті.

Кездесуде бүгінгі баспасөздің мақсат, міндеті, ондағы қозғалатын өзекті мәселелер, ашылған жаңа айдарлар туралы сөз болып, жас журналистер А.Мағзомов пен Г.Самойлина журналистік мамандықты таңдау себебін тоқталып, оның өзіндік ерекшеліктері жайлы айтып берді.

♦ С 9-го по 13-ое ноября в Алматы проходил последний семинар из серии республиканского методического семинара для преподавателей немецкого языка, организованный Гете-институтом. Семинар продолжался два года и собрал 22 участника из различных вузов Казахстана и Кыргызстана. Руководителями семинара явились известные в нашей стране и Германии методисты, авторы учебников и рабочих программ по преподаванию немецкого языка как иностранного и, в частности, как второго иностранного. Все участники семинара в течение двух лет готовили проекты, писали тесты, знакомились с многообразной методической литературой. Ведущие семинаров предоставили участникам самый современный методический материал и учебники. В рамках семинара обсуждались также общепедагогические проблемы, вопросы оснащения учебниками, разработки учебных планов, партнерство с вузами Германии. От нашего университета в работе семинара участвовали Барадосова М.Б. и магистр Дейнеко А.С.

Семинар также дал многое в плане будущего сотрудничества между казахстанскими вузами. Все участники выразили сердечную благодарность руководству Гете-Института и прежде всего языковому директору, г-же Сюзане Беккер за прекрасно организованный семинар.

♦ Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жанындағы «Заман» ЖҚБ ұйымдастыруымен халықаралық студенттер күніне орай «Шырқа гитара!» байқауы болып өтті. Қалалық жоғары және арнайы оқу орындары студенттері арасында өткен бұл байқаудан университетіміздің музыкалық білім мамандығының 1 курс студенті Данияр Рамазанов І орынды жеңіп алды.

♦ Бекітілген кестеге сәкес 2011 жылдың 12 қараша күні университет студенттері арасында «Ел бірлігі – тәуелсіздік тұғыры!» атты пікір-сайыс турнирі өткізілді.

Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты студент жастарды анықтап, ынталандыру, жастардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту, облыстық пікір-сайыс турнирінде университет намысын қорғайтын пікірсайысшыларды анықтау мақсатында өткізілген турнирге қазақ және орыс лигасы бойынша 11 команда қатысты. Қорытынды бойынша қазақ лигасында жүлделі ІІІ орынды «Жалын КЗ» (Е.Мырза, Ө.Орынбасаров), ІІ орынды «Ұлағат» (Г.Абдулова, Н.Оразғалиева), І орынды «Парасат» (Т.Ислямова, Т.Бердібай) командасы иемденді. «Үздік спикер» номинациясын Г.Абдулова жеңіп алса, «Үздік төреші» аталымына Н.Бисембиев лайық деп танылды. Орыс лигасы бойынша жүлделі ІІІ орынды «Фемида» (М.Нұрманов, А.Байжазықова), ІІ орын «Pride» (Т.Берсекенов, А.Мұстафа), І орынды «Инь Ян» (Н.Самарқанов, А.Жәутікова) командасы жеңіп алды. Орыс лигасы бойынша «Үздік спикер» номинациясын А.Жәутікова, «Үздік төреші» номинациясын Л.Балчугова жеңіп алды. Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлері және арнайы номинация иегерлері дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

♦ 15 қараша күні М. Өтемісов атындағы БҚМУ бөлімдері арасында халықаралық студенттер күні мерекесіне орай «Тәуелсіздікке - 20 жыл!» тақырыбында қазақша КТК фестивалі өткізілді. Фестиваль мақсаты - мемлекеттік тілде КТК ойынын дамыту, талантты жастарға қолдау көрсету, жастардың ой-шығармалық қабілетін дамыту болып табылады. Университеттің барлық бөлімдерінен қатысқан 12 команданың өнерлерін Қазақстан КВН одағы Орал филиалының директоры Ж.Т.Есенғалиев, М.Өтемісов атындағы БҚМУ мәдени-демалыс жұмысының жетекшісі М.Қ.Сүлейменов, Қазақстан КВН одағы Орал филиалының үздік ойыншысы Т.Е.Зұлхатов, БҚМУ Студенттік ректоры Е.А.Асылханова, БҚМУ Студенттер кәсіподағының төрайымы А.Т.Перғалиева бағалап, үздіктерді анықтады. Қазылар алқасының қорытындысы бойынша үздік ойыншылар марапатталып, 6 команда сәуір айында өткізілетін финалдық ойынға жолдама алды.

♦ 17 қараша халықаралық студенттер мерекесі биылғы жылы да өз жалғасын тауып, университет көлемінде аталып өтті. Мерекеге орай студенттік апталық аясында «БҚМУ дарабозы - 2011» интеллектуалдық сайысы болып өтті. «БҚМУ дарабозы - 2011» интеллектуалдық сайысына университеттегі барлық бөлімнің студенттері және БҚМУ колледжі оқушылары белсене қатысты. Студент жастарды өз елінің, университетінің тарихын жете білуге, тәуелсіздік жолында түрлі жылдарда азаттық үшін күрескен қоғам қайраткерлерінің өмірімен танысу болу - сайыс мақсаты болатын. Аталмыш шарада өзгеден оза шауып, ұтқыр ойымен көзге көрінген тарих мамандығының 1 курс студенті Ернұр Аяпбергенұлы «БҚМУ дарабозы» деп анықталды.

♦ 23 қараша күні Астана қаласында өл Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізілген «Үздік кәсіподақ көшбасшысы - 2011» І республикалық байқауында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың кәсіподақ төрағасы Даупаев Марат Оразалыұлы облыс намысын қорғаған болатын. Кәсіподақ төрағасы Марат Оразалыұлы жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие және қоғамдық жұмысты атқаруда жеткен жетістіктері үшін деген мәтінмен алғыс хат пен мадақтамаға, белсенді қатысқаны үшін арнайы сертификатқа ие болды.



Р
К
Ә
Н

№ 13 (870) қараша 2011 жыл

5

ПАМЯТИ КОЛЛЕГИ



11 ноября 2011 года ушла из жизни кандидат физико-математических наук, профессор Мырнина Наталья Владимировна. Ей не было 55 лет. Наша боль безмерна. С нами не стало замечательного человека, ученого, педагога высочайшей квалификации. Наталья Владимировна окончила с отличием Уральский педагогический институт имени А.С. Пушкина (ныне ЗКГУ им.М.Утемисова), аспирантуру Академии наук СССР и более 30 лет работала в родном университете. Ее многолетние научные исследования в области физики космических лучей и межпланетного пространства внесли большой вклад в мировую науку.

Как педагог Наталья Владимировна глубоко осознавала необходимость вхождения РК в мировое

образовательное пространство, и связанное с этим введение кредитной системы обучения с использованием новых образовательных технологий. Наталья Владимировна разрабатывала УМКД, электронные учебники, внедряла современные технологии организации самостоятельной работы студентов.

Уход из жизни замечательного педагога в расцвете творческих сил - невосполнимая утрата для ее семьи, родных и близких, для студентов и магистрантов. Они не услышат замечательных лекций Натальи Владимировны, не проведут под ее руководством тематических конференций, не подготовят под ее руководством курсовых, дипломных и диссертационных работ. У них не будет возможности услышать ее ровный голос, доверить ей свои учебные и жизненные проблемы и получить помощь. Мамой с большой буквы, лицом факультета называла ее молодежь.

Светлая память о Наталье Владимировне Мырниковой, человеку большой души и чистого сердца, которое было открыто для всех. Добрая память о ней в умах и сердцах всех, кто знал, любил и уважал ее.

*Коллектив кафедры физики и математики
ЗКГУ им. М. Утемисова.*

10 ноября студенты и преподаватели нашего университета встретились за Круглым столом с коллективом редакции областных газет...

Найти своего читателя....

«Примечательно, что большой и серьезный диалог двух мощных идеологических партнеров - университета и СМИ - состоялся в контексте таких значимых событий, как 20-летие Независимости Казахстана, 93-летие областных изданий и 80-летия ЗКГУ им.М.Утемисова», - отметил в своем приветствии ректор вуза, академик Имангалиев А.С.

Лейтмотивом этой встречи можно считать реплику замредактора «Орал өңірі» Кыстаубаева Е.Ж.: «Вместе мы сможем внести достойную лепту в расцвет нашего государства»...

Роза Габдикадыровна, главный редактор «Приуралья», с теплом вспомнила годы своего студенчества в стенах нашего университета, поскольку Уральский педагогический институт окончила не только она, но и вся ее семья, их отец. И как оказалось, вторая ее семья – редакция газеты «Приуралье» - тоже на 90% состоит из выпускников ЗКГУ им.М.Утемисова. Именно поэтому встреча с коллективом университета особенно значима для газеты. Секреты журналистского мастерства, основные направления работы, поиск своего читателя, а затем и корреспондента – это и стало содержанием беседы редакторов и молодежи университета. Подходящая большие надежды

журналист «Приуралья» Галина Самойлова, выпускница ЗКГУ 2009г., тоже рассказала о своем профессиональном становлении. «Было много вариантов жизненного пути (и наука, и учительство), но жажда быть с людьми, в гуще событий, слышать голос улицы – все это привело меня в самую старейшую и авторитетную газету нашего края - «Приуралье», - призналась студентам Галина.

О новых молодежных проектах газеты: студенческой страничке, где будут освещаться достижения студентов, проблемы студенческих семей, молодежных объединений, взаимодействие вуза и иностранных партнеров, трудоустройство молодежи и т.д., рассказала корреспондент Миргуль Сармулдина.

«Нам бы хотелось на базе студенческой газеты ЗКГУ организовать корреспондентский пункт «Приуралья», - резюмировала выступления журналистов Роза Габдикадыровна.

Так что, уважаемые студенты ЗКГУ, дерзайте! Вас может услышать не только Alma mater, но и вся Западно-Казахстанская область: телефоны корреспондентов газеты – 512581, 504047, e-mail: pri_ru@mail.ru.

Соб. инф.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ - басты мәселе

Егемен еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай педагогика факультетінде оқытушы, тарих ғылымдарының докторы Мұхамбетқалиев Хайырлы Салықұлының ұйымдастыруымен «Патриоттық тәрбие арқылы сенімді қорғаныс негізінде қол жеткізген Тәуелсіздік!» тақырыбында ерлік сабағы өтті.



Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін оқу орындарына қойылатын талап – тәуелсіз еліміздің азаматын тәрбиелеу, жастардың ұлттық сана-сезімін ояту, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік көзқарастарын қалыптастыру. Ал ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы – ұлттық қадір-қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту, жастарды Отанды сүюге тәрбиелеу.

«Қазіргі таңда мемлекет бірінші орында жастармен жұмыс атқарудың күрделі істе қызығушылығын танытуда. Жаңа ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбиелеудің орны ерекше» деп ел Президенті Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей, осы мақсатта егемен еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай педагогика факультетінде оқытушы, тарих ғылымдарының докторы Мұхамбетқалиев Хайырлы Салықұлының ұйымдастыруымен «Патриоттық тәрбие арқылы сенімді қорғаныс негізінде қол жеткізген

Ю.Кривенко, университеттің проректоры Т.М.Даришева, ардагер П.Р.Букаткин, факультет деканы А.С.Қыдыршаев және студенттер қауымы қатысты.

Елдің ішкі және сыртқы қызметінде қызмет атқарып жүрген ағалар студент жастар алдында мемлекеттік-құқықтық дайындықтың, тәуелсіз елдің ішкі және сыртқы саяси бағыттарын түсіндіріп, негізгі тақырыптарына орай дәріс оқыды. Сондай-ақ ержүрек батыр қызымыз М.Маметова жайындағы «Шығыс шолпаны» фильмі студенттер назарына ұсынылды.

Елдің елдігін дәріптейтін, ұлттың ұлылығын ұлағаттайтын ерлік сабағы, әсіресе жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде, елдің ертеңін ойлайтын жана-шыр азамат болып қалыптасуына және білікті ағалардан үлгі алуға бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі болып табылады.

★ 2011 жылдың 24 қарашасында Бөрлі ауданы Ақсай қаласында алғаш рет І Азаматтық форум болып өтті. Шара Бөрлі ауданы әкімшілігінің, жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың ұйымдастыруымен оздырылды. Бөрлі ауданының Азаматтық форумына М.Өтемісов атындағы БҚМУ ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімінің жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты С.М.Физзатов арнайы шақырылып, «Патриотизм және азаматтық борыш» тақырыбында баяндама жасады.

Форум жұмысына БҚО ішкі саясат басқармасының бөлім, аудандық ішкі саясат бөлімінің, аудандық мемлекеттік мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, мектептер өкілдері қатынасқан форумда университетіміздің маманы С.М.Физзатов жиылған халық алдында патриотизм, оның қазіргі жағдайы, мемлекеттің жүргізіп отырған оңды саясаты, нәтижелері жөнінде ой толғап, тәуелсіз еліміздің жастарын отансүйгіштікке шақырды. Сонымен қатар азаматтық борыш, оның азаматтық қоғам қалыптастырудағы маңызы жан-жақты талқыланды.

★ М.Өтемісов атындағы БҚМУ факультеттері және БҚМУ колледжі ұжымы университет ректоры Асхат Сәлімұлымен арнайы кездесіп, жиналыс өткізді.

Ағымдағы жылдың 31 қазаны мен 24 қараша аралығында белгіленген күндерге сәйкес мәдениет және өнер факультеті, педагогикалық факультеті, жаратылыстану-математикалық факультеті, филология, тарих және құқық факультеттері, БҚМУ колледжі оқытушыларымен және 12 қараша күні ректор А.С.Иманғалиев университет акт залында студент қауыммен кездесті. Жиынға университет басшылығы, ғалым-оқытушылар, мәдениет, өнер, спорт өкілдері қатысты. Әр факультет арнайы слайд жүйесімен факультет тарихымен таныстырып, оқу жылындағы жетістіктерін атап өтті. Жиында профессор-оқытушылар күн тәртібіндегі келелі мәселелер төңірегінде ректор Асхат Сәлімұлына сұрақтар қойып, өздерінің ұсыныс-тілектерін білдірді. Бүгінгі күні айтылып жүрген студенттердің жатақхана мәселесі, сабақ кестесінде кездесетін жағдайлар, кейбір оқу залдарында оқулықтардың қазақша нұсқасының жетіспейтіндігі, жаңа оқулықтардың қажеттігі және басқа да әлеуметтік мәселелер төңірегінде сауалдар жолданды. Ректор А.С.Иманғалиев айтулы мәселелердің алдағы уақытта шешілетіндігін айтып, оқытушы қауымының оқу жылында бірігіп жемісті жұмыс атқаруына, студенттердің оқуда үздік болуларына өз лебізін білдірді.

Сондай-ақ ақпараттық және білім беру технологиялары орталығының директоры Д.Г.Ғабдуллаев оқытушыларға алдағы уақытта ІТ орталығы мен БАҚ және баспа орталығының бас ғимаратта орын алатын заманауи үлгіде жасақталған жұмыс орындары жайында слайд арқылы таныстырды.

★ В Институте повышения квалификации при Казахском национальном университете им.Аль Фараби по поручению министра образования открыт Центр менеджмента для организации подготовки и переподготовки руководителей вузов.

Недавно в этом центре прошел семинар по программе «Менеджмент высшей школы», на который был приглашен директор центра ПК и ДО Ломоносов И.М. Программа семинара была разбита на четыре модуля. На семинаре обсуждались базовые принципы менеджмента высшей школы, инновационные механизмы, финансирование вузовского образования, новые подходы к образованию: организация, планирование, инновация, воспитательные работы в вузе, брэндинг вуза.

★ Оқу орнының «Дене тәрбиесі» кафедрасы кәсіби бағдар беру жұмысы бойынша Ақжайық ауданының «Бударин ОББМ, Абай атындағы ОББМ, №1 ОББМ, М.Әуезов атындағы ОББМ) және Зеленов ауданының (Батурин атындағы ОББМ – Янайкин ауылы, Көшім ОББМ, Мичурин ОББМ, Чувашин ОББМ, Егіндібұлақ ОББМ) жалпы білім беретін орта мектептерінде, сонымен қатар, қалалық №26 ОББМ, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжде болып қайтқан еді. Барлық мектеп оқушыларына БҚМУ-дың өткені мен бүгіні, жетістігі жайында шағын бейнебаян көрсетіліп, буклеттермен, танымдық ақпараттармен таныстырылды. Сауалнамалар таратылды. Оқушылардың арасында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да білім алуға талпыныс білдірген түлектер «Ашық есік» күніне қатысқысы келетіндерін жеткізді.

★ ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да «Ата заңым – тірегім!» атты дөңгелек үстел өткізілді. Бұл шараға БҚО ішкі істер департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасының инспекторы К.С.Қоспаев және университеттің құқықтық пәндер кафедрасының оқытушылары Ғ.Асылбекова, З.Ауелбаев баяндамаларын оқып, студенттерге толық мәлімет берді. Студенттер де өз ой-пікірлерін ортаға салды.

★ 24 қараша күні университет жатақханасы студенттерінің «Студенттер – аяулы ақ армандар!» атты 1 курс студенттеріне арналған жоғары курс студенттерінің ұйымдастыруымен танысу көші өткізілді. Кешке жатақхана коменданты В.А.Саяшкина және тәрбие бөлімінің психологы А.Жақсығалиева, студенттік ректор Е.Асылханова және студенттер қатысты. «Элита» бишілер тобы, музыкалық білім мамандығының 2 курс студенттері А.Қабиев, Н.Байнияз, шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс студенті А.Құлымбетовалар әсем әндерімен кеш көркін ашты. Облыстық, республикалық көлемде сайыстарға қатысып, өзіндік орын алып жүрген «Намыс» КВН командасы тамаша тарту сыйлады. Сондай-ақ жатақхана студенттерінің жатақхана өмірі жайында арнайы дайындаған бейнебаян жастар назарына ұсынылды. Танысу кешінде студенттерге университетте білім алуға барлық жағдайдың жасалғандығы, олардың өсіп-өркендеуі үшін университет басшылығының қолдайтындығы, соған бүгінгі күннің жаңа талапты жастары болуларына, еліміздің патриот жастары ретінде кейінгі ұрпаққа үлгі болуларына қатысушы қонақтар ізгі тілектерін білдірді.

★ М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранттары Мәскеу қаласындағы Ресей халықтар достығы университетінде 1-11 қараша аралығында «Управление знаниями, креативностью, инновациями в современном обществе» атты бағдарламасымен ғылыми ізденушіліктен өтті. Ізденушіліктің мақсаты ғылым мен техниканың жетістіктерімен, зерттеу әрекетіндегі және жоғары мектептің оқу процесіндегі жаңа әдістемелерді зерттеу арқылы жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту, көшбасшылық сапаларын, кәсіби мәдениетін, жеке шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге 28 қараша мен 11 желтоқсан аралығында гуманитарлық бағытта оқитын 1 курстың 21 магистранты «Актуальные вопросы современных гуманитарных наук» атты бағдарлама аясында тағылымдамадан өтуде.



Р
К
Е
Н

Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес «Батыс Қазақстан облысының жастар Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі дәстүрге айналған «Жыл үздігі – 2011» БҚО жастарының премиясы байқауын жариялаған болатын.

Жыл үздіктері анықталды

«Жыл үздігі» байқауы 2008 жылдан бері облысымыздағы мемлекеттік жастар саясатын кеңінен насихаттау және жүзеге асыру, облыс көлемінде жыл бойына жастар қозғалысының дамуына белсене араласып, әр салада өз кәсіби шеберлігін көрсеткен ел ертеңі деп сенген жастарды анықтау және марапаттау, болашаққа деген ынты-жігерін және елдің экономикалық, саяси, мәдени өміріне белсенділіктерін арттырып, жас буынның патриоттық сезімдерін нығайту мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып келеді

Биыл барша Қазақстан халқы үшін ерекше жыл—Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі. Тұғыры биік, берекесі мен ынтымағы жарасқан мемлекет мерекесін тойлау – жастар үшін де үлкен мақсат-міндет, зор мақтаныш болып отырғаны сөзсіз. Батыс Қазақстан облысында мемлекеттік жастар саясатын кеңінен насихаттау және жүзеге асыру, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орайлас 20 аталым бойынша облыс көлемінде осы жыл ішінде жастар қозғалысының дамуына, елдің саясаты мен қоғам өміріне белсене араласып, зор үлес қосқан көшбасшыларды, әр салада өз мамандығының шеберлерін анықтау

және марапаттау, дарынды жастарға қолдау көрсетуді мақсат еткен бұл байқаудың бүгінгі таңдағы маңызы ерекше. «Үздік жастар ұйымы», «Үздік жас көшбасшы», «Үздік студент», «Үздік жас тілші», «Үздік жас ғалым», «Үздік жас ұстаз», «Үздік жас спортшы», «Үздік жас денсаулық сақтау қызметкері», «Үздік жас мәдениет қызметкері», «Үздік жас тәртіп сақшысы», «Үздік жас әскери қызметкер», «Үздік жас мемлекеттік қызметкер», «Үздік жас ерікті», «Үздік жас суретші», «Үздік жас дизайнер/модельер», «Үздік жас ақын», «Үздік жас фотосуретші», «Үздік жас кәсіпкер», «Үздік жастар жобасы», «Үздік меценат» аталымдары бойынша облыстағы үздіктер анықталды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жас оқытушылары мен оқуда озат, ғылымда үздік, қоғамдық өмірде белсенді студент-жастар қатынасқан болатын. «Үздік жас көшбасшы» аталымы бойынша университеттің тәрбие ісі жөніндегі бөлім жетекшісі Мейрам Исатайұлы Исатаев, «Үздік жас ерікті» аталымын педагогика факультеті бастапқы әскери дайындық мамандығының 4 курс студенті Айтбаев Нұрбек, «Үздік жас дизайнер/модельер» аталымы бойынша мәдениет және өнер факультеті дизайн мамандығының

3 курс студенті Локтионов Михаил Александрович, «Үздік жас фотосуретші» аталымы бойынша мәдениет және өнер факультеті бейнелеу өнері және сызу мамандығының 2 курс студенті Махимов Әділхан Мерекеұлы дипломант атанды. «Үздік жас ғалым» аталымын университет оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, «БҚО Жас ғалымдар кеңесі» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Саялбек Махамбетұлы Ғиззатов, «Үздік жас суретші» аталымын университеттің оқытушысы, «Жазира Жайық» көрмесінің дәстүрлі қатысушысы Мэльс Отаров, «Үздік студент» аталымын филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курс студенті, студенттік ректор, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері Елдана Асылханқызы Асылханова иеленді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздар лауреат атанып қана қоймай, жеңімпаз кубогімен және де сандық фотоаппараттармен марапатталды. Салтанатты шара барысында әсем өндер шырқалып, «Нарын сазы», «Жас Нұр» фольклорлық халық-аспаптар, «Арна», «Наз» би ансамбльдері мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Өз тілшіміз

15 қараша күні университетімізде поэзия кеші өтті.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына және халықаралық студенттер мейрамына тарту етілген поэзия кешінде 60-қа жуық студент-жастар мен өңіріміздің айтулы ақындары өлеңдерін жатқа оқыды. Кешті ұйымдастырушы, қазақ филологиясы кафедрасының доценті Ұлдай Рысқалиқызы аталған шараның мән-мазмұнына тоқталып, «өз басым қамыққанда, дүниеден өткен асылдарымды сағынғанда тек қана өлеңмен сырласамын, ақын-жазушыларымыздың рухани дүниелері менің жан сарайымды аша түседі» деп ақын Ақұштап Бақтыгереева өлеңін оқумен кеш шымылдығын ашты. Жыр кешіне белгілі ақын-жазушылар Ақұштап Бақтыгереева,

Поэзия кеші

Ғайсағали Сейтақ, Мира Шүйіншәлиева, тележурналист Лұқпан Елеу, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымы, ақын Болатқали Төлебаев, суретші, БҚМУ доценті Қуандық Мәдір арнайы қонақ ретінде шақырылса, айтыс ақыны Шолпан Текебаева мен ардагер ұстаз Меруерт Жолдықайырова және қазақ филологиясы кафедрасының оқытушы-ғалымдары қатысты.

Кеш барысында Қадырдың, Мұқағалидың, Жарасқанның, Фаризаның, Ақұштап пен Жанғалидың, Ғайсағали мен Сағат Әбуғалиевтердің өлеңдерін жатқа оқу арқылы өрімдей жастар поэзияға деген құштарлықтарын анық байқатты.

Поэзия кешінің құрметті қонағы ақын Ақұштап Бақтыгереева өзінің он сегіз бен жиырмадағы махаббат, жастық жырларын оқыды. Ақын апамыз поэзияның құдіретін жанмен түсіну, ұғу керек екенін тілге тиек етті. Көрнекті ақын, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиев жайында тағылымды әңгімелерімен бөліскен ақын апамыз Жұбан жырларын да жатқа оқыды. Поэзия кешін қорытындылаған қазақ филологиясы кафедрасының доценті Ағзия Әділқызы поэзия кешіне қатысушыларға алғысын білдіріп, БҚМУ-дың бір топ студенттерін марапаттады. Жұлделі I орынды Жадыра Ерманова, II орынды Айнұр Ұябасова, III орынды Санат Кәрімовтер иеленді. Жыр оқыған жастарға Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Нұрлан Оразалиннің жыр жинақтары естелік ретінде табыс етілді. Жырдан ләззат сыйлаған жас өрендерді өлең өлкесіне қызықтырған тағылымды шара кеш қатысушыларын үлкен әсерге бөледі.

Рүмә СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
БҚМУ баспасөз хатшысы

Өңірімізде өрлеген жұлдыздар

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойына орай 13 қараша күні «Зенит» мәдениет сарайында М.Өтемісов атындағы БҚМУ мәдениет және өнер факультетінің мәдени-демалыс жұмысы мамандығының 4 курс студенті Күлім Гумарованың ұйымдастыруымен Орал өңірінің жас өнерпаздарын қолдау мақсатында «Өңірімізде өрлеген жұлдыздар» атты концерттік бағдарлама өткізілді.

Мерекелік шара шымылдығын республикалық, халықаралық байқаулардың лауреаты Марат Сарбөпеев ашып, жастарды мерекемен құттықтап, өз тілегін жолдады. Ән кешінде қаламыздың, облысымыздың гүлденуіне өз үлестерін қосып жүрген университетіміздің түлектері Бақытжан Орақаев, Данияр Рахметжанов пен Аманат Рзағалиевтер бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылдық мерейтойымен құттықтап, әсем өндерін тарту етті. Оқу ордамызда білім алып, өнер додасында өз орындарын алып жүрген өнерпаз жастарымыз Азат Қабиев, Гүлназ Құсайынова, «Шың», «Жас Нұр» және «Қорған» топтары, Айнара Айтқалиева, Гүлдана Оразалиева, Әмірхан Баймағанбетов, Әйгерім Сүлейменова, Данияр Рамазанов және басқа да жастар көрермендер көңіліне қуаныш сыйлады. Сондай-ақ «Мұхит мұралары» КТК командасы да



тамаша туындыларымен кеш көрерменін бір серпілтіп тастады.

Өнерімен тәнті еткен жас өнерпаздар кеші облыс мәдениетінің болашағы жарқын екендігіне сендіргендей.

Аппамыс ШАРИМОВ,
би және саз өнері бөлімінің
студенттік деканы

Студенттік кездер - ұмытылмас шақтарым!

Қараша айының он алтысы күні экономика және басқару факультетінде «Менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасының оқытушысы Шарафутдинова Ажар Нұрболатқызы мен 09406 «Маркетинг» тобының ұйымдастыруымен халықаралық студенттер күніне арналған «Студенттік кездер – ұмытылмас шақтарым!» атты кеш өткен болатын.

Кешке тәрбие ісі жөніндегі бөлім психологы А.С. Жақсығалиева, экономика және басқару факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары М.Ю. Жұмағалиева, «Менеджмент және кәсіпкерлік» кафедрасының оқытушылары мен студенттер қатысты. Ұйымдастырылған шарада студенттер өздерінің төрт жыл бойғы өмірлері жайында слайд дайындап, топ кураторы мен әр студенттің жетістіктерін атап көрсетті. Арнайы берілген ұтыс нөмірлері арқылы оқытушылар мен студенттер екі топқа бөлініп, тартымды жарыс көрсетті. Оқытушылар да, студенттер де өздерін жаңа бір қырларынан байқатты. Оқытушылардың студент кезіндегі қызықты естеліктері айтылды. Студент жастар болса, ертеңгі маман ретінде ұстаздар еңбегін ақтайтындықтарын жеткізді. Сайыста белсенді қатысушы Ринат Сырымбетов пен жеңімпаз топ арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталды. Жарыс барысында барлық қонақтар ұтыс сыйлықтарына ие болды. Кеш соңында куратор А. Шарафутдинова, тәрбие ісі жөніндегі бөлім психологы А.Жақсығалиева және С.М.Утешева барлық студенттер қауымын студенттер күнімен құттықтады.

Фируза ЖЕКСЕНҒАЛИЕВА,
маркетинг мамандығының 4 курс студенті

Ѓ ħŃ Ĺ' í Ĺ' ı ŏ Ř\$ ş ö ĺ ı ŏ ş ĺ БІРГЕ ҚАЛАЙМЫЗ!

Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Халқымызға ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Осыған орай 26 қараша күні тарих және құқық факультетінің құқықтық пәндер кафедрасы бойынша «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты интеллектуалдық сайыс өтті.

Сайысқа «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алып жатқан 1-3 курс студенттерінен құралған барлығы 6 команда қатысты («Жалын» - 08101 топ, «Заңғар» - 08102 топ, «Демократтар» - 08105 топ, «Теңдік» - 08201 топ, «Намыс» - 08202 топ, «Тәуелсіздік құрдастары»).

«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты интеллектуалдық сайыс №3 оқу ғимаратының акт залында өтті. Құқықтық пәндер кафедрасы меңгерушісінің м.а. Асильбекова Ғалия Әбдіқадырқызы оқытушылар мен студенттер қауымын, жанкүйерлерді еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойымен құттықтап, қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

Өздерін таныстыру, сұрақтарға жауап беру, қабырға газеттерін шығару, топ басшыларының өзара сынға түсуі секілді кезеңдерден тұрған сайыста қатысушылар өздерінің жан-жақты екендіктерін көрсете білді.

Нәтижесінде «Намыс» тобы I орынға, «Заңғар» тобы II орынға, «Демократтар» тобы III орынға ие болды.

Сондай-ақ интеллектуалдық сайысқа белсене қатысқаны үшін («Теңдік», «Тәуелсіздік құрдастары», «Жалын»

командалары), көрермендердің арасында өткізілген «Ойлан, тап!», «Кім тапқыр?» ойындарында логикалық сұрақтарға жылдам жауап беріп, тапқырлық көрсеткені үшін (Климова Лилия, Ғайса Бекасын), сүйікті командасына жанашыр жанкүйер болғаны үшін («Намыс» тобының жанкүйерлері) және осы сайысты ұйымдастыруға белсене қатысқаны үшін (құқықтану мамандығының 4 курс студенттері) мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды.

Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің орныға түсуі, ұлттық қауіпсіздігі, экономикамыздың жедел қарқынмен дами беруі, Қазақстан халқының өз болашағына деген берік сенімі, қазіргі замандағы өркениетті қауымдастық ортасында іргелі елге айналуы – стратегиялық негізгі бағыттарды құрайды және осыған қол жеткізу барысында жалынды жастардың үлесі зор болмақ! Жүлде жеңімпазын тапты және ұстаздар білімді де жігерлі студенттерінің барын мақтан ететініне сенім білдіреміз!

Гүлнәра ЕРҒАЛИЕВА,
құқықтану мамандығының
4 курс студенті



ЖАТ АҒЫМНАН САҚТАНАЙЫҚ

Р
К
Е
Н

Елдің елдігі баянды болуы, іргесінің сөгілмей, тұтастығының тарқамауы – сырттан келер қара ниеттегі күштерге қарсы төтеп бере алар ішкі бірлігінде. Дініне, тіліне, діліне берік елді ешбір жауда жеңіп аларлық күш те, айла да жоқ. Қазіргі күнде елімізде осы бір адам бойындағы туған жеріне, ана тіліне, дәстүрлі дініне деген сүйіспеншілікке толы асыл қасиеттерді жастардың бойына сіңіру мақсатында түрлі шаралар атқарылуда. Ата-бабадан бастауын алып, дәстүрмен астасқан, ұлттық бояуымызды бойына сақтаған, өзіміздің дәстүрлі дінімізді бұрмалап, жат ойға, жат қылыққа итермелер түрлі діни ағымдар толып бара жатқаны белгілі.

Жастарды осы бір жат ағымның жетегіне кетуден сақтау мақсатында университетіміздің «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының студенттерімен 18 қараша күні «Жат ағымнан сақтанайық» тақырыбында кездесу-семинар болып өтті. Семинарға «Жайық» деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығының төрайымы Шағатай Ләззат Ғинаятқызы, тарих ғылымдарының докторы, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті Нұрғалиева Ағила Мұстахымқызы, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы Шайхиев Тұрар Төлегенұлы, «Орал өңірі» облыстық газетінің тілшісі Серік Ықсанғалиұлы қатысып өз ой-пікірлерін ортаға салды. Қазіргі әлемді дүр сілкіндіріп, қауіп-қатер төндіріп отырған діни ағымдардың белгілері мен қоғамдағы бейнесі жайлы тарих ғылымдарының докторы Нұрғалиева Ағила Мұстахымқызы өз баяндамасында толық айтып өтті. Қылышы жылмыңдаған жат жаудан қорғанудың бір жолы ішкі темірдей орнаған тәртіп еді. Осыған орай елімізде «Діни ереккetter мен діни бірлестіктер туралы ҚР-ның жаңа Заңы» қабылданды. Бұл заңмен толығырақ семинарда Шайхиев Тұрар Төлегенұлы таныстырды. «Жайық» орталығының төрайымы Шағатай Ләззат Ғинаятқызы мен «Орал өңірі» газетінің тілшісі Серік Ықсанғалиұлы жастарға ой салар сөздерімен семинарды одан әрі жалғады. Кездесу соңында «Ағылшын тілін оқытудың теориясы мен практикасы кафедрасының» меңгерушісі Абуханова Алма Ғабдірахымқызы сөз алып семинарды қорытындылады.

Мұндай семинарлардың бүгінгі таңда жастарға қажет екенін сезініп, аға буынмен кездесу ұйымдастырып, кездесу-семинардың басы-қасында жүрген кафедралық жастардың аға оқытушысы, 03401 тобының жетекшісі Қасымова Индира Набиоллақызына айтар алғысымыз шексіз. Осы кездесуді ұйымдастыру арқылы жастарды жат ағымның жетегіне кетуден сақтануға көмек жасап, ақпарат берді. Мұндай шаралар әрі қарай өз жалғасын табады деген ойдамыз.

Құндыз ЖАЛҒАСБАЕВА,
03401-топ студенті

Азаттықтың жиырма жылдығына арналып және студенттер күніне орайластырылып университеттің «Серпін» жастар театры жазушы М.А.Булгаковтың «Мастер және Маргарита» қойылымын тарту етті.

«Серпін» театры тағы бір туындымен толықты

Қоюшы режиссеры – белгілі әртіс Жігер Мұрзалиев әртістерді таңдауда еш қателеспеген сыңайлы. Әрқайсысы өздеріне берілген рөлді айтарлықтай дәрежеде сомдады. Атап айтар болсақ, Иешуа Га-Ноцри бейнесін сомдаған Қадыр Құттыбаев, майталман шебер бейнесінде Мейрам Хабибуллин, Маргарита – Райса Мұрзалиева, Аннушка – Жұлдыз Балбақова, қара мысық – Асила Төреғалиева, күзетші – сақшы бейнесінде Эльдар Әубекеров, Мағжан Жұмағалиев және Құрманғазы атындағы саз колледжінен қызылөскер бейнесінде Жоламан Еркін, биші Мира Байдувалиева және Понтий Пилат бейнесін сомдаған Жалғас Мырзалиев.

Роман сатира, фарс, қиял-ғажайып, мистика, мелодрама, философиялық тәсіл жанрында жазылған. Сол замандағы қоғамда орын алатын әділетсіздік, адамдар теңдігі, жастар арасындағы махаббат желісі көрініс тапқан бұл қойылымнан жастар ерекше әсер алды. Университет ректоры Асхат Сәлімұлы қойылым

«Дүниені билейтін - пікір»

«Биыл - біз үшін ерекше жыл. Біз ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына қадам бастық. Бодан жұртты бүгінгідей бостан күнге жеткізген бұл жолда біз биік белестерді бағындырдық», - деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өту мақсатында 20 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Жас экономист» ЖҚБ-ның ұйымдастыруымен «Менің елім – Қазақстан!» атты облыстық пікір-сайыс турнирі өткізілді.



Аталмыш турнирге облысымыздың жоғары және арнаулы оқу орындарынан, яғни «Кәусар», «Грация», «Барыс», «Бірлік» - Жәңгір хан атындағы БҚАТУ командалары, «NO comments» - БҚИТУ командасы, «Ақиқат», «Жас қыран», «Азия» - М.Өтемісов атындағы БҚМУ командалары, жалпы саны пікір-сайыс ойынын шебер меңгерген 12 команда

қатысты. Пікір-сайыс ойындарына қара қылды қақ жарған Жақсығалиева Альфия (БҚМУ), Бертілеуова Лашын (БҚАТУ) және Қажығалиева Гүлдана (БҚИТУ) сияқты төрешілер төрелік етті.

Пікір-сайыс турнирі сан алуан тақырыптарды қамтыды. Атап айтсақ, мұнай өндірісінің ел дамуындағы орны, ауыл шаруашылығын дамыту жолдары,

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Қазақстан халқына Жолдауында «Дені сау ұлт үшін инфрақұрылымын дамытудың маңызы жоғары. Балалық шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы тиіс. 30%- ға дейінгі қазақстандықтар бұқаралық спортқа тартылуы керек» деп атап көрсеткен болатын. Осы мақсатта 16 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ спорт сарайында, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында халықаралық студенттер күніне орай «Шынықсаң, шымыр боларсың!» атты эстафеталық жарыс өткен болатын.

Шынықсаң, шымыр боларсың

Бұл эстафеталық жарысқа университетіміздің бірнеше командалары қатысып, өздерінің күш-жігерлерін көрсетті. Эстафеталық жарыстың ашылуына орай құттықтау сөз тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Түймеш Малбағарқызы Даришеваға және «Ақжайық» спорт клубының төрағасы Жұбанышқали Сабырұлы Жәрдемовеке берілді. «Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ - ұлт болашағы болмақ» - демекші салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған жарыс шарты негізінен кім жылдам? кім мерген? ең шымыр, жүйрік болсаң сен егер, қаппен секіру деп аталатын

бөлімдерден тұрды. Осы жарыстың өтуіне бас-көз болған тәрбие бөлімінің психологы Альфия Жақсығалиева, «Ақжайық» спорт клубының нұсқаушысы Бағдагүл Меңдікерейқызы және жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, студенттік президент, жас экономист Нұрлыбек Тажкенов әділ бағаларын берді. Ойын барысында «Ең шымыр» бөлімінде команданың қатысушысы қолына шеңберді алып жолда қойылған кедергілерден допты домалату арқылы өтуі керек. Команданың әр ойыншысы барлық кедергілерді бұзбай келесі ойыншыға шеңберді тез жеткізуі керек.

Сондай-ақ сайыстың келесі бөлімдерінде екі шеңбердің бірінде

жастар арасындағы жұмыссыздық, латын қаріпін енгізудің оң және теріс жақтары, мемлекетімізде қалыптасқан партиялық жүйе және өнер жұлдыздарының жас ұрпаққа әсері, т.б. өзекті мәселелер. Бұл турнир пікір-сайысты жаны сүйетін көрермендердің көптігімен де ерекшеленгенін атап өткен жөн.

Өте тартысты өткен турнирдің қорытындысы бойынша тіл жүйріктігімен қоса ой жүйріктігін таныта білген «Жас қыран» командасы (Абдулов Мерхан, Бисембиев Нұрсұлтан) I орын иеленіп, «Жас экономист» ЖҚБ-ның кубогін жеңіп алды. II орынды «Шырақ» командасы (Мыңбаев Сәкен, Мақсотов Нұрхат), ал III орынды «Жалын.kz» командасы (Орынбасаров Әділет, Мырза Еркебұлан) еншіледі. Сонымен қатар келесідей номинациялар бойынша үздіктер марапатталды: «Үздік төреші» - Кимешев Дәурен және «Үздік спикер» - Орынбасаров Әділет. Жеңімпаздарға бейнеойнатқыштар, ұялы телефондар мен флеш-карталар сыйға берілді.

«Менің елім – Қазақстан!» атты облыстық пікір-сайыс турнирін қорытындылаған «Жас экономист» ЖҚБ төрағасы Тажкенов Нұрлыбек қазіргі таңда қоғамдық өмірге белсенді араласып, жастық жігерлеріне ақылдарын жолдас етіп жүрген пікір-сайысшылардың еңбегін атай келе, олардың бұдан әрі қарай да ел болашағы үшін жаңа идеяларды дүниеге әкелетіндігіне сенімін білдірді.

Гүлімай АБДУЛОВА,
1 курс студенті

жатқан ауыр доптарды келесі шеңберге орналастыру, қаппен жүгіру арқылы допты баскетбол қоржынына түсіру, шеңберді тік бағытта алға қарай дөңгелетіп жүгіріп, шеңберден допты өткізу арқылы тамаша ойындар көрсетті. Сайыста берілген уақыт ішінде шапшаң қимылдап, әрі ойын шартына сай өнер көрсетіп, өздерінің мықтылығы мен белсенділігін, жүйріктігін көрсете білген жаратылыстану бөлімінің құрама командасы I орынды, экономика және басқару бөлімінің командасы II орынды, би және саз бөлімінің командасы III орынды иеленді. Сондай-ақ өздерінің шеберліктерін көрсеткені үшін, жекелеген ойыншылар да марапатқа ие болды. Жеңімпаздарға диплом мен арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Нұркен ӘМІРАШЕВ

Менің Қазақстаным!

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай қарашаның 25-жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың тарих және құқық факультеті «ҚР тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен "Менің Қазақстаным!" атты патриоттық әндер және мәнәрлеп оқу байқауы оздырылды. Байқауға тарих және құқық мамандығының 1-4 курс студенттері қатысты. Байқаудың мақсаты: ұлттық рухтық қасиеттерді қалыптастыру, ұлтжандылық, отаншылдық сезімдерді ояту, талантты студенттерді анықтау. Студенттер ақындардың өзіндік орны ерекше патриоттық әндерін, поэзияларын орындап, өнерлерін көрсетті. Байқау қорытындысында патриоттық әндер бойынша I орынды 08401-топ студенті Губашев Дамир жеңіп алса, II орынды 07101-топ студенті Амангелдиев Миржан иеленді. Ал III орын 07301-топ студенті Досмурзина Айшагүлге бұйырды. Байқау барысында ерекше көзге түскен 07412-топ студенті Кенжин Нұрлан мен 07201-топ студенті Нұрмұханов Жансұлтанға алғыс хаттар табыс етілді.

Патриоттық тақырыптағы өлеңдерді мәнәрлеп оқу бойынша аруларымыз көрермендерді поэзия әлеміне енгізіп, бір жасатты. Әділқазы мүшелерінің шешімі бойынша өзінің төл туындысымен көрермен ықыласына ие болған 07104-топ студенті Бибінұр Қалакова есімі ерекше аталып, алғыс хат табыс етілді. 07102-топ студенті Ботагөз Жұмағалиева, 08401-топ студенті Бұлбұл Кенжәлі жұлделі орынга ие болды.

Ел келешегі – жастар үшін мұндай патриоттық шаралардың берері мол.

А. ЖҰМАШЕВА,
тарих мамандығының 4 курс студенті



соңында өзінің тілегін білдіріп, жастардан үлкен үміт күтетінін жеткізді. Тапжылмай тамашалаған көрермен алда да тағы

бір жаңа шынайы қойылымның куәсі болатындығына сеніммен тарқасты.

Өз тілшіміз

№ 13 (870) қараша 2011 жыл

8

Не останавливаться на достигнутом...

В ноябре месяце ректор ЗКГУ им.М.Утемисова провел ряд встреч с коллективом факультетов с целью близкого знакомства с профессорско-преподавательским составом, осмотру учебно-материальной базы учебных корпусов.

Какие проблемы, требующие решения на уровне ректората, в каких направлениях необходимо усилить работу, узнать мнение преподавателей и студентов в целом об условиях обучения, каков творческий потенциал факультетов – эти вопросы стали темой диалога руководства и сотрудников.

В первую очередь Асхат Салимович встретился с творческой интеллигенцией – представителями спортивных дисциплин и факультета культуры и искусства.

На недостаточное количество спортивных сооружений, вопросы выезда спортсменов на соревнования, организацию при кафедре клубов здоровья, детских команд, фитнеса, курсов лечебного массажа и т.д. обратила внимание заведующая кафедрой спортивных дисциплин Испулова Р.Н. Особенностью приема на творческие специальности, отбор абитуриентов на спец-ти «режиссура», «актерское мастерство» вызывают тревогу нашего ППС. О необходимости оборудования специализированных мастерских, станков, установления преемственности в подготовке специалистов на творческие профессии и на спортивные дисциплины через колледжи и спортивные школы высказались директор музыкального колледжа Ержанов М.Е., директор спорткомплекса Жардемов Ж.С., художник Мадир К. Об успехе наших музыкантов на международных и республиканских конкурсах рассказал член союза композиторов Максим Попов.

Ни один прозвучавший вопрос не был оставлен без ответа. Асхат Салимович выразил благодарность коллективу за добросовестную работу, за поставленные проблемы и поделился своими планами – завершением строительства общежития, дома для молодых преподавателей, проектом нового типового учебного корпуса, обновлением и дальнейшим развитием материально-технической базы университета.

На историческом факультете были подняты вопросы нехватки специальной учебной литературы на государственном языке по юридическим дисциплинам, открытия новых востребованных специальностей, подготовки на военной кафедре.

Преподаватели факультета культуры и искусства обратили внимание на проблему подготовки магистрантов по музыкальным специальностям, обеспеченность профессиональной литературой, академической мобильности для ППС искусства, выделения средств на расходные материалы по изобразительно-декоративным дисциплинам, специальных грантах для творческой молодежи из области, на присвоение ученых званий и др.

Ректор заверил коллектив о всяческой поддержке со стороны администрации и в плане финансовой помощи, и в совершенствовании учебного процесса, в частности, планируется приглашение ученых из ведущих вузов Казахстана, России для чтения лекций, проведение мастер-классов, расширение международного сотрудничества.

«Нельзя останавливаться на достигнутом, надо расти, если есть идея, надо ее воплощать», - так резюмировал свое выступление Асхат Салимович.

Затем руководитель IT центра Габдуллаев Д.Г. продемонстрировал проект нового парка IT технологий, который будет располагаться в главном корпусе и представляет собой целый комплекс – конференц-зал, он-лайн центр, видеосвязь, интернет-кафе, видеотерминал, учебное телевидение, виртуальная видеолaborатория, издательский центр и т.д.

На филологическом, естественно-математичесом факультетах ставился вопрос обновления лингафонного кабинета, отдельного доступа ППС специализированных кафедр к литературе на иностранных языках,

сроков лицензий на научно-производственные проекты, на многих встречах особенно остро обсуждалось расписание занятий.

По итогам проведенных бесед с коллективом ректорат университета принял отдельные решения, все постановочные вопросы взяты на учет проректорами вуза.

Золотой фонд Казахстана

12 ноября по утвержденному графику состоялась встреча ректора и со студенческим активом. «Это наша первая, но, надеюсь, не последняя встреча, мне хотелось бы увидеться с каждым из вас отдельно по курсам и группам, но зал, к сожалению, не вмещает всех. Здесь только 400 человек, представители нашего студенчества, которые,- как отметил ректор,- высоко несут зная нашего университета».

Асхат Салимович ответил на вопросы студентов и рассказал о тех преобразованиях в системе высшего образования, и в частности, в нашем университете – системе аккредитации учебных заведений, увеличении грантов по педагогическим специальностям, активизации электронного обучения, пополнение фонда научной библиотеки, обновление материальной базы, расширение международных связей, стимулирование успешных студентов, и о планах по строительству нового Дворца студентов и молодежи.

«ЗКГУ–вуз государственный, и это накладывает большую ответственность: все направления деятельности университета должны быть на высоком уровне, поскольку в нашем вузе учатся такие замечательные ребята, как вы»,- под аплодисменты закончил встречу со студентами Асхат Салимович.

Абитуриентам - зеленый свет

25 ноября состоялся семинар-совещание деканов факультетов и заведующих кафедрами при ректоре ЗКГУ по профориентационной работе

Руководитель вуза Асхат Салимович Имангалиев отметил качественные изменения в работе довузовского отдела (Аманбаев А.С.)

Приняты конкретные предложения по повышению эффективности профориентационной работы - сохранение гибкой системы скидок и социальной поддержки студентов ЗКГУ, в презентациях специальностей вуза акцентировать внимание на преимущества государственного университета: участие в международной программе «Болашак», продолжение обучения в магистратуре по многим специальностям, возможность пройти обучение, а также стажировку в вузах дальнего зарубежья и СНГ по академической мобильности; подчеркивать наличие соответствующей требованиям Министерства образования и науки РК материально-технической базы Западно-Казахстанского государственного университета – именно эти вопросы выпускники школ Западно-Казахстанской области считают основными при выборе вуза.

Усилить безопасность ЗКГУ

26 ноября руководство вуза организовало первый семинар-обучение с сотрудниками хозяйственной службы (комендантами, службой безопасности и техническими сотрудниками). Обеспечение безопасности людей, материальных ценностей, повышение бдительности со стороны всех ответственных служб университета, четкое выполнение прямых функциональных обязанностей, а также этика поведения – вот требования, поставленные ректором Асхатом Салимовичем Имангалиевым перед работниками вспомогательных структур университета.

На семинаре были заслушаны информации инженера по технике безопасности, начальника охранной службы, был утвержден график последующих обучающих занятий, прохождения переподготовки и аттестации работников хозяйственной части вуза.

Соб. инф.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ

Үстіміздегі жылдың 28 қазан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі болып өтті.

Күн тәртібінде жемісті жетістіктерге қол жеткізген бірқатар студенттеріміз оқытушы-профессор қауымына таныстырылып, марапатқа ие жеңімпаздарымызды ректор Асхат Сәлімұлы құттықтады.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 5В010600 музыкалық білім мамандығына ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық аккредиттеу орталығының 2011 жылғы ұлттық рейтингінде ҚР ЖОО-лары ішінде ІІІ орын иеленгені туралы атап өтті.

3-7 қазан аралығында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған волей-болдан ерлер командалары арасында қала кубогында І орын иелеген БҚМУ құрама командасы марапатталды.

13-17 қазан аралығында Рига (Латвия) қаласында өткен самбо күресінен әлем чемпионатының қола жүлдегері дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс студенті Нұрбол Серіков қола медальмен, дипломмен марапатталды.

4-10 қараша аралығында Орал қаласында өткен тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасы чемпионатының күміс жүлдегері 10102-топ студенті Ақшолпан Айғалиева спорт шебері атағын иеленіп, күміс медальмен марапатталды.

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Жәңгір хан атындағы БҚАТУ жанындағы «Заман» ЖҚБ ұйымдастыруымен өткен халықаралық студенттер күніне арналған облыстық студенттер арасындағы шахмат ойынында І орын иеленген БҚМУ командасы марапатталды.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 2010-2011 оқу жылындағы жұмысының нәтижесі туралы І проректор Ө. Тасмағамбетов баяндады.

2011-2012 оқу жылына МАК төрағаларының кандидатурасына оқу ісі жөніндегі проректордың м.а. - Ғ.Жүсіпқалиева, ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі - Ш.Мұқанбетова бекітілді.

Ағымдағы мәселелер: ҚР Білім және ғылым министрлігі коллегиясының жұмыс барысы туралы және ҚР Білім және ғылым министрлігінің Томсон Рейтер (Thomson Reuters) компаниясымен келісімшартқа қол қоюы туралы ректор А.С.Иманғалиев айтып өтті.

Магистранттардың диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін бекіту туралы ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі Мұқанбетова Шынар Төлегенқызы таныстырды.

«М.Өтемісов атындағы БҚМУ қамқоршылар кеңесінің ережесін» және қамқоршылар кеңесінің құрамын бекіту жайында және «Оқу үрдісін ұйымдастыру және өзге оқу орындары мен мекемелерден шақырылған оқытушылардың еңбегіне ақы төлеу тәртібі туралы ережені» бекіту туралы, сондай-ақ «М.Өтемісов атындағы БҚМУ қызметін PR-мен қамтамасыз ету тұжырымдамасын» бекіту туралы стратегиялық даму және аккредиттеу орталығының директоры О.Юров атап көрсетті.

«М.Өтемісов атындағы БҚМУ білім алушылары мен оқытушыларының академиялық ұтқырлығы туралы ережені» бекіту жайында оқу ісі жөніндегі проректордың м.а. Ғ. Жүсіпқалиева баян етті.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ конкурстық комиссиясының құрамын бекіту туралы кадрлық қызмет жетекшісінің м.а. Н.Журавлева таныстырды.

30.09.2011 жылғы №2 Ғылыми кеңес шешімінің орындалуы. «Күндізгі және сырттай оқу түрі студенттерінің 2010-2011 оқу жылындағы жазғы сынақ-емтихан сессиясының қорытындылары» есебінің қаулысын бекіту жайында оқу ісі жөніндегі проректордың м.а. Ғ. Жүсіпқалиева баяндады.

«Тіл орталығы туралы» ережені бекіту, «РФ шекарас жағары оқу орындарында қазақ тілін оқытуға көмек көрсету/ тарату бағдарламасын» бекіту туралы және халықаралық студент, магистранттармен академиялық алмасу бағдарламасына қатысу шарттарын және халықаралық академиялық оқытушы бағдарламасына қатысу шарттарын бекіту туралы халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық қызметінің жетекшісі М.Барадосова баяндап берді.

Есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы Н.Г.Шамакованың экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетіне қайта аттестаттауға ұсыну туралы ҒЖ және ХБ жөніндегі проректоры Ө.Мұқтар айтып өтті.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректораты 18 қарашада өтті.

БҚМУ-да бейне материалдардың қорын қалыптастыру мен оқу фильмдерін дайындау туралы оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасының жетекшісі Н.Жүсіпқали сөз қозғады.

Университеттің конкурстық комиссиясының жұмысы жайында кадрлық қызмет жетекшісінің м.а. Н.Журавлева айтып өтті.

Ағымдағы мәселелер қаралып, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 2010-2011 оқу жылындағы жұмыс нәтижесі бойынша құрылымдық бөлімшелердің және ПЮҚ рейтингінің қорытындысын стратегиялық даму және аккредиттеу орталығы директорының ақпараты О.Юров жария етті.

25 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ Ғылыми кеңесінің отырысы болып өтті.

Марапаттау: Білім беру жүйесіндегі тестілеуді ұйымдастыру мен өткізудегі, сондай-ақ жас ұрпаққа білім мен тәлімді тәрбие берудегі белсенді еңбегі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тест орталығының құрмет грамотасымен университет ректоры Асхат Иманғалиев - Құспан Аронов, Жанна Иксебаева, Мирболат Иманғалиев, Миржан Мұхамбетов, Ақтоты Ниязбекова, Ирина Пугачева, Елдос Сафуллин, Рита Сұлтанғалиева, Бауыржан Өмірзақов сынды оқытушыларды марапаттады.

Күн тәртібінде: М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да кредиттік оқыту жүйесінің әдістемесін жетілдіру: мәселелері және шешу жолдары жайында профессор-оқытушы қауымға ақпараттық және білім беру технологиялары орталығының директоры Ғ. Жүсіпқалиева хабардар етті.

Күндізгі және сырттай оқу түрі студенттерінің диплом жұмыстары/ жобалары, біліктілік жұмыстарының тақырыптары мен сарапшыларының тізімін бекіту жайында академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Қ. Өтегенова баян етті.

ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауына үміткерлерді ұсыну туралы ЖОО-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі Ш.Т. Мұқанбетова, «М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да кәсіби сараманды ұйымдастыру туралы» ережені бекіту туралы сараман, мансап және маркетинг бөлімінің жетекшісі Н.А. Хабадашев, «Білім беру жүйесін ақпараттандыру V халықаралық форумның» жұмысы туралы ақпараттық және білім беру технологиялары орталығы директорының орынбасары Д.Ғ. Ғабдуллаев, 2012 жылдың 4, 5, 6 қаңтарындағы сынақ-емтихан сессиясының күндерін 16, 17, 18 қаңтарға ауыстыру туралы ақпараттық және білім беру технологиялары орталығының директоры Ғ.Қ. Жүсіпқалиевалар ағымдағы мәселелер төңірегінде қозғады.

*Айгүл НИЕТОВА,
ғылыми хатшы*



өкілдері қатысып, сұранысқа ие мамандармен жүздесіп, студенттер түйіндемелерін тапсырған болатын.

Түлектердің жұмысқа орналасуында биылғы оқу жылында тарату комиссиясы отырысының барысында түлекті қарамағына қабылдаған білім беру ұйымдары кейіннен өз шешімдерінен бас тартуы, түлектердің көп жағдайда ауылға барудан бас тартуы жайында қиындықтар кездесті. 2010-2011 оқу жылында бітірген 1070 түлектің 786-сы жұмысқа орналасты (74%), соның ішінен 350 түлек педагогика мамандықтары бойынша, ал 436 түлек педагогикалық емес мамандықтары бойынша. Биыл оқуды аяқтаған «құрық және экономика негіздері» мамандығының түлектерін, педагогикалық мамандықтың иесі бола тұрса да, мектептерге жұмысқа орналастыруда қиыншылықтар туындады. Бұл пән бойынша мектептерде сағат саны аз, немесе «жоқ» деуге де болады. Осыған байланысты бұл мамандыққа қосымша мамандандыру енгізіп, білім беру ұйымдарынан басқа орындарға жұмысқа орналасуға мүмкіншік жасалса; бұл мамандық бойынша 2012 жылы ауыл квотасымен бітіретін түлек саны – 17; жыл сайын жұмысқа сұраныс көтеріліп келе жатқан (физика, математика, химия, т.с.с.) мамандықтар да бар, бірақ ауылдық жерге жіберілген студенттердің көбі қалаға қалуды жоспарлайды. Осы орайда «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен тереңірек жұмыстанса; жұмысқа орналастыру мақсатында жүргізілген барлық шараларда ауылды көтеру тақырыптары жиірек көтерілсе; шығарушы кафедраларда студенттерінің жұмысқа орналасу деңгейінің төмендігіне талдау жасалып, бітіріп кеткен түлектермен және жұмыс берушілермен кездесулер өткізіліп отырса; заман талабына сай қосымша дайындық үшін жұмыс берушілермен оқу бағдарламасын жасауда мекемелер және ұйымдармен бірлескен жұмыстар жүргізілсе деген ұсыныспен өткен оқу жылының көрсеткішін қорытындылай отырып, келешекте де жастарды жұмыспен қамтуда келеңсіз жағдайлардың алдын алып, игі шаралар өз жалғасын табатынына сенім білдіреміз.

***Нұрдәулет ХАБАДАШЕВ,**
сараман, мансап және маркетинг бөлімінің жетекшісі*



**Р
К
Е
Н**



№ 13 (870) қараша 2011 жыл



9



Бүгінгі «Университет мақтанышы» айдарының кейіпкері - мәдениет және өнер факультеті дәстүрлі музыкалық өнер мамандығының 4 курс студенті, оқу озаты, «Жоғары оқу орындарында студенттік өзін-өзі басқару ұйымын құрудың тиімділігі, тәжірибесі, проблемалары мен перспективалары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының I орын иегері, облыстық «Қазақ тілі аруы» байқауының жеңімпазы, Көкшетау қаласында өткен республикалық «Ана тілі аруы» байқауында Парламент мәжілісінің депутаты, ұлттық өнер жанашырларының бірі Нұртай Сабилянов атындағы арнайы жүлде иегері, 2011 жылдың 3-8 қараша күндері Астана қаласында өткен халықаралық «Шабыт» жастар шығармашылық фестивалінің «Домбырамен ән салу» бағамы бойынша II орын иегері, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері Эльмира Силыханқызы Таудаева.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРІМІЗ ешқашан өшпейді

- Эльмира, өзің өнерлі отбасында дүниеге келіпсің, сол жайында айта отырсаң?

- Жалпы біздің әулет өнерге жақын. Марқұм әкем де гитарада ойнайтын. Ерекше қорқыр даусы бар болатын. Әкемнің аға-апалары, қарындастары, бәрі де өнерден құралақан емес-тін. Дегенмен де үлкен өнер жолын қуған әкемнің туған апасы – Сәуле Таудаева. Апамның әндерін құлағыма құйып, жасымнан үлгі тұтып, бүгінге дейін тәлім алып келемін.

- Қазіргі кезде көпшілік адам мамандық таңдағанда ақшасы молдау өндіріс саласына немесе бизнеске ұмтылады. Ал өзіңнің өнер жолын таңдауыңа не себеп болды?

- Жастайымнан ән-термеге құмартып өскен соң, болашақ мамандығымды таңдау оңай болды десем де болады. Ақшасы көп мамандықты емес, қолыңнан келетін, жан-жүрегіңмен сүйіп, қалаған мамандықты таңдаған адам ғана өмірде адаспайды деп ойлаймын.


- 9 жасыңнан бастап ән айтыпсың. Киелі сахна төріне алғашқы қадамың?

- Иә, өнер жолына 9 жасымда келдім. Ол кездегі бала жүрегім бұл жолдың киелі де ауыр екенін сезбесе де сахнаға шығып, ел алдында өнер көрсету өзіме қатты ұнайтын. Үлкен өнер адамы болуды армандайтынмын. Міне, сол арманның жетегінде

күні бүгінге дейін домбырамды қолыма алып, ән салып келемін. 10 жасымда облыс атынан Алматы қаласында өткен «Біз – Тәуелсіздіктің құрдастарымыз!» атты балалар шығармашылығының республикалық мүшәйра-байқауында жүлделі I орынды алып қайттым. Одан кейін де «Балдәурен», «Термешілер сайысы» сынды көптеген қалалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы атанған болатынмын. 2004, 2006 жылдары республикалық «Абай оқулары», «Пушкин оқуларының» лауреаты болдым.

- Жетістігіңнің ең үлкені, өзіңе ыстығы қайсы?

- Ірі жетістігім деп 2009 жылы Өскемен қаласында өткен республикалық Қазақстанның II ұлттық жастар Дельфийлік ойындарында «Алтын медаль» алып, лауреат атанғанымды айта аламын. Сондай-ақ кеше ғана Астана қаласында өткен XIV Халықаралық шығармашыл жастардың «Шабыт» фестивалінен жүлделі II орынмен оралдым. Бұл да - мен үшін үлкен жеңіс. Қуанышты жағдай болса да мойныма үлкен жүк артылғанын сездім, сол үшін де болашақтағы бағындырар белестерімнен сүрінбей өту үшін барымды салып, дайындаламын. Мұндай жетістіктер маған үнемі тілекші, ақылшы болып жүрген ұстаздарымның, апамның арқасы. Үлкен додаға барын салып дайындаған, ерекше шабыт сыйлайтын осындай апамның болғанын мақтан етемін. Сынға түскен жерде сенімін ақтап, берген өнерін бойыма сіңіріп,



жинап, сақтау менің алдағы міндетім.

- «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дейді. Өнер жолыңдағы талантты ұстазың, өмір жолыңдағы бағыт нұсқаушың кім?

- Иә, «ұстазы жақсының ұстамы мықты» - деп бекер айтпаса керек. Жоғарыда атаған жетістіктерімнің барлығы да ең әуелі Алланың, екінші ұстаздарымның, содан кейін барып өзімнің ынта-жігерімнің арқасы деп ойлаймын. Өнер жолына жетелеп, 9 жасымда ең алғашқы рет сахнаға алып шығып, қалалық «Өнші балапан» байқауына қатыстырған, сол кездегі мен білім алып жүрген М.Ықсанов атындағы №36 жалпы білім беретін орта мектептің мұғалімі, бүгінгі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы Қисметов Қуаныш деген ұстазым болатын. 1999 жылы анам мені Д.Нұрпейісова атындағы №1 балалар саз мектебіне оқуға берді. Қолыма домбыра ұстатып, киелі аспаптың қыр-сырын меңгерген ұстазым Сания Күмісқалиқызының да еңбегі зор еді. 6 жыл бойы білім алған музыка мектебін үздік аяқтап, 2008 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің мәдениет және өнер институтының «дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығына грант негізінде оқуға түстім. Қазіргі таңда маған өмірде де, өнерде де ұстаздық етіп жүрген

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі - Сәуле Таудаева. Қазір сол кісіден үлгі алып, бар үйреткенін меңгеріп алуға тырысамын.

- Репертуарыңда қанша ән бар?

- Репертуарымда жүз шақты ән-терме бар. Оның ішінде өзімнің жаныма жақыны батыс өңірінің стиліндегі Мұхит, Ғарифолла аталарымыздың әндері.

- Халықаралық байқаулардан жүлде алып жүрсің. Сын айтатындар да табылатын шығар?

- Халықтың алдында өнер көрсеткеннен кейін сын міндетті түрде айтылады. Орынды айтылған сын болса өте жақсы қабылдаймын. Сенімнің жүгі ауыр деген, маған сенім артқан ұстаздарымның сенімін ақтау мақсатында үнемі ізденіс үстінде жүруге тырысамын.

- Өзің сынды дәстүрлі ұлттық өнерді насихаттап жүрген жастарды көп көрмейміз, бұл туралы не айтасың?

- Жанашыр жастар болмаса ұлттық өнеріміз қарыштап дами алмайды деп ойлаймын. Әркім өз талғамына сай музыка тыңдайды, бірақ қаны қазақ жастар қай музыканы тыңдамасын, ата-бабаларымыздан қалған мәдениет пен ұлттық өнердің біздің түп-тамырымыз екенін мойындайды деп ойлаймын.

- Жастардың басым бөлігі қазақ өндерінен гөрі шетелдік әуендерге әуес. Олардың бойында ұлттық өнерге деген қызығушылық жоғалып барады деп ойламайсыз ба?

- Қазіргі техникасы дамыған заманда жастар, шынында да, шетелдік әуендерге қатты еліктейді. Бұл тұрғыда ешкімге шектеу қою мүмкін емес. Соған қарамастан, қазақтың ұлттық өнері де дамуда. Қазақтың кейбір ұмыт болған аспаптарын қайта дамытып, фольклорлық ансамбльдер мен оркестрлердің құрамына енгізіліп келеді. Әр облыстың, әр ауданның, әр саз және өнер мектептерінің оркестрлері жұмыс жасауда. Осыған қарап, ұлттық өнеріміздің ешқашан өшпейтіндігін көруге болады.

- Өмірдегі басты мақсатың қандай?

- Мақсатсыз, армансыз адам болмас, сірә. Дегенмен, қазіргі міндет - білім алу, даму, жұмыс жасау. Сондықтан өн өнерінде өз жолымды тауып, өмірде жақсы адам болып қалу - басты мақсат.

Сұхбаттасқан Елдана АСЫЛХАНҚЫЗЫ

Студенттік өмір – адам өмірінің ең қызық, ең ұмытылмас кезеңдерінің бірі. Расында да, қызығы мен шыжығы, қиындығы мен қуанышы қатар жүретін студенттік өмір әрбір жанның жүрегінде орын алары анық. Халықаралық студенттер күніне орай би және саз өнері бөлімі «Ұмытылмас студенттік кездер-ай!» атты апталық өткізді. Апталық аясында түрлі іс-шаралар оздырылып, студенттердің рухы асқақтай түсті. 14 қараша күні би және саз өнері бөлімі жаратылыстану бөлімімен біріге отырып, «Екі жұлдыз» дүлдүлдер додасын өткізді. Екі бөлімнен тұратын сайысқа өнер саласында және жаратылыстану бағытында білім алып жатқан студенттерден 14 қатысушы жұп болып, бақтарын сынады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған алғашқы бөлімде қатысушылар патриоттық, туған жер тақырыбында әндер орындады. Ал екінші бөлім махаббат, жастық шақ тақырыбындағы өндерге арқау болды.

Қызықты әрі тартымды өткен ән сайысында мәдениет және өнер факультетінің деканы М.М.Нағимова, жаратылыстану-математика факультеті деканының орынбасары Е.Е.Айманова, студенттік ректор Е.А.Асылханова, тәрбие бөлімінің

«ЕКІ ЖҰЛДЫЗ» жаратылыстану мен өнер факультетінде

психологы А.С.Жақсығалиева, кеш қонағы, университет түлегі, «Step up» би үйірмесінің жетекшісі С.Даутов төрелік етіп, өздерінің сын-пікірлерін ортаға салды.

Бас жүлдені халықаралық конкурстар лауреаты, вокалдық өнер мамандығының 4 курс студенті Ибрагим Джантуллин мен биология мамандығының 2 курс студенті Бахтияр Қарекенов иеленді. I орынды облыстық байқаулардың жүлдегері, музыкалық білім мамандығының 1 курс студенті Данияр Рамазанов пен биология мамандығының 2 курс студенті Құрмекеш Әділет, II орынды - «Шың» триосының әншісі, музыкалық білім мамандығының 4 курс студенті Бекей Қанатов пен биология мамандығының 1 курс студенті Айсара Баймұханова, III орынды - республикалық, облыстық байқаулардың лауреаты, вокалдық өнер мамандығының 4 курс студенті Гүлназ Құсайынова мен биология мамандығының 1 курс студенті Бахтияр Габдулов иеленсе, облыстық ән байқауларының жүлдегері,



вокалдық өнер мамандығының 2 курс студенті Аслан Бақтығалиев пен экология мамандығының 1 курс студенті Арайлым Сәрсенова «Жарасымды жұп», облыстық конкурстардың лауреаты, музыкалық білім мамандығының 2 курс студенті Азат Қабиев пен биология мамандығының 1 курс студенті Балзияш Рановалар «Көрермендер көзайымы» аталымымен марапатталды.

Сайысты ұйымдастырушы студенттер Алпамыс Шаримов пен Айзада Тілепбергенова шырайлы шабытпен жүргізсе, Ардақ Елекенова мен Қуаныш Еслямов сайыскерлерді шайханада қарсы алып, байқауға дайындығы, олардың өн таңдауы сынды сұрақтармен кешті әдемі өрбтті.

Бұл байқау екі факультет студенттері арасында тығыз қарым-қатынас орнатып, өн өнерін бағалауға, еліміздің тәуелсіздігін қастерлей білуге тәрбиелеп, жастарды бір серпілтіп тастады.

Алпамыс ШАРИМОВ,
би және саз өнері бөлімінің студенттік деканы

Фотосәнгер байқауы өтуде



М.Өтемісов таныдағы БҚМУ мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай университет студенттері арасында «Фотосәнгер БҚМУ- 2011» байқауы өтуде.

Байқаудың басты мақсаты – фотосүйер қауым үшін арнайы бір орта құра отырып, майталман фотосуретшілер мен фотосәнгерлердің нәтижелі жұмысын көрсету. Студенттер арасында бос уақытты тиімді ұйымдастыра отырып, фото өнерді дамыту. Орал қаласының көркем жерлерін келер ұрпаққа насихаттау, қаламыздың тазалығы мен экологиялық проблемаларын, түрлі қоғамдағы мәселелерді фотосурет арқылы жеткізу.

Әр факультеттен өз еркімен ниет білдірген сайысқа қатысушы үміткерлер кастингтен өтті.

Сайыс үміткерлері әр жұма сайын берілген тақырыптар мен қаламыздың сұлу көріністерін фотосуретте ұштастыруы қажет. Апта сайын сарапшылардың оң бағасына ие болған сайыскерлер сайыстың келесі айналымына жолдама алып отырады. Шешуші айналымда 3 қатысушы арасында фотосессия өткізіліп, жеңімпаздарды гала-концертте марапаттайтын болады.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 20 жыл. Егемен еліміз биыл торқалы тойын атап өтпек. Сан ғасыр ата-бабамыздың асыға күткен асыл да асқақ арманы жүзеге асты. Әлемдік саяси картада дербес мемлекетіміздің пайда болған күні жас мемлекетте дүние есігін ашқан сәбилер бүгін елімізбен бірге ер жетіп, бой түзеуде. Азат елдің дарынды ұл-қыздары тәуелсіздікпен бірге қалыптасты десек те болады. Олардың бірі спортта оза шапса, екіншісі өнерімен өзгені тәнті етіп жүр. Тағы бірінің білім көкжиегінде алар орны ерекше.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да 800-ден астам тәуелсіздік құрдастары білім алуда. Олар биыл 20 жасқа толып отыр. Тәуелсіздік құрдастары кімдер, олар қандай, нені армандайды екен?

Өзіндік «Мені» қалыптасқан, арманға бай, әрі оны жүзеге асыруға ерік-жігері жетер жастар мақсатшыл да!

ТОП ЖАРҒАН ЖАС ӨРЕНДЕР




Р
К
Е
Н



Әубекерова Назгүл Қыдырғалиқызы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың шет тілі: екі шет тілі мамандығының 2 курс студенті. Тәуелсіздікпен түйдей құрдас Назгүл 1991 жылдың 16 желтоқсанында Атырау облысы Махамбет ауданы Сарайшық ауылында дүниеге келіпті.

- Негізгі мақсатым – оқуымды жақсы аяқтап, білімді де білікті маман болу. Ызғарлы желтоқсанда еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығымен қоса жалындаған жиырмамы атап өтпекпін. Мен үшін бұл үлкен мәртебе ғой. Тарих үшін 20 жыл аз уақыт болуы мүмкін. Алайда осы жылда Қазақстан өзін әлемге танытып үлгерді. Бұл ата-баба арманы болатын. Талай жанның өмірімен, қанымен келген Тәуелсіздіктің салмағы жоғалмаса екен деймін. Мерейтойың құтты болсын, Қазақстан!



Құсайынова Гүлназ Рахымғалиқызы, оқу озаты, қалалық, облыстық ән байқауларының жеңімпазы, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жүлдегері.

- 1991 жылы Ресей жерінде дүниеге келіп, Қаратөбе ауданы, Ақтай-сай ауылындағы орта мектепте тәлім алған мен өңіріміздегі тарихи оқу орындарының бірі - М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да білім алуды жөн көрдім. Университет студенттері үшін мұнда барлық жағдай жасалған. Сондықтан біздер де сол үмітті ақтау үшін сапалы білім, саналы тәрбие алуға тырысып бағудамыз. Вокалдық өнер мамандығының 4 курс студентімін. Бұл - менің сүйікті мамандығым. Туған елді көркейту жолында халқыма қызмет етсем деймін. Тәуелсіздігіміз баянды болғай!



Курдюков Алексей Валерьевич, волейболдан Қазақстан Республикасы жастар құрама командасының мүшесі. Спорт шебері.

- Мен 1991 жылы Орал қаласында дүниеге келдім. Қазіргі уақытта М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім алудамын. 3 курс студентімін. Қазақ жерінде дүниеге келіп, осы елде тұрып жатқанымға қуаныштымын. Болашақта өз мамандығым бойынша еліме қызмет ету менің азаматтық парызым деп білемін. Қазақстан халқын бейбітшілік пен жасампаздықтың 20 жылдық мерекесімен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, аспанымыз ашық болсын!



Гиниетуллина Гүлназ, студенттер арасында республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері.

- 1991 жылы Жаңақала ауданы, Бірлік ауылында дүниеге келдім. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың мәдени-демалыс жұмысы мамандығының 3 курс студентімін.

Тәуелсіздікпен бірге өмірге келіп, сонымен бірге осындай бейбіт шақта өсіп келе жатқанымыз – біз үшін үлкен қуаныш. Білім, ғылым саласындағы жетістіктеріміз үшін ие болған арнайы марапаттар көңілге сенім ұялатып, жауапкершілігімді одан сайын арттыра түскендей. Ендігі мақсат – осы тілектер мен сенімдерді ақтау, Отанымның жарқын келешегі үшін қолдан келгенше қызмет ету. Тек бейбіт заман болсын, халқым!



Шаримов Алпамыс Өскенбайұлы, студенттер арасында республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері, ғылыми-тәжірибелік конференциялардың қатысушысы.

- Мен 1991 жылы Сырым ауданы Аралтөбе ауылында дүниеге келдім. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың мәдени-демалыс жұмысы мамандығының 3 курс студентімін. Тәуелсіздіктің құрдасы болу – мен үшін үлкен мәртебе. Өз Отанымда тұрып, білім алып жатқанымды мақтан етемін. 20 жылда талай шыңды бағындырып үлгерген Отаным әлемдік аренада да өзін мойындатып үлгерді. Еліміз өсіп-өркендей берсін, келешегі жарқын боламын мен сенемін. Біз де соған өз үлесімізді қосып, өзіндік қолтаңбамызды қалдырайық, достар!


Бородкин Григорий Алексеевич, Пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасы чемпионатының, Азия чемпионатының жеңімпазы, Пауэрлифтингтен спорт шебері.

- Мен тәуелсіздік құрдасымын. Орал қаласында дүниеге келгенмін. Биыл 20-ға толдым. Қазір М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың дене шынықтыру және спорт мамандығының 3 курс студентімін. Бұлоқу орнында оқи жүріп, көптеген жарыстарға қатысып, оқытушыларымың, жаттықтырушыларымың еңбегімен жетістіктерге жеттім. Менің Отаным - Қазақстан. Осы елде туылғанымды және БҚМУ-да білім алып жатқанымды мақтан етемін. Өз елімнің патриоты болуыма, еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосуыма сенім білдіремін!



Избасарқызы Бақыт, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Жастар мен Ғылым» атты студенттер мен магистранттардың 69-шы ғылыми-тәжірибелік конференциясының жүлдегері, «Мисс студенчества - 2011» байқауының жүлдегері.

- Мен биыл 20 жасқа толдым. Атырау облысы-Индер ауданы Индербор ауылында дүниеге келдім. Қазіргі таңда М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың шет тілі: екі шет тілі мамандығының 3 курс студентімін. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте, - деген Қадыр ақынның жыр жолдары санамда сайрап тұр. Шет тілін жетік меңгеріп, Отанымға адал қызмет ету арқылы Қазақстанды әлемге танытсам деймін. Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығында еліміз талай қиындықтарды артта қалдырып, айтулы табыстарға қол жеткізгенін мақтанышпен айта аламыз. Беделді әрі қуатты мемлекетке айналып үлгерген Қазақстан – менің Отаным!



Мұстафа Алмас Әділбекұлы, қалалық, облыстық пікір-сайыс турнирлерінің жүлдегері, республикалық ғылыми конференцияның жүлдегері. Қазақстан Студенттері Альянсы студенттік қозғалысының белсенді мүшесі.


- 1991 жылы тарихи өлке - Орал қаласында дүниеге келдім. Бүгінгі күні еліміздің іргелі оқу орындарының бірі М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша білім алып жатқан 3 курс студентімін. Егемен еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойламақшы. Осы жылдар ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізіп үлгерген еліміз Елбасының сындарлы саясатының арқасында әлі де биік белестерді бағындырарына сенемін және соған өз үлесімді қоссам деймін. Жасай бер, жайнай бер, Қазақстан!



Жәңгіров Шынболат Қуанышұлы, ҚР ЖОО арасындағы аймақтық шағын футбол ойындарының жүлдегері.

- Шыңғырлау ауданы Ащысай ауылында дүниеге келген мен осы жылы 20 жас мерейтойымды тойладым. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да физика мамандығы бойынша білім алып жатқан 4 курс студентімін. Жалпы жалпақ жұрттың барлығы өз жастарына сенеді. Бұл – дәл бүгінгідей озық заманның өміршең талабы. Өсіресе, осы жиырма жылда құлашын кеңге жайып, бұғанасы бекіген Қазақстан үшін бүгінгі жас толқынның қажымас ерік-жігері ауадай қажет. Тәуелсіздіктің тамырын тереңге бойлатып, Қазақстанды мықты, іргелі елге айналдыру – біздің қолымызда. Сондықтан, біздер кез-келген бәсекеге төтеп беруіміз қажет.

Мен болашағыма сенемін!



Ғайсағалиев Ершат Жаскелеңұлы, қалалық жастар арасындағы авторлық әндер фестивалінің жеңімпазы.

- Орал қаласында 1991 жылы дүниеге келдім. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ғылыми химия мамандығының 3 курс студентімін.

Тәуелсіз мемлекетте өмір сүру біздің басымызға берілген бақыт шығар. Өйткені тәуелсіз елде ғана жастар өсіп-өне алады. Оларға барлық жағдай жасалып, өз талабын әрі қарай ұштай түсуге мүмкіндік беріледі. Қалаған мамандығын алып, еркін еңбек етуге құқы болады. Жастарға ерқашан қолдау көрсететін Елбасымызға алғысым зор. Өзімнің тәуелсіз Қазақстанның құрдасы екенімді және осы елдің азаматы болғанымды мақтан тұтамын.

Өркендей бер, туған ел!



№ 13 (870) қараша 2011 жыл

11



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған ҚР Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы №483-IV Қазақстан Республикасының Заңын БҚО Ішкі саясат басқармасының тапсырмасымен назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Қазақстан Республикасының ЗАҢЫ Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, өркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, өркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) ғибадат үйі (ғимараты) — құдайға құлшылық етуге, дұға оқылатын және діни жиналыстарға, діни төу етуге (минажат етуге) арналған орын;
- 2) діни қызмет — діндарлардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет;
- 3) діни қызметші — діни, уағыздаушылық қызметке тиісті діни бірлестік уәкілеттік берген адам;
- 4) діни бірлестік — Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі;
- 5) миссионерлік қызмет — Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;
- 6) уәкілетті орган — діни қызмет саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

3-бап. Мемлекет және дін

1. Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.
2. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең.
3. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді.
4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.
5. Заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.
6. Өркім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы.
7. Ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ. Діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктердің басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.
8. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес мемлекет:
 - 1) Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдік пен азаматтығы жоқ адамның дінге және ұстанатын дініне өз көзқарасын айқындауына, ата-аналардың немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне, мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда, араласпайды;
 - 2) діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;
 - 3) егер діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, діни бірлестіктердің қызметіне араласпайды;
 - 4) дін ұстанатын және оны ұстанбайтын Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзушілік пен құрметтеу қатынастарын орнатуға жәрдемдеседі.
9. Дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер:
 - 1) мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды;
 - 2) саяси партиялардың қызметіне қатыспайды, оларға қаржылық қолдау көрсетпейді, саяси қызметпен айналыспайды;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.
10. Діни негіздегі партиялардың қызметіне, мақсаттары мен іс-әрекеті мемлекетте бір діннің үстемдігін орнықтыруға, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа ұнысумен және өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты діни өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.
11. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген

тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сол сияқты Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінге көзқарасын айқындауда, діни бірлестіктердің қызметіне, діни жораларға және (немесе) дінді оқып-үйренуге қатысуына немесе қатыспауына қандай да бір күштеп мәжбүрлеуге жол берілмейді.

12. Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетумен немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтірумен не ерлі-зайыптылардың некесін бұзумен (отбасының бұзылуымен) немесе туыстық қарым-қатынастарды тоқтатумен, имандылыққа нұқсан келтірумен, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзумен, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға мәжбүрлеумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықпен ұштасатын діни бірлестіктер қызметіне жол берілмейді.

13. Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оның ішінде қайырымдылық қызмет арқылы және (немесе) олардың діни бірлестіктерден шығуына кедергі келтіретін, оның ішінде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып бопсалау, күш қолдану немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасау жолымен не алдау жолымен өз қызметіне мәжбүрлеп тартатын діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді.

14. Діни бірлестіктің қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын діни бірлестіктің, оның басшылары мен басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздеріне тиесілі мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

15. Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана ірікті салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге екеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

16. Діни бірлестіктің басшысы көмелетке толмағандардың ата-анасының біреуі немесе оның өзге де заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде көмелетке толмағандарды діни бірлестіктің қызметіне тартуға және (немесе) қатыстыруға жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті.

2-тарау. ДІНИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

- 1) діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізеді;
- 3) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- 4) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 5) діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қызметін үйлестіреді;
- 6) дінтану сараптамалары және діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтар тізімдеріне тексеру жүргізілуін қамтамасыз етеді;
- 7) жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты өтініштерін қарайды;
- 8) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- 9) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметіне, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауына келісім білдіреді;
- 10) осы Заңда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

- 1) өңірдегі діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізеді;
- 2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 3) жергілікті деңгейде өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- 4) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекітеді, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни жораларды өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келіседі;
- 5) уәкілетті органмен келісе отырып, ғибадат үйлерін

(ғимараттарын) салу туралы, олардың орналасатын жерін анықтау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп бейінін өзгерту (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешімдер қабылдайды;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасы жергілікті атқарушы органдарға жүктейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6-бап. Дінтану сараптамасы

1. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша дінтану сараптамасын жүргізуді қамтамасыз етеді:

- 1) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың уәкілетті органға өтініштері;
 - 2) Қазақстан Республикасы ұйымдарының кітапхана қорларына, сондай-ақ уәкілетті органға діни әдебиеттің, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдардың келіп түсуі;
 - 3) жеке тұлғалардың миссионер ретінде тіркеу және діни бірлестіктерді тіркеу туралы өтініші;
 - 4) жеке өзі пайдалануға арналған материалдарды қоспағанда, діни мазмұндағы ақпараттық материалдардың әкелінуі;
 - 5) уәкілетті орган басшысының бұйрығы.
2. Құрылтай құжаттары, сондай-ақ діни мазмұндағы басқа да құжаттар, діни білім беру бағдарламалары, діни мазмұндағы ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттар дінтану сараптамасы объектілеріне жатады.
3. Қажет кезінде мемлекеттік органдардың өкілдерін және өзге де мамандарды тарта отырып, дінтану сараптамасын дінтану саласында арнайы білімі бар адамдар жүргізеді.
4. Дінтану сараптамасын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ҚЫЗМЕТ

7-бап. Діни жоралар мен рәсімдер

1. Діни бірлестіктер құлшылық ету орындарын ұстауға құқылы.
2. Құдайға құлшылық ету, діни жоралар, рәсімдер және (немесе) жиналыстар ғибадат үйлерінде (ғимараттарында) және оларға бөлінген аумақта, құлшылық ету орындарында, діни бірлестіктер мекемелері мен үй-жайларында, зираттар мен крематорийлерде, жақын тұратын адамдардың құқықтары мен мүдделері сақталған жағдайда үйлерде, қажетті жағдайда қоғамдық тамақтандыру объектілерінде бөгетсіз жүргізіледі (жасалады). Өзге жағдайларда діни іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
3. Құдайға құлшылық етуді, діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізуге (жасауға), сондай-ақ миссионерлік қызметті жүзеге асыруға:
 - 1) осы баптың 2 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың;
 - 2) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сот және құқық қорғау органдарының, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғаумен байланысты басқа да қызметтердің;
 - 3) діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының аумағында және ғимараттарында жол берілмейді.
4. Қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде ұсталатын, жазаны орындайтын мекемелерде отырған, қарттар мен мүгедектердің интернат-үйлерінде әлеуметтік қызмет көрсетуден ететін, стационарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының емделушілері болып табылатын адамдарға олардың немесе олардың туысқандарының тілегі бойынша салт жораларының қажеттілігі жағдайында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің діни қызметшілері шақырылады. Бұл ретте діни жораларды, рәсімдерді және (немесе) жиналыстарды өткізу аталған ұйымдардың қызметіне кедергі келтірмеуге, басқа адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

8-бап. Миссионерлік қызмет

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады.
2. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері құжаттар ұсынылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімде жүргізеді. Миссионер ұсынған материалдар бойынша қорытынды алу үшін дінтану сараптамасын жүргізу кезінде тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады.
3. Қазақстан Республикасының аумағындағы миссионерлер уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде жыл сайын қайта тіркеуден өтуге міндетті.
4. Миссионерлер тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне мынадай құжаттар мен материалдарды:
 - 1) паспорттың немесе жеке куәлігінің көшірмесін;
 - 2) миссионерлік қызмет аумағы мен мерзімі көрсетілген өтінішті;
 - 3) діни бірлестіктің атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығына діни бірлестік берген құжатты;
 - 4) өкілі миссионер болып табылатын діни бірлестікті Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің және оның жарғысының көшірмесін;
 - 5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды ұсынады.
- Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар миссионер ретінде тіркелу үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне қосымша мынадай құжаттарды:
 - 1) миссионер оның атынан өкілдік ететін діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгендігін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжатты;
 - 2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыруын ұсынады.
- Шет мемлекеттер берген құжаттардың қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырган және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариат куәландырган түрінде табыс етіледі.
- Миссионер ретінде тіркеуден өту үшін құжаттар ұсынған Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды дінтану сараптамасының теріс қорытындысы негізінде, сондай-ақ, егер оның миссионерлік қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адамның құқықтары мен бостандығына, халықтын денсаулығы

мен имандылығына қатер төндіретін болса, тіркеуден бас тартылады.

6. Миссионерлердің діни мазмұндағы материалдарды және діни мақсаттағы заттарды пайдалануына дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жол беріледі.

7. Миссионерлік қызметті тіркеусіз жүзеге асыруға тыйым салынады.

9-бап. Діни әдебиет және діни мақсаттағы заттар

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, діни бірлестіктер өздерінің қалауы бойынша діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды сатып алуға және пайдалануға құқылы.

2. Діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тек қана ғибадат үйлерінде (ғимараттарында), діни білім беру ұйымдарында, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары арнайы белгілеген тұрақты үй-жайларда таратуға жол беріледі.

3. Жеке пайдалануға арналғандарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды әкелуді тіркелген діни бірлестіктер дінтану сараптамасының оң қорытындысын алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

4. Діни бірлестік шығаратын және (немесе) тарататын діни әдебиетте және діни мазмұндағы басқа да ақпараттық материалдарда діни бірлестіктің толық атауы болуға тиіс.

Діни баспалар туралы ештеңе айтылмаған....

10-бап. Қайырымдылық қызметі

1. Діни бірлестіктер қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға және қайырымдылық ұйымдарын ашуға құқылы.

2. Қайырымдылықты жүзеге асыру кезінде діни қызметке тарту мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық тәуелділігін (мұқтаждығын) пайдалануға жол берілмейді.

11-бап. Дінге сенушілердің және діни бірлестіктердің халықаралық байланыстары мен қарым-қатынастары

1. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен діни бірлестіктер олардың мінажат етуге, жиналыстар мен басқа да діни шараларға қатысу үшін шетелге шығып туруын қоса алғанда, халықаралық байланыстар мен жеке қарым-қатынас орнатуға және қатынастарын үзбегуге құқылы.

2. Діни бірлестіктер діни білім беру ұйымдарында оқыту үшін шетелге Қазақстан Республикасының азаматтарын жібере алады және Қазақстан Республикасының аумағындағы діни білім беру ұйымдарында оқыту үшін шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды қабылдай алады.

Діни бірлестіктердің шетелден басқаруға жол берілмейтіндігі туралы ештеңе айтылмаған...

4-тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІ ҚҰРУ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ, ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ

12-бап. Діни бірлестіктердің мәртебесі

1. Қазақстан Республикасында: жергілікті, өңірлік және республикалық мәртебесі бар діни бірлестіктер құрылуы және әрекет етуі мүмкін.

2. Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының бастамасы бойынша құрылған, бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шегінде әрекет ететін діни бірлестік жергілікті діни бірлестік болып танылады.

3. Кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан да көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылған діни бірлестік өңірлік діни бірлестік болып танылады.

Өңірлік діни бірлестіктер осы жергілікті діни бірлестіктердің қызметі аумағының шегінде құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

4. Барлық облыстардан, республикалық маңызы бар қалалардан және астанадан өкілдік ететін, Қазақстан Республикасының кемінде бес мың азаматының бастамасы бойынша құрылған, олардың әрқайсысында Қазақстан Республикасының кемінде үш жүз азаматы бар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағында өз құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар діни бірлестік республикалық діни бірлестік болып танылады.

13-бап. Діни бірлестіктерді құру

1. Діни бірлестік он сегіз жасқа толған, құрылтай жиналысын (съезін, конференциясын) шақыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының бастамасы бойынша құрылады, онда діни бірлестікті құру, оның атауы, жарғысы туралы шешімдер қабылданады және оның басшылық органдары құрылады. Азаматтар құрылтай жиналысына (съезіне, конференциясына) өз еркі бойынша жеке түрде қатысады.

2. Діни бірлестіктің мынадай белгілері:

1) ортақ діни ілімі;
2) діни жораларды, рәсімдер мен уағыздарды орындау;
3) өз қатысушыларын (мүшелерін) және дін ұстанушыларын дінге тәрбиелеу;

4) қызметінің діни бағыты болуға тиіс.

3. Республикалық діни бірлестіктер мен өңірлік діни бірлестіктер өз жарғыларына сәйкес діни қызметшілер даярлаудың кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мекемелер нысанында діни білім беру ұйымдарын құруға құқылы.

4. Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда діни қызметпен айналысатын заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

5. Мемлекеттік органдарда, ұйымдар мен мекемелерде, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдарында діни бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға жол берілмейді.

14-бап. Діни бірлестіктің атауы

1. Діни бірлестіктің атауы ұстанатын діни мен мәртебесін қамтуға тиіс.

2. Толық және қысқартылған атауы мен оның нышаны Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің мемлекеттік рәміздерін, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, Қазақстан Республикасында тіркелген діни

бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуына байланысты тыйым салынған және (немесе) таратылған діни бірлестіктердің атауы мен нышанын толық немесе оның елеулі бөлігінде қайталамауға тиіс.

Исламдық бағытта құрылатын діни бірлестіктер ҚМДБның сараптамасынан кейін ғана әділет басқармасының тіркеуінен өте алады...

15-бап. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу

1. Діни бірлестік оны мемлекеттік тіркеген сәттен бастап заңды тұлғаның құқық қабілеттілігіне ие болады.

2. Республикалық діни бірлестіктерді және өңірлік діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

Жергілікті діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

3. Діни бірлестікті құру туралы шешім қабылданған сәттен бастап екі ай мерзім ішінде тіркелу үшін тіркеуші органға өтініш беріледі. Өтінішке:

1) діни бірлестік басшысының қолы қойылған діни бірлестіктің жарғысы;

2) құрылтай жиналысының (съезінің, конференциясының) хаттамасы;

3) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштердегі құрылатын діни бірлестіктің бастамашы азаматтарының тізімі;

4) діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат;

5) діни ілімнің пайда болу тарихы мен негіздерін ашып көрсететін және осы ілімге сәйкес келетін діни қызмет туралы мәліметтер қамтылған діни баспа материалдары;

6) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін алымдар төлемін растайтын құжат;

7) діни бірлестіктің басшысын сайлау туралы шешім не шетелдік діни орталық басшыны тағайындаған жағдайда, уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжат қоса беріледі.

4. Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өңірлік діни бірлестіктерді құруға бастамашылық жасаған жергілікті діни бірлестіктердің әрқайсысының қатысушыларының тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариат куәландырған көшірмелері қосымша табыс етіледі.

5. Республикалық діни бірлестіктер мәртебесін растау үшін тіркелген күнінен бастап бір жыл өткенге дейін тіркеуді жүзеге асыратын органға олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) аумақтық әділет органдарында есептік тіркеуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

6. Осы баптың 5-тармағының талаптарын орындамаған жағдайда, республикалық діни бірлестік Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

7. Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу, діни бірлестіктерді қайта тіркеу, тіркеуден бас тарту осы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің) мерзіміне дінтану сараптамасын және діни бірлестікке бастамашы азаматтар тізімінің осы Заңның талаптарына сәйкестігі мәніне тексеру жүргізу үшін үзіліс жасалады.

9. Тіркеуші орган мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) мерзіміне үзіліс жасау туралы шешімді қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға дінтану сараптамасын және діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтар тізімдеріне тексеру жүргізуді ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың көшірмелерін жібереді.

10. Ұсынылған құжаттардың заңнамаға сәйкестігін тексерудің, жүргізілген дінтану сараптамасының, діни бірлестікті құруға бастамашы азаматтардың тізімін тексерудің нәтижелері бойынша діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу туралы немесе мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

16-бап. Діни бірлестіктің жарғысы

1. Діни бірлестік өз қызметін жарғының негізінде жүзеге асырады, онда мыналар:

1) атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары;

2) орналасқан жері және оның шегінде өз қызметін жүзеге асыратын аумақ;

3) құрылымы, басқару органдарын қалыптастыру тәртібі мен құзыреті;

4) қатысушыларының (мүшелерінің) құқықтары мен міндеттері;

5) ұстанатын діні, діни ілімінің негіздері және осы ілімге сәйкес келетін діни қызметі туралы мәліметтер;

6) діни бірлестіктің мүшесі етіп қабылдаудың және одан шығудың шарттары мен тәртібі;

7) мүлікті қалыптастыру көздері;

8) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

9) қызметін қайта ұйымдастыру және оны тоқтату шарттары;

10) таратылған жағдайда мүлікті пайдалану тәртібі;

11) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтер болуға тиіс.

2. Діни бірлестіктің жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

3. Діни ілім негіздері мен діни қызмет туралы мәліметтерде негізгі діни идеялар, діни бірлестік қызметінің нысандары, осы діни бірлестік қатысушыларының (мүшелерінің) және басқа да адамдардың неке мен отбасына, білімге, денсаулыққа көзқарасының ерекшеліктері, оның қатысушылары (мүшелері) мен қызметшілерінің конституциялық құқықтары мен міндеттерін іске асыруға көзқарасы қамтылуға тиіс.

17-бап. Діни бірлестікті тіркеуден бас тарту

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ құрылтай құжаттарындағы және өзге де ұсынылған құжаттардағы мәліметтер дәйексіз болса және (немесе) құрылатын бірлестік дінтану сараптамасының нәтижелері негізінде діни бірлестік ретінде танылмаған жағдайларда діни бірлестікті – мемлекеттік тіркеуден, оның құрылымдық бөлімшесін (филиалы мен өкілдігін) есептік тіркеуден бас тартылады.

2. Тіркеуден бас тартылған жағдайда сотқа шағымдануға болады.

18-бап. Діни бірлестікті қайта ұйымдастыру және тарату

1. Діни бірлестіктерді қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қосылу, бірігу, бөліну,

қайта құру және бөлініп шығу жолымен діни бірлестіктің құрылтай құжаттары уәкілеттік берген органның шешімі бойынша не сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. Діни бірлестік тек басқа діни бірлестік болып немесе жеке мекеме болып қайта құрылуы мүмкін. Діни бірлестіктерді қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған ұйымдар діни бірлестіктер ретінде осы Заңның талаптарына сәйкес келген жағдайда тіркелуі мүмкін.

2. Діни бірлестіктің қызметін тоқтата тұру және оны тарату Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

19-бап. Мемлекет және шетелдік діни бірлестіктер

1. Шетелдік діни орталық уәкілетті органмен келіспей тағайындаған діни бірлестік басшысының қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді.

2. Шетелдік діни орталық діни бірлестіктің басшысы лауазымына кандидатты келісу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) кандидат туралы, оның шетелдік діни орталықтағы бұрынғы қызметі туралы мәліметтер қамтылған қолдаухатты;

2) кандидатты Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін діни бірлестіктің басшысы етіп тағайындау туралы шешімді;

3) діни бірлестіктің басшысы лауазымына кандидаттың паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесін ұсынады.

Құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған және аударманы жүзеге асырған аудармашы қолының түпнұсқалығын Қазақстан Республикасында нотариат куәландырған түрінде табыс етіледі.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті орган олардың ұсынылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

4. Егер Қазақстан Республикасындағы діни бірлестік басшысының қызметі конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандықтарына, халықтың денсаулығы мен имандылығына қатер төндіретін болса, уәкілетті орган шетелдік діни орталықтың оны тағайындауына келісуден бас тартады.

5-тарау. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

20-бап. Діни бірлестіктердің меншігі

1. Діни бірлестіктердің өз қаражаты есебінен сатып алынған немесе жасалған, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, ұйымдардың қайырмалдықтарға берген немесе Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша сатып алынған мүлікке меншік құқығы бар.

2. Меншік құқығындағы жылжымайтын және жылжымалы мүлік діни бірлестіктердің меншігі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі мүлік те діни бірлестіктердің меншігінде болуы мүмкін.

4. Діни бірлестіктер ерікті түрде қаржылай және басқа да қайырмалдықтар сұрауға және оларды алуға құқылы.

5. Діни бірлестіктердің меншік құқығы заңмен қорғалады.

21-бап. Мемлекеттің, ұйымдар мен жеке тұлғалардың меншігі болып табылатын мүлікті пайдалану

1. Діни бірлестіктер өздеріне шарттық негізде берілген үйлерді, аумақты және мүлікті пайдалануға құқылы.

2. Діни мақсаттағы тарих пен мәдениет ескерткіштері діни бірлестіктердің пайдалануына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілуі мүмкін.

22-бап. Таратылған діни бірлестіктің мүлкіне иелік ету

1. Діни бірлестік таратылған немесе қызметі тоқтатылған кезде оның меншігінде болған мүлікке иелік ету оның жарғысына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Құдық мирасқорлары болмаған кезде мүлік Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мемлекет меншігіне өтеді.

Діни бірлестіктердің мүлкі мен қаржысына бақылау жүргізу туралы ештеңе айтылмаған...

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

23-бап. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

24-бап. Өтпелі ережелер

1. Діни бірлестіктер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде осы Заңның талаптарына сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті. Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға діни бірлестіктің мәртебесін растайтын құжаттар табыс етіледі.

2. Діни мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырумен айналысатын және осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін діни бірлестіктен басқа өзгеше ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жылдың ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

3. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін өздерінің құрылтай құжаттарын осы Заңның талаптарына сәйкес келтірмеген заңды тұлғалар діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның жүгінуі бойынша сот тәртібімен таратылады.

25-бап. Қорытынды ережелер

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 4, 84-құжат; 1995 ж., № 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті





Р
К
Є
Н

Рейтинговая оценка деятельности преподавательского корпуса высшего учебного заведения является необходимым условием, обеспечивающим мониторинг результативности научно-педагогического труда сотрудников. Ее существование и функционирование определено как внешними, так и внутренними нормативными документами.

В течение шести лет в нашем вузе осуществляется рейтинг ППС и структурных подразделений. Осуществление рейтинговой оценки деятельности по итогам 2010-2011 года проводилось в соответствии с Положением о рейтинге ППС, учебных подразделений (кафедр, факультетов, институтов), утвержденном Ученым Советом университета (Протокол №3 от 04.12.2009 г.). Индикаторы по оценке деятельности были утверждены Ученым Советом (Протокол №4 от 24.12.2010 г.). Все эти документы были размещены на сайте университета <http://www.wksu.kz/>.

Из принявших участие и допущенных к участию в рейтинге учебно-методической работы 59 человек преодолели 100-балльный барьер:

ФИО	Кафедра	УМР	Место
Мамыров А.Ы.	Казахская филология	912,5	1
Мутиев З.Ж.	Казахская филология	373,3	2
Умарова Г.С.	Практический курс изучения языков	370	3
Иргалиев А.С.	Педагогика и психология	335	4
Нагимова М.М.	Музыкальное образование	330	5
Испулова Р.Н.	ТиМПФВ	279,15	6
Муханбеткалиев Х.С.	ТиМПФВ	272	7
Искакова Б.Г.	Учет и финансы	256,5	8
Нурымбетова Ж.И.	Вокал и инструментальное искусство	249	9
Медешева А.Б.	Физика, математика и информатика	227	10
Мусагалиева Г.Б.	Педагогика и психология	224	11
Бактыгулова Б.Н.	История РК	220	12
Науанова К.М.	Всемирная история	218,5	13
Жарылгапова Д.М.	Физика, математика и информатика	204	14
Ергалиева Г.А.	ТиМПФВ	193	15
Садыкова Г.А.	Менеджмент и предпринимательство	189,8	16
Альмуханов Б.У.	ТиМПФВ	184	17
Кажимова К.Р.	Общая педагогика и психология	183,2	18
Адельбаева Н.А.	Педагогика и психология	179	19
Уразгалиева Ж.Е.	История РК	170	20
Молдагалиев Б.А.	Педагогика и психология	167,5	21
Рысбеков Т.З.	История РК	160	22
Окунева О.П.	Музыкальное образование	159	23
Абулкасова Д.Б.	Всемирная история	158,5	24
Мансурова М.А.	Менеджмент и предпринимательство	154,8	25
Ниязгалиева А.А.	Казахская филология	154,1	26
Нургалиева А.М.	Всемирная история	154	27
Ауелбаева Н.Ж.	Правовые дисциплины	153,5	28
Кужабергенова Х.И.	Всемирная история	153	29
Амельченко Л.Б.	ТиМПФВ	150	30
Мухамбетова Г.Г.	Общая педагогика и психология	149	31
Серикова Л.С.	Правовые дисциплины	147	32
Алмагамбетова Н.А.	Практический курс изучения языков	140	33
Жангалиева Р.У.	Учет и финансы	138,5	34
Айткалиева К.Д.	Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	134	35,5
Рустенова Р.М.	Биология и экология	134	35,5
Мельников В.Л.	ТиМПФВ	130	37
Мергалиева Л.И.	Экономическая теория	128	38
Комаров С.Д.	Менеджмент и предпринимательство	124,6	39
Дюсенгалиева М.Г.	История РК	123	40
Аймешева Ж.С.	Менеджмент и предпринимательство	123	41
Молдашева Б.А.	Художественно-прикладное искусство	120	42
Жумагалиева Д.Ш.	Педагогика и психология	118	43
Маденова Л.М.	Общая педагогика и психология	116,3	44
Доскалиева Р.Б.	Общая педагогика и психология	115,7	45
Султангалиева Р.Б.	Казахская филология	115	46,5
Ажгалиев М.К.	Практический курс изучения языков	115	46,5
Жигалин Н.С.	Общее языкознание и перевод	114,5	48
Бекеева Г.А.	Музыкальное образование	114	49,5
Исмурзин Ж.А.	История РК	114	49,5
Жусупкалиева Г.К.	Физика, математика и информатика	110	51
Муханбетчина А.Г.	Педагогика и психология	108,5	52
Абугалиева Г.С.	Педагогика и психология	108	53
Асильбекова Г.А.	Правовые дисциплины	105,5	54
Орлова Л.Г.	Физика, математика и информатика	105	55
Кайсагалиева Г.С.	Биология и экология	104,5	56,5
Байдулова Л.А.	Биология и экология	104,5	56,5
Шайхиев Т.Т.	Всемирная история	101,5	58
Гиззатов С.М.	Правовые дисциплины	100	59

Из принявших участие и допущенных к участию в рейтинге научно-исследовательской работы 53 человека преодолели 100-балльный барьер:

ФИО	Кафедра	НИР	Место
Рысбеков Т.З.	История РК	1525,5	1
Мутиев З.Ж.	Казахская филология	1112,5	2
Мергалиева Л.И.	Экономическая теория	785	3
Адельбаева Н.А.	Педагогика и психология	695	4
Абузаров Р.А.	Практический курс изучения языков	515	5
Джубатырова С.С.	Менеджмент и предпринимательство	375	6
Медешева А.Б.	Физика, математика и информатика	360	7
Иргалиев А.С.	Педагогика и психология	357,3	8
Султангалиева Р.Б.	Казахская филология	345	9
Мамыров А.Ы.	Казахская филология	340	10
Давлетова Б.Г.	Художественно-прикладное искусство	315	11
Муханбеткалиев Х.С.	ТиМПФВ	313	12
Щербанов Н.М.	Общее языкознание и перевод	255	13
Нургалиева А.М.	Всемирная история	250	14
Бекбаев С.Ш.	Физическое воспитание	245	15
Молдагалиев Б.А.	Педагогика и психология	240	16
Дарбаева Т.Е.	Биология и экология	224,2	17
Ажгалиев М.К.	Практический курс изучения языков	220	18
Мельников В.Л.	ТиМПФВ	215	19
Тастаева Ж.К.	История РК	210	20,5
Мухамбеткалиева Р.К.	Казахская филология	210	20,5
Нестеренко Г.И.	Экономическая теория	205	22
Ергалиева Г.А.	ТиМПФВ	199	23
Завадская Л.Н.	Биология и экология	195	24
Испулова Р.Н.	ТиМПФВ	177	25
Сулейменова Г.Н.	Менеджмент и предпринимательство	175	26
Донскова Г.А.	Общее языкознание и перевод	170	27
Гиззатов С.М.	Правовые дисциплины	160	28
Жарылгапова Д.М.	Физика, математика и информатика	150	29
Бабенко О.А.	Вокал и инструментальное искусство	145	31
Муктар А.К.	История РК	145	31
Терещенко Т.А.	География	145	31
Мырина Н.В.	Физика, математика и информатика	142,4	33
Маденова Л.М.	Общая педагогика и психология	139,2	34
Абуханова А.Г.	Теория и практика обучения иностранным языкам	130	35
Дюсенгалиева М.Г.	История РК	125	38,5
Муттайрова Т.М.	Правовые дисциплины	125	38,5
Бисалиев С.А.	ТиМПФВ	125	38,5
Умарова Г.С.	Практический курс изучения языков	125	38,5
Амельченко В.И.	География	125	38,5
Жусупкалиева Г.К.	Физика, математика и информатика	125	38,5
Жищенко А.Н.	ТиМПФВ	120	42
Искалиева А.У.	Физика, математика и информатика	118,3	43
Тасмагамбетов А.С.	История РК	115	44,5
Мансурова М.А.	Менеджмент и предпринимательство	115	44,5
Жароллаева Ж.Ж.	Общая педагогика и психология	110	47
Опря О.В.	Практический курс изучения языков	110	47
Рустенова Р.М.	Биология и экология	110	47
Сарсенбаева Б.И.	Общая педагогика и психология	105	49
Асильбекова Г.А.	Правовые дисциплины	102,5	50
Саркулова М.С.	Всемирная история	100	52
Аманбаев А.С.	Всемирная история	100	52
Булатова К.Б.	Биология и экология	100	52

Из принявших участие и допущенных к участию в рейтинге воспитательной и общественной работы 53 человека преодолели 100-балльный барьер:

ФИО	Кафедра	ВР	Место
Султангалиева Р.Б.	Казахская филология	420	1
Мамыров А.Ы.	Казахская филология	340	2
Испулова Р.Н.	ТиМПФВ	301	3
Рысбеков Т.З.	История РК	272	4
Нагимова М.М.	Музыкальное образование	239	5
Сундеткалиева А.А.	Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	227	6
Абуова Р.С.	Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	212	7
Мергалиева Л.И.	Экономическая теория	205	8
Ихласова Ж.М.	Биология и экология	195	9
Кайсагалиева Г.С.	Биология и экология	183	10

№ 13 (870) қараша 2011 жыл


14

Шайхиев Т.Т.	Всемирная история	180	11
Нургалиева А.М.	Всемирная история	176	12
Асильбекова Г.А.	Правовые дисциплины	172	13
Гиззатов С.М.	Правовые дисциплины	160	14
Молдагалиев Б.А.	Педагогика и психология	156	15
Мухамбеткалиева Р.К.	Казахская филология	155	16
Амельченко Л.Б.	ТиМПФВ	154	17
Умирзаков Б.Е.	Казахская филология	152	18
Есентемиров Д.Н.	Музыкальное образование	150	20,5
Тасмагамбетов А.С.	История РК	150	20,5
Жарылгапова Д.М.	Физика, математика и информатика	150	20,5
Уланов Б.В.	Физика, математика и информатика	150	20,5
Мутиев З.Ж.	Казахская филология	148	23
Давлетова Б.Г.	Художественно-прикладное искусство	145	24,5
Альмуханов Б.У.	ТиМПФВ	145	24,5
Мамышева М.В.	Биология и экология	143	26
Коленко И.М.	Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	141	27
Ергалиева Г.А.	ТиМПФВ	138	28
Мырмина Н.В.	Физика, математика и информатика	133	29
Бекбаев С.Ш.	Физическое воспитание	128	30
Темиргалиева М.Х.	Физическое воспитание	127	31,5
Кажирахметов С.А.	Биология и экология	127	31,5
Сулейменова Г.Н.	Менеджмент и предпринимательство	126	33
Баюканская С.Ф.	Педагогика и психология	125	34
Щербанов Н.М.	Общее языкознание и перевод	123	35
Клышев Е.Е.	История РК	121	36
Айткалиева К.Д.	Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	120	37,5
Дарбаева Т.Е.	Биология и экология	120	37,5
Байдулова Л.А.	Биология и экология	118	39
Алимбаев Г.Б.	Вокал и инструментальное искусство	115	40,5
Мельников В.Л.	ТиМПФВ	115	40,5
Рустенова Р.М.	Биология и экология	114	42
Сатагалиева С.М.	Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	111	43
Власова Н.А.	Правовые дисциплины	110	45
Курмашева Д.Н.	Общая педагогика и психология	110	45
Винник Р.Э.	Общее языкознание и перевод	110	45
Байболсынова А.С.	История РК	108	47
Сырым Ж.С.	Физика, математика и информатика	107	48
Кузьмичёва А.Е.	Физика, математика и информатика	105	49
Умарова Г.С.	Практический курс изучения языков	104	50
Хайруллина А.К.	География	101	51
Шакенова А.Н.	Вокал и инструментальное искусство	100	52
Жигалин Н.С.	Общее языкознание и перевод	100	53

Преодолевших 100-балльный барьер по всем трем направлениям работы насчитывается 15 человек:

ФИО	Кафедра	НИР	УМР	ВР	Сумма	Место
Рысбеков Т.З.	История РК	1525,5	160	272	1957,5	1
Мутиев З.Ж.	Казахская филология	1112,5	373,3	148	1633,8	2
Мамыров А.Ы.	Казахская филология	340	912,5	340	1592,5	3
Мергалиева Л.И.	Экономическая теория	785	128	205	1118	4
Султангалиева Р.Б.	Казахская филология	345	115	420	880	5
Испулова Р.Н.	ТиМПФВ	177	279,15	301	757,15	6
Умарова Г.С.	Практический курс изучения языков	125	370	104	599	7
Нургалиева А.М.	Всемирная история	250	154	176	580	8
Молдагалиев Б.А.	Педагогика и психология	240	167,5	156	563,5	9
Ергалиева Г.А.	ТиМПФВ	199	193	138	530	10
Жарылгапова Д.М.	Физика, математика и информатика	150	204	150	504	11
Мельников В.Л.	ТиМПФВ	215	130	115	460	12
Гиззатов С.М.	Правовые дисциплины	160	100	160	420	13
Асильбекова Г.А.	Правовые дисциплины	102,5	105,5	172	380	14
Рустенова Р.М.	Биология и экология	110	134	114	358	15

Всего статистическая отчетность по итогам работы в 2010-2011 учебном году была сдана 239 преподавателями университета из 21 кафедры. Таким образом, 65,1% преподавателей и 95,4 % кафедры приняли участие в ранжировании. Чтобы выявить динамику результативности работы по указанным направлениям научно-педагогической деятельности, был осуществлен сравнительный анализ первой сотни ППС по трем направлениям деятельности.



Как свидетельствуют представленные результаты, первая сотня преподавателей по УМР в 2009-2010 и в 2010-2011 учебные годы набирала в среднем по 100,9 и 138 баллов соответственно. То есть, отмечается прирост результатов работы в учебно-методической деятельности. Что касается научно-исследовательской работы, то результативность в этой сфере возросла: с 82 баллов до 379,5 балла. Результаты воспитательной и общественной работы первой сотни ППС в отчетном году несколько снизились. В среднем первая сотня ППС стала набирать по 118,7 балла.

Среднеарифметическая оценка кафедр на основе индивидуального рейтинга ППС по УМР, НИР и ВР недостаточно отражает требования, предъявляемые аккредитационными и рейтинговыми агентствами к деятельности вуза. Для соответствия требуемым показателям в 2010-11 г., для оценки кафедр были введены индикаторы по качественному составу студентов, по качественному составу ППС, по уровню международного сотрудничества. Таким образом, при оценке кафедр университета применялась следующая схема.


НИР	УМР	ВИОР	СТУДЕНТЫ	ППС	М/С	Сумма
Среднеарифметическое по итогам рейтинга ППС кафедры	Среднеарифметическое по итогам рейтинга ППС кафедры	Среднеарифметическое по итогам рейтинга ППС кафедры	По итогам рейтинга кафедры	По итогам рейтинга кафедры	По итогам рейтинга кафедры	Сумма баллов

Итоги рейтинга кафедр ЗКГУ за 2010-11 учебный год.

Кафедра	НИР	УМР	ВР	Студенты	ППС	МС	Всего
ТиМПФВ	88,6	98,4	63,0	535	90	15	890
Казахская филология	154,2	121,4	90,3	260	145	50	820,9
История РК	168,5	85,3	72,6	135	110	60	586,4
Биология и экология	69,5	45,3	81,7	210	85	80	571,5
Педагогика и психология	66,8	77,3	40,3	210	95	60	549,4
Общее языкознание и перевод	32,7	43,6	58,7	125	95	80	435
Физика, математика и информатика	39,9	58,3	57,4	155	80	35	425,6
Всемирная история	45,5	74,7	41,7	137	110	0	408,9
Музыкальное образование	8,0	44,5	26,3	168	110	45	401,8
Правовые дисциплины	32,2	30,3	44,6	205	65	20	397,1
Менеджмент и предпринимательство	26,4	48,7	30,8	115	80	70	370,9
Художественно-прикладное искусство	11,3	13,5	10,4	270	45	10	360,2
География	18,5	14,1	36,6	120	85	75	349,2
Вокал и инструментальное искусство	19,3	43,9	28,3	210	45	0	346,5
Теория и практика обучения иностранным языкам	38,1	46,6	53,0	120	40	40	337,7
Экономическая теория	93,2	14,3	21,0	65	70	70	333,9
Театрально-хореографическое искусство и библиотековедение	11,2	34,5	65,3	90	75	0	276
Учет и финансы	6,5	40,9	33,2	195	80	25	246,8
Практический курс изучения языков	54,5	41,9	17,0	-	65	0	218,4
Физическое воспитание	60,4	17,1	69,0	-	55	0	201,5
Общая педагогика и психология	35,5	60,2	48,8	-	40	0	184,5

Большинство кафедр выполнило требования, предъявляемые к их работе, и имеют высокие или достаточные баллы по всем направлениям. Следует отметить, что есть кафедры показатели которых равны или близки нулю. Именно этим кафедрам следует серьезно обратить внимание на организацию работы. Тем кафедрам, которые занимают достойные места в рейтинге, также следует обратить внимание на направления работы, по которым требуется повысить показатели, или сделать их более разносторонними. От всей души поздравляем победителей в индивидуальном рейтинге ППС и коллективы кафедр занявших высшие места!

Олег ЮРОВ,
Директор Центра стратегического развития и аккредитации ЗКГУ





ЖАҒЫЛЫМ

Педагогика факультеті 5В010300 «Педагогика және психология», 5В010200 «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», 5В012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» бөлімінің жаршысы



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қазақстандықтардың жаңа генерациясын қалыптастыруға бағытталған «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобасының мәнін мемлекетімізді бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдырудың жолы ретінде айқындайды. Біздің еліміздің интеллектуалды ұлтын қалыптастыру аса қажет. Ал ұлт үміті - бүгінгі

білікті кадр, педагог-психолог, әлеуметтік сала педагогы, дене тәрбиесі ісінің майталман маманы тұрғысында, болашақ Қазақстанның интеллектуалды элитасы ретінде тәрбиелеуге тамшыдай болса да үлес қосқай! Сондай-ақ, жеке тұлға сөз құдіреті арқылы қоғамдық ортамен қарым-

«ТАҒЫЛЫМ», «САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ» басылымдарына ақ жол!

студент-жастар. Саналы да сапалы, білімді де белсенді студенттері бар университет қашан да еңселі, келешегі кемел.

Бізге тынымсыз ізденімпаз, таңдаған мамандығының қыр-сырын жете меңгеруге ұмтылымпаз, өзі тәлім алып жүрген білім ордасын – Альма-Матерін қадірлей білетін жүректі түлек қажет. Осы ізгі жолда «Тағылым» және «Салауатты өмір салты» жаршылары студенттердің әлеуетін оятуға түрткі болғай; жастардың

білімділікке, интеллектіге ұмтылысын оятуға, Отан мен халыққа қызмет етуге деген көзқарастарын өзгертуге септескей; ұлттық интеллектінің діңін құруға ұмтылыс танытқай; студенттердің эрудициясын кеңейткені; білім алу үдерісіне мүмкіндігінше кеңірек қарауға баулығай; студент ізденісінің озық үлгісі болғай.

Қысқасы, педагогика факультетінің «Тағылым», «Салауатты өмір салты» жаршылары бүгінгі студенттерді ертеңгі

қатынасқа түсіп, кез-келген жағдаяттан іскерлік, білімділік дағдысын орынды пайдалана білгенде ғана тұлға ретінде танылады. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданып жүрген факультетіміздің ғалым-оқытушыларына, осы жолға ден қойған ізденімпаз студенттерімізге жемісті еңбек тілеймін.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
п.ф.д., профессор,
педагогика факультетінің деканы

• Біле жүріңіз

БОЯУДА ДА БОЛМЫС БАР

Кез келген түс адамның мінезінің қандай екенін танытады. Айналадағыларды жіті танығың келсе, олардың қандай түсті жақсы көретінін біліп алып, осы мақаланы оқып шығыңыз.

Сұр - бейтарап түс. Ол ешқандай психологиялық әсер тудырмайды. Жүйкені тоздырмайды да тыныштандырмайды. Сіз осы түсті жақсы көрсеңіз, шудан аулақ жүретін адамдардың қатарындасыз. Мамыражай тыныштықты қалайсыз. Сізді ешкімге сыр аша бермейтін, томаға-тұйық мінезділердің қатарына қосуға болады.

Көк түс - сезімталдықтың, тұрақтылықтың және адалдықтың белгісі. Бұл түсті жақсы көретін адам ылғи мінез-құлқының тепе-теңдігіне ұмтылады. Сәл сәтсіздікке ұшыраса, еңсесі түсіп, жүнжіп кетеді. Ал бұл түсті ұнатпайтындар, негізінен, мазасыз алып-ұшпа келеді. Олар енжарлықты, тоқырап, тежеліп қалуды білмейді. Алайда асығыс шешім мен үстірт қимылдан аулақ болғаны жөн. Айналасындағыларға шыдамдылықпен, түсіністік пен қарағаны дұрыс.

Жасыл түс - тұрақтылықтың белгісі. Мұны әдетте, байсалдылықтың, жеке адамның өзіне деген сенімін арттыратын байыптылықтың өлшемі ретінде де қарастырады. Жасыл түсті жақсы көретіндер - өзін-өзі шыңдауға, жеке басының жетістігін еселеуге жаны құмар жандар. Әдетте, мұндай адамдар тік мінезді, қалай да өзінің шешімін іске асыруға талпынатындар. Ерік-жігері мықты, табандылығының арқасында кез келген қиындықты бұзады. Бірақ олар төңірегіндегілерге ұнай қоймайды. Жасыл түсті ұнатпайтындар жас баладай өкпелегіш болады. Ылғи мұңы мен өкпесін айтып жүреді. Күйкі ойлардың құрығынан шығайын десе, батылдығы жетпейді.

Қызыл түс - өмірге құштарлықтың белгісі. Ол табысы мол қамалға тайсалмай ұмтылатын, кез келген салаға адам айтса сенгісіз белсенділік танытатын адамның мінез-құлқына тән. Егер бұл түсті жақсы көрсеңіз, онда сіз қауырт іс-қимылдарды жасап, өзіңіздің сеніміңіздің әсеріне желіліп жүресіз. Ал осы түсті жек көретіндер - негізінен, қиянат пен кикілжіңнен бойын аулақ салатын, мінезі орнықты адамдар.

Сары түс - кеңістікті, яғни қысым мен қорлықтан ада азат өмірді бейнелейді. Бұл түсті жақсы көретіндер тәуелсіздікке ұмтылады. Олар ешқашан жарқын болашақтан үміт үзбейді, өзінің

Болашақ мұғалімге талап зор

Білім беру саласы бірінші кезекте сапалы даярлығы бар оқытушылармен айқындалады. Өкінішке орай болашақ мұғалімдер-студенттердің бір бөлігі осы ойды жете түсінбейтіндігі байқалады. Мемлекеттің экономикалық-саяси формацияларының ауысуымен байланысты Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде мемлекеттік қамқорлықтан бас тарту қажеттілігін; топтық таңдаудан жеке адамның өз таңдауына көшуді жүзеге асыру керектігін; топтық бақылаудан өзін-өзі бақылау тұтқаларын жасауға тиісті қажеттілігімізді баса атайды. Ал бүгінде осы идеялар жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде көрініс табуда.

Болон үрдісінің параметрлеріне сәйкес еліміздегі ЖОО-лар оқудың кредиттік жүйесіне негізделген оқыту процесін жүзеге асыруда. Ал ол студенттен өздігінен білім алуды, өзін-өзі дамытуды, дербестікті, тәртіптікті талап етеді. Студент өзіне қажет ақпаратты дербес табуға, оны сыни тұрғыдан бағалауға үйрену қажет. Өзірше, елімізде оқытындардың бойына ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысы сіңірілмеген. Практика студенттік орта мен кешегі оқушының ортаға бейімделе алмауының арасында қайшылық бар екендігін көрсетіп отыр. Біздің кейбір студенттер сабақты ойланбастан тез жібере салады. Бұл жағдай бізді ойлантпай қоймайды. Сондай-ақ студенттерді мемлекеттік тілдегі оқулықтармен қамтамасыз ету күткен дәрежеде емес. Елімізде мамандықтар бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтармен қамтамасыз ету 30 % құрайды. Қанша ай болса да, дипломдық жұмыс тақырыбын студенттер тек 4 курста таңдайды. Осының кесірінен студент ғылыми-зерттеу жұмысының қыр-сырын толық меңгере алмай, дипломдық жұмысты талапқа сай жаза алмай жүр.

Қорыта айтқанда, кредиттік оқыту жүйесі студенттердің оқытушылармен біріге отырып, инновациялық-педагогикалық технологияларды іздентушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын меңгеру, көп тілді мұғалім болып шығуын қажет етеді.

Байжан МОЛДАҒАЛИЕВ,
п.ф.к., доцент

жоспарын жүзеге асырудан еш уақытта бас тартпайды. Алайда күрт өзгерістерге құмарлықтың соңы сағымдай құбылған алдамшы мақсаттарға еруге ұласуы мүмкін. Сондықтан шаш етекпен шығынға батып қалып жүрмеңіз. Ал сары түсті ұнатпайтындардың мінезінде ұстамдылық пен психологиялық байсалдылық жетісе бермейді.

Күлгін түс екі бояуды - көк пен қызылды бойына жинаған. Өлгінде айтқандай, көк түс тұрақтылық пен адалдықты, қызыл түстің жігерлілікті, құштарлықты білдіретіні мәлім. Күлгін түсті ұнататындар ішкі қарама-қайшылығы мол адамдар. Олар алдағанға сенеді, азғырғанға көнеді. Сөйте тұра, айналасындағыларға ықпалын жүргізуге кет әрі емес. Алайда, ең шешуші сәтте, яғни шұғыл шешім қабылдау кезінде таса-да қалып қойғанды жақсы көреді. Мұндай адамдар жалғыздықтан қорқады. Өзінен гөрі өзгелерді дәріптеп, олардың жаманын жасырып, жақсысын асыруға тырысады.

Қоңыр түс - әсершілдікті білдіреді. Дені сау, жігерлі адамдар бұл түсті онша жақтырмайды, ал оны жақсы көретіндер - әбден қажып, тынығуды қалаған жандар. Егер бұл түс ұнамаса, сіз бірізділікті, жаттандылықты және жадағай шешімді жек көресіз.

Қара түс - сыртқы әсерді тежеу мен шектеу үлгісін бейнелейді. Бұл түсті жақсы көретіндер тағдырмен бетпе-бет келгенде ылғи жеңіліске ұшырап, аз ғана ғұмырын ағысқа қарсы жүзумен өткізеді. Егер жақтырмайтын болсаңыз, онда сіз еш нәрседен бас тартпайсыз, сол арқылы өміріңізде көптеген оқиғаға душар болып, қиындық көруіңіз ықтимал. Сондықтан кейбір оқиғалардан бас тартып, әлдекімдермен санасуға үйренгеніңіз ләзім.

Ғаламтор материалдары бойынша әзірлеген:
Венера НҰРМҰХАНБЕТОВА, 06301-топ

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

Қадірлі студенттер қауымы! Сіздерді қарашаның 16-сы мен желтоқсанның 16-сы аралығында педагогика факультетінің ұйымдастыруымен өтетін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік - азаттықтың алтын діңгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші!» атты тәрбие айлығына белсене қатысуға шақырамыз. Бағдарламада педагогика факультетінің профессор-оқытушылары, магистранттары мен студенттерінің қатысуымен ерлік сабақтары, интеллектуалды сайыс, шеберлік класы, пікірталас (дискуссия), ойбеліс (дебат), дөңгелек үстелдер, ән байқауы, семинар-кеңес, кездесу, әдеби-сұхбат кештері жоспарланған. Келіңіз, өкінбейсіз!

ДЕКАНАТ

• Жыр толғағы - туған жер

Ақжайық - ару мекенім!



Жайығым сенің жағанда өткен күндерім, Есімде менің достармен мәз боп жүргенім. Балалығымның шаттығы қалған мекенде, Жүректен бүгін жырлауға қалам сермедім.

Толғанып бүгін жырымды саған арнадым, Ақжайық мекен, қымбатсың маған анамдай, асыл ардағым. Өзіңе деген сағынғанымды туған ел, Жырыммен саған жеткізу ұлы арманым.

Сыр шертсем бүгін сен жайлы

Ару Ақжайық, Сендегі көңіл қалар ма еді марқайып, Тудырған ұлы асылдарыңды жыр қылып, Ару мекеннің арыс ұлдарын жырлайық.

Жыр қылсам сенің жетеді текті ұлдарың, Жайығың ән ғып арналған асыл жырларын.

Динадай арда күйшіні жырмен тудырған, Туған жер сенің алтын ғой ана құрсағың.

Кешегі өткен ер Махамбеттің тілегі, Шайқасқа түссе елім деп соққан жүрегі. Найзаның ұшы, білектің жұмыр күшімен, Қорғаған елін Жайықтың батыр ұлы еді.

«Мен қазақпын мың өліп мың тірілген», Деп жырлағын Жұбан да мұң тілімен. Жайықтың перзенті еді о да дара, Жырымен Ақжайыққа өлең өрген.

Кешегі Қадыр ағам өлең қылған, Жайық та өр ақынның елі болған, Бүгінде Ақжайықтың Қадырының, Келешек ұрпағына жыры қалған.

Асылбек жұлдыз еді ерте аққан, Өнерін ән-айтыстан қалап тапқан. Қарт Жайықтың намысын ту ғып ұстап, Айтыстың аспанына шырақ жаққан.

Данагүл БӨЛЕГЕНОВА,
әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының студенті

Базартөбем

Туған жерім- Базартөбем, Табиғатың қандай көркем. Ару Жайық, қалың орман, Жасыл желек сұлу өлкем!




Өнге қосып мақтана алам, Сөйгүліктер шапқан далам, Саған арнап Жұбан атам, „Базартөбем“ жыр арнаған.

Күәгерсің өткеніме, Балалық шақ- көктемі ме. Мәз-мейрам боп қуанамын, Самал желдің өпкеніне.

Құт мекенім көркей, гүлде, Жер жетпейді бөктеріне. Жан-жүрегім шымырлайды, Сенен жырақ кеткенімде.

Гүлмаржан КЕНЖЕБАЕВА,
бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының студенті



Жастардың сенімді тірегі болғай!

Халық тұжырымына жүгіне айтсақ, денсаулық кепілі – тазалық. Тәні саудың - жаны сау. Әлсіз денеге ауру ұялағыш. Он екі мүшең сау болса, сәулет емей немене, он саусағың сау болса, дәулет емей немене. Иә, дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі деген осы. Бабаларымыздан мынадай да дана сөз қалған: «Ақша жоғалтқаның, ештеңе жоғалтпағаның; уақыт жоғалтқаның, көп нәрсе жоғалтқаның; денсаулық жоғалтқаның, бәрін жоғалтқаның».

Педагогика факультетінің студент жастарына айтарым, сіздер - егемен еліміздің келешегісіздер. Қоғамдағы жат қылықтардан, жаман әдеттерден аулақ болғайсыздар! Спортпен шұғылданы және салауатты өмір салтын сақтау - басты кредоларыңыздың бірі болсын! Ал, факультет деканының бастамасымен тұңғыш жарық көргелі отырған «Салауатты өмір салты» атты жаршыларыңыз осы бағыттағы жастардың мол ақпарат көзі, сенімді тірегі болғай!

Қамеш ИСМАҒҒЛОВ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
жаттықтырушысы, ҚР Құрметті спорт қайраткері

В. И. Вернадскийге сүйене айтсақ, «жер ғаламшары - біздің үйіміз ғана емес, біз оның бөлінбейтін бөлшегіміз». Үлкендердің айтуынша, ауру батпандап кіреді, мысқалдап шығады. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде», - дейтініміз де осыдан болса керек. Ол үшін не керек? Тазалық керек. Аристотельге жүгінесек, «жанды дене қозғалмаса, өледі». «Емнің алды - еңбек» екенін естен шығару келіспес...

Алғашқы байлық - денсаулық. Құлаққа жағымды, көңілге қонымды-ақ. Өкініштісі, осы түйін сөздің салмағын салмақтауда, жүктер жауапкершілігін сезінуде тереңдей алмайтын секілдіміз. Қай нәрсеге де үстірт қарау адам баласын түбі орға жығары даусыз. Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы екендігін мойындасақ, денені үнемі жиықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау - күллісі де адам денсаулығын түлетер алғышарттар.

Салауатты өмір салтын сақтаудың басты міндеттерін білеміз бе?

Бүгінгі өз тәуелсіздігіне қол жеткізген егеменді қазақ еліне денсаулығы мықты, жан-жақты дамыған, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғалар қажет. Иә, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Халық денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі», - дейді. Аксиомалы тұс: салауатты өмір салтын ұстанбаған мемлекеттің экономикасы құлдырайтыны. Айтыңыздаршы, ауру адам қандай жүйелі іс тындырмақ. Демек, салауатты өмір салтын тұту - ауадай қажет іс, аса керекті күнделікті дағды. Бөлімнің студенттерге арналған жаршысын «Салауатты өмір салты» атауымыз да тегін еместігін енді түсінген шығарсыздар. Ақиқаты, студент жастарымыз - болашағымыздың алтын тірегі.

Ал салауатты өмір салтын жіті сақтау үшін не қажет? Бұл ретте әрбір жеке тұлға төменгі мәселелерді баса ескеріп, назарға тұтса дейміз:

- адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуі үшін, дене құрылысының биологиялық, физиологиялық, анатомиялық құрылымымен таныс болуы тиіс;
- ағзаның қай мүшесінде кемістік пайда болса, оны табиғи заттардың әсерімен қалпына келтіру;



- адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуі үшін, оған саналы түрде жағдай жасау;
- жанды дененің үнемі қозғалыста болуы қағидасын жетекшілік ету;
- жеке бастың тазалығын сақтау;
- дұрыс тамақтану жүйесін ескеру;
- жас ерекшелікке сәйкесті ағзаның күш-қуатын пайдалану міндеттерін білу;
- дененің жан-жақты үйлесімді дамуын есте ұстау;
- дене шынықтыру ісімен жүйелі айналысу;
- серуен, саяхат жасау жүйесінен хабардар болу;

Бұл орайдағы сөзіміздің түйіні – қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастыру келешегіміздің жарқын кепілі екенін айту ғана.

Қадірлі ұстаздар, студенттер! «Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» екенін үнемі есте ұсталық.

Ибраим АБДРАХМАНОВ,
педагогика факультеті деканының
тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары

Діни қызмет Заңын талқылаған жиын

Дін – қоғамның рухани өмірінің маңызды саласы. Ол құдай мен адамның байланысы арқылы адам өмірінің мәніне айналған сана формасы. Дін адамның жеке сеніміне қатысты анықталғанымен, оның белгілі әлеуметтік топтарда және қоғамда алатын орны ерекше.

Бүгінгі қоғамды ойландырып отырған мәселе – діни мәдениетіміз бен діни сауатымыздың төмендігі салдарынан туындайтын лаңкестік әрекеттер. Қоғамымызда түрлі діни ағымды насихаттаушылар көбейіп, сол себепті адамдар арасында рухани адасушылық орын алуда. Мұны біз жат діннің жетегіне еріп адасқандар мен Аллаға серік қосқандардың әрекетінен көре аламыз. Олардың әрекеттері, түрлі террорлық, экстремистік, суицидтік үгіт-насихаттары бүгінгі күнделікті өмірдің көрінісі ретінде қалыпты жағдайға айналып кетпесіне кім кепіл? Кейде сан алуан қым-қуыт шиеленісті жағдайларға қарап, адамзат тарихында дүниені дүр сілкіндірген екі дүниежүзілік соғыс орын алса, бүгінгі қоғамдағы адамзат ендігі тағы да бір дүрбелеңнің қарсаңында тұрғандай сезіледі. Бейбітшілікті орнатудан өзге мақсаттарды көздейтін топтар халықтың бейбіт тірлігін бұзып, санасын қарусыз-ақ жаулап алуды көздейді. Әрине, оның бетін әрі қылсын!

Ислам діні - ұлттар мен ұлыстарды түрі мен нәсіліне жіктемей, бір шаңырақ астына біріктіретін бүкіләлемдік бауырмашылықты насихаттайтын дін. Алайда, бұл ақиқат мұсылман баласының өз ұлтынан, мәдениетінен бас тартып, халқынан безуі дегенді білдірмейді.

Ислам діні - ақиқат пен парасаттылық, адамгершілік пен кішіпейілділік секілді адамға қажет қасиеттерге үгіттейтін ұлы дін. Дегенмен дінді жамылып, саяси, экономикалық мақсат - ойлары бар топтар халқымыздың діни сауатсыздығын пайдалану арқылы санамызды теріс діни көзқарастар арқылы ұландырып, арбап, жалған психологиялық және материалдық қолдау көрсетуінің есебінде түрлі секталарға тартып өз топтарын мүшелермен толтырудың алдында тұрғандай.

Шүкіршілігі, соңғы уақытта ислам дініне бет бұрып,

құбылаға бет түзегендердің қатары артып келеді. Өзіміздің білім ордамыз М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да да дінге бет бұрып, бес парызын өтеп жүрген жастарымыз жетерлік. Тек толғандыратыны, жастарымыз дәстүрлі дінді ұстанып жүр ме, әлде жат діннің құрығында кетіп, дәстүрлі емес діндердің құрбанына айналуға ма, міне, осы өзекті мәселе. Әрине, егер дәстүрлі дінге бет бұрып, бойларын таза ұстап, имандылыққа бастау алса - ізгі іс. Дегенмен елімізде ара-тұра орын алып жатқан бүліктерді де айтпай кету мүмкін емес. Атыраудағы жағдай, Ақтаудағы түрмеден қашу, Алматыдағы атыс-шабыс, т.б. өңірлердегі зираттарға шабуыл, Ақтөбедегі жарылыс, Тараздағы оқиға мұның бәрі теріс діни әрекеттерге деген тосқауылдың әлсіздігінен болуы мүмкін. Десек те жастарды осындай теріс ағымдардың жетегінен арашалап қалу әрекетімен арнайы мекеме мен қоғамдық бірлестіктер айналысып жатқандығын баса айта аламыз.

Біздіңше, жастарымыз саналы түрде өзге діннің ағымында кетіп жатқан жоқ, олар діни сауаттылықтың төмендігі мен қоғамдағы алдын алу жұмыстарының жеткіліксіздігі салдарынан адасып жүр. Осы орайда М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың педагогика факультетінде «Педагогика және психология» мамандығында оқитын 06401-тобы студенттерінің ұйғарымымен «Қазақстан Республикасының Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңымен таныстыру мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. №7 оқу ғимаратымыздағы оқу залында кітапхана қызметкерлерінің қолдауымен «Дін – даналық, тазалық» атты кітап көрмесі әзірленді. Діни ағарту мақсатында облысымыздағы діни секталар жөнінде бейнефильм көрсетілді. Педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Қыдыршаев «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң баптарымен таныстырып, заң аясында туындаған діни мәселелерге жіктеме жасады. Күн тәртібіндегі мәселе жөнінде педагогика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.С.Абдрахманов, 4 курс студенттері Гүлшәрбат Қыдырашева, Арайлым Төремұратова, кітапхана қызметкері

Хочешь быть здоровым?

Под здоровым образом жизни понимается оптимальный режим работы и отдыха, сбалансированное питание, достаточная двигательная активность, соблюдение правил личной гигиены, закаливание, отсутствие пагубных привычек, любовь к людям, положительное восприятие жизни. Здоровый образ жизни позволяет быть до старости здоровым психически, нравственно и физически.

Несколько советов для тех, кто хочет вести здоровый образ жизни и прожить долгую жизнь:

1. Беспокойтесь о здоровье, начиная с молодости, есть много болезней, которые проявляются с годами, хотя их корни в детстве.
2. При проблемах со здоровьем начинайте периодически проходить диспансеризацию.
3. Не волнуйтесь, чтобы не осложнять работу организма, ускоряя процесс старения.
4. Не держите обиды, учитесь прощать.
5. Помните, что семья и близкие друзья - уникальная ценность и главное в Вашей жизни.
6. Занимайтесь физическим трудом или фитнесом, стараясь проводить максимально много времени под открытым небом.
7. Спите 8 часов в день - отдых восстанавливает жизненную силу и часто лечит лучше любых лекарств.
8. Не курите, не употребляйте алкоголь и наркотические вещества.
9. Не поддавайтесь скуке и не разрешайте себе падать духом.
10. Найдите время для хобби, оно помогает расслабиться и делать жизнь более разнообразной.

Советы студентам

Здоровье - это достояние всего общества, которое невозможно оценить. Мы желаем друг другу крепкого здоровья, когда встречаемся или прощаемся, потому что это - основа счастливой и полноценной жизни. Доброе здоровье обеспечивает нам долгую и активную жизнь, способствует выполнению наших планов, преодолению трудностей, дает возможность успешно решать жизненные задачи. Но жизненный опыт показывает, что заботиться о своем здоровье люди начинают лишь после того, как недуг дает о себе знать. А ведь можно предотвратить эти заболевания в корне, нужно только вести здоровый образ жизни. Очевидно, что здоровье зависит не только от лечебно- профилактических мероприятий, но и от самого человека.

Существует 10 советов, разработанных международной группой врачей, диетологов и психологов, которые составляют основу здорового образа жизни. Следуя им, можно продлить, сделать более приятной нашу жизнь.

1. Работа- важный элемент здорового образа жизни. Найдите для себя работу, которая будет вам в радость.
2. Чаше двигайтесь. Учеными доказано, что даже восемь минут занятий спортом в день продлевают жизнь.
3. Спать лучше в прохладной комнате, это способствует сохранению молодости.
4. Не ешьте слишком много. Вместо привычных 2500 калорий обходитесь 1500. Это способствует поддержанию активности клеток, их разгрузке.
5. Меню должно соответствовать стандартам.
6. Периодически балуйте себя. Несмотря на рекомендации, касательно здорового образа жизни, иногда позволяйте себе вкусняшку.
7. Имейте на все свое мнение. Осознанная жизнь поможет как можно реже впадать в депрессию и быть подавленным.
8. Дольше сохранить молодость помогут любовь и нежность. Укреплению иммунной системы способствует гормон счастья (эндорфин), который вырабатывается в организме, когда человек влюблен.
9. Не всегда подавляйте в себе гнев. Различными заболеваниями, даже злокачественным опухолям, более подвержены люди, которые постоянно ругают самого себя вместо того, чтобы рассказать, что их огорчает, а иногда и поспорить.
10. Разгадывая кроссворды, изучая иностранные языки, производя подсчеты в уме, мы тренируем головной мозг. Таким образом замедляется процесс возрастной деградации умственных способностей; активизируется работа сердца, система кровообращения и обмен веществ.

Рания НАСЫРОВА, 05302-гр.

Меңзипа Дінғалиевалар сөз алып, студент қауымына қарата өзіндік пікір-түйіндерін ортаға салды. Факультет деканының басшылығымен ұйымдастырылған шара студенттердің діни сауатын белгілі бір деңгейде арттыруға септігін тигізді деген ойдамын. Сөз соңында, шара факультетіміздің әрбір тобында кураторлық сағаттарында қолға алынып, Заң талқылануға келісілді. Қысқасы, жастарымызды имандылыққа, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұстанып келген асыл дініміз исламға баулысақ, түрлі жат ағымдардың жетегіне кетпейтін болады деген тұжырымға ден қойсақ, жас ұрпақтың өмірде дұрыс бағытын таңдауында аға ұрпақтың дұрыс жол сілтеуі аса қажет! Иә, әрбір ұлтты ұстап тұрған үш алтын дінге бар: тіл, дін, жер. Міне, осы үшеуі мықты болса, ол халықтың рухы биік саналады, осыны баса назарда ұстайық, құрбы-құрдастар!

Венера ДАУЛЕТОВА,
06401-топ студенті



Махамбет

Сахараның мекендеп кең құшағын,
Қазағым желдей жүйрік тез ұшатын.
Алтайдан Атырауға кең көсілген
Даласын қазағымның мен құшамын.

Дана бар ма қазақтай жер бетінде,
Жер бетінде жоқ, сірә, ел шетінде.
Көкпар ойнап, қыз қуған қазағым-ай,
Жатыр дала сазымен тербетіле...

Тарих тұнған қазағымның даласы,
Елі үшін жанын қиған баласы.
Қара жерде қадауланған төбелер,
Зұлмат жылдың ойып салған жарасы.

Көк теңізде қазағымның кемесі,
Дайын міне, дауылдарға келесі.
Ж ас жүрекке шоқ түсірген бір жан бар,
Ол - Махамбет марғасқаның елесі.

Оққа оранып, жалын құшқан Махамбет!
Тайғақ жерде тіреу болған Махамбет!
Қазағымның аспанында түнерген,
Қайғы бұлтын қалқалаған Махамбет!

Алдамшы өмір адамзатты арбады,
Алмас уын шаша түсіп, қарғады.
Малғұн ойдың мазағына ие боп,
Бір ақымақ Махамбетті жалмады.

Ей, Махамбет! Болмысың бекзат асыл ең,
Жарқылдап тұрған жасын ең.
Өзіңдей өрен өсірген мына халқымды,
Ойласам шалқардай шалқып, тасыр ем!

Құбылмалы дүние құйқылжып ырғалады,
Жүрегінде жұртыңның сыр қалады.
Сен шығарған күйлердің, өлеңдердің,
Ғасыр бойы сақталар ырғағы әлі.

Жадыра ЖАУМЫТБАЕВА,
экономика және басқару факультетінің
1 курс студенті

Болмысы бекем-Еркіндік!

Қайранда менің қазағым ...
Тағдырың кетті бұғаулы күндер тұсаған,
Ұшпайтын еді ұясынан да құс аман.
Азалы жылдар, қазалы күндер өткен-ді,
Тар кеудең шерге көкірегің толып құсадан.
Жанында болып жазықсыз жын мен жыбырдың,
Қаңғыбас жауға қынапсыз қылыш суырдың.
Қайғымен көшіп Қаратау асқан елім-ай,
Алқакөл жаққа Ақтабан күйде шұбырдың.
Аштықты көріп, жоқтықты естен шығармай,
Жалындың күнде Тәңірге ұлы дұға арнай.
Арқаңа батып бодандық деген қу қамыт,
Алты алашым-ай азапқа болдың сыңардай.
Еріңнің басы домалап жатты қансырап,

Бұйырмаған-ау бұйығы елге тамшы бақ.
Арысыңның әруағын айтып арты өлген,
Қоясың кейде намысыңды қамшылап.
Махамбет сынды ұлдарың өтті ақырып,
Қаймана елді бірлікке бастап шақырып.
Қайраттай ұлдың басы да кеткен жазықсыз,
Еркіндік болды өшпейтін бізге тақырып...
Тәуелсіз ел боп тұғырды биік сайладың,
Арасын шалғай Атырау-Алтай жайладың.
Дінің мен тілің қауышты қайта еліммен,
Туыңды көкке құламас қылып байладың.
Азаттық алып азанды шақта желпіндік,
Азаптан ан-о-оу сабырмен ғана серпіндік.
Қамаса торға торғайға дағы қиянат,
Сен аман болшы ...
Тамыр терең, болмысы бекем - Еркіндік!

Тіл туралы...

Жанарымнан қан емес, жас тамбайды,
Әлі күнге кетпей жүр бастан қайғы.
Өзге елдің мансұғын таңсық етіп,
Бұл қазақ жағынудан жасқанбайды.

Кеткен-ді ұлт іргесін қорлап жалған,
Енді бізге не қайыр қолда бардан?!
Даласына кірме тілдер «күйеу» болып,
Санасына социализм орнап алған.

Келсе-дағы еркіндік теңдігі арай,
Мұң-наламды шағамын енді қалай?
20 жылда ештеңе оқсатқан жоқ,
Түрсе де көкелерім жеңді талай.

Тілім деп шырылдаса текті балаң,
Кеудемнен кетірейін кекті қараң.
Ана тілдің қадірін аспандатып,
Тіл жайлы толғанар сөт жетті маған.

Қазақты қазақтыққа жаратар сын,
Киеңмен күллі әлемді қаратарсың.
Арымның бүршігіңдей – ана тілі,
Анамның ақ сүтіне пара-парсың.

Бөрімізге биік қой жалпақ құны,
Кетпесе де шаң қаптырып қалпақтыны.
Ана тілім қадірің төмен болса,
Ол сенің қазағыңның жалтақтығы.

Алтынбек ЕРМЕКҚАЛИЕВ,
БҚҒА, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
1 курс студенті

Тәуелсіздік таңы

Алып Алаш - сан ғасырлы тарихым,
Санамдағы сансыз сұрақ жайратып.
Қазақ дана, қазақ өлем - мекенім,
Осы әлемде шексіз бейбіт бар бақыт.
Туып-өстім, өркендедім мекендеп
Қазақстан менің елім екен деп

Сүйіп өтем, мақтан етем әрдайым
Осы әлемде өсіп-өнем өркендеп.
Ел кірпіші қаланады басшымен
Қазақстанның туын көкке көтерер.
Мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жыл.
Желтоқсанның бірінен
Назарбаев халықты алға жетелер.
Тәуелсіздік сан ғасырлы арманда
Азаматтар құрбан болып жалғанда.
Бас иеміз қанша боздақ қыранға
Қуанамын әр таңым бейбіт атқанға.
Қазақстанның алтыны шығып қаңтарда
Елім менің дамып жатты сол таңда
Ұлттық теңге мәртебесі асқақтап
Бекітілді дербес ту мен елтаңба .
Үш биімді үш төбеге көтерді.
Батырларды байрақ етті басына.
Қару алып қорғаған асыл мекенді
Қалайша біз тастаймыз жау қасына!
Тәуелсіздік - ата баба арманы,
Ұрпағына мол мұраны салғаны.
Бейбітшілік күнге бізді жетелеп
Келер күнге үміттерін жалғады.
Тәуелсіздік мерейлі елдің күні еді,
Аспанымыз бейбіт, мәңгі күледі,
Елім, жерім дейтін әрбір азамат
Соқсын мәңгі «қазақ» дейтін жүрегі!

Шаттық ОРЫНБАЕВА,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
колледжінің 1 курс студенті

Бір ел Жайлы (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20жыл толуына)

Сен немен мақтанасың, дардайынсып алдымда?
Қиындыққа бар күшінді аянбастан салдың ба?
Мен көкірек көріп қойып, айтар едім масайрап,
Бұл ел білер қадірін, батқан түнмен таңның да!
Жерінде талай бодандық туы желбіреп,
Күн-түн демей, мазасыздап қанға толды көкірек.
Сол кездегі шын алқынған жүректердің дүрсілі,
Ақиқатта бар сезімнен орны бөлек, тым ерек!
Көресің бе, көздерінде зілдей жатқан ауырды?
Атам қазақ кем болса да сүйрелеген бауырды.
Осы бір елге қонажайлық туғаннан тән болған,
Білемісін, қазақ-қайсар, дүркіреткен дәуірді!
Түпкіл дүние еш иланбай мойындаған бұл елді
Болашаққа қадам басқан етек жиып, буып белді.
Әлемді шарласам да дамылдамай, бұл елдей,
Көрмедім еш елді еңбек еткен түріп жеңді!
Небір шебер ақындар бар әр сөзінен нәр тамған,
Бұл елде әр сәбидің туғанында нұр жауған.
Небір мықты дарындар бар әлемге шулы, атақты,
Бұл елге кел, ғажайып бар, орындалар бар арман!
Жері жатыр ұлан-ғайыр, бес елменен шектесіп,
Осы елде тұрады шуақты жұпар күнде есіп.
Кел бізге, мақтанайық, шын мәнінде қазақпен,
Тұратын баршаға айқара ашып күнде есік.
Тербелсін «қазақ»деген халқы аман ақ бесік!

Ұлжан ҮКІБАЕВА,
филология факультетінің 1 курс студенті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде желтоқсан айының 1 мен 16 жұлдызы аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналып өткізілетін іс-шаралар ЖОСПАРЫ

Өткізілетін күні	Іс-шараның атауы	Өткізілетін орны, уақыты (сағаты)
1 желтоқсан «Азаматтық қоғам»	«Бірлігіміз жарасқан!» атты студенттер арасындағы пікір-сайыс	№1 ғимарат акт зал, сағат 15:00
	«Біз өмірді таңдаймыз!» атты ЖҚТБ ауруының алдын алуға арналған семинар	№ 1 оқу ғимараты акт зал, сағат 11:00
	«Мен – Қазақстан азаматымын!» атты құқық қорғау органдарымен және БАҚ өкілдерімен кездесу	№ 1 оқу ғимараты 316 дәрісхана, сағат 16:00
2 желтоқсан «Дәстүр»	Дәстүрлі орындаушылық өнер бойынша университет студенттерінің арасындағы орындаушылық байқау	№1 оқу ғимараты акт зал, сағат 16:00
	«Қазақ мемлекеттілігі: жарқын бетбұрыс, жойқын ұмтылыс (1991-2011жж.)» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция	№1 оқу ғимараты акт зал, сағат 10:00
3 желтоқсан «Болашақ»	«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы!» атты қайырымдылық акциясы	Облыстық балалар үйі, Сағат 15:00
	«16 декабря в истории Казахстана: вчера, сегодня, завтра» танымдық дәріс	№7 оқу ғимараты 513 дәрісхана сағат 13:00
	Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған факультеттердің біріккен концерті	№1 оқу ғимараты акт залы, сағат 15:30
4 желтоқсан «Сергектік»	Университет жатақханасы студенттерінің «Денсаулық» топтары арасындағы көңілді – эстафеталық жарыс	БҚМУ спорт сарайы сағат: 10.00
	Университет студенттері арасында шахмат, дойбы ойыны бойынша жарыс	БҚМУ спорт сарайы Сағат: 10.00
5 желтоқсан «Ғылым»	«XXI ғасыр және ғылым» атты ғылыми іс-шаралар кешені	№1 оқу ғимараты 205 мәжіліс залы сағат 16:00
	«Батыс Қазақстан облысы тәуелсіздік жылдарында» атты экономикалық тақырыптағы факультетішілік конференция	№2 оқу ғимараты 203 дәрісхана сағат 16:00
	1. «Студенттермен ғылыми жұмыс жүргізуді қалай жетілдіреміз?» әдістемелік семинар	№1 оқу ғимараты 416 дәрісхана сағат 14:30
6 желтоқсан «Мәдениет»	ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай «Тәуелсіз Қазақстан» атты қабырға газеттерінің сайысы	Оқу ғимараттары
	Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған қазақ күресінен педагогика факультетінің біріншілігі	№6 оқу ғимараты спорт залы, сағат 14:30
7 желтоқсан «Алтын теңге»	«Ұлттық валютамыз теңгеге-18 жыл» атты университет студенттері арасындағы зияткерлік сайыс	№2 оқу ғимараты 208 дәрісхана сағат 15:00

8 желтоқсан «Шаңырақ»	«Отан – отбасынан басталады» тақырыбында жетекші педагог-ғалымдардың, саясаткерлердің, ата-аналар мен ұстаздардың қатысуындағы әдеби-патриоттық кеш	№1 оқу ғимараты 301 дәрісхана сағат 15:30
9 желтоқсан «Ауыл»	«Ауылымның жарқын болашағына менің қосар үлесім» тақырыбына арналған қазақ және орыс тілдеріндегі шығармалар сайысы	№1 оқу ғимараты 416 дәрісхана, сағат: 15:00
	«Дипломмен ауылға» жобасы бойынша студенттер арасында дөңгелек үстел өткізу	№2 оқу ғимараты 208 дәрісхана сағат 15:00
	Университетішілік «Қара жорға» ұлттық би байқауы	№1 оқу ғимараты акт залы, сағат 15:30
10 желтоқсан «Астана»	«Елімнің мақтан тұтам Астанасын!» тақырыбындағы қалалық жас ақындар мүшәйрасы	№1 оқу ғимараты 401 дәрісхана сағат 16:00
11 желтоқсан «Білім»	«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Болон процесін жүзеге асыру жолында» тақырыбындағы онлайн-семинар	Негізгі - №1 оқу ғимараты, 205 мәжіліс залы, барлық оқу ғимараттарымен желілік байланыс, сағат 15.00
	Агробиостанция базасында «Салауатты елдің ұланымыз!» демалыс күні	Агробиостанция
12 желтоқсан «Денсаулық»	«Салауаттылық - басты салтымыз!» тақырыбында университетіміздің спорт ардагерлері мен спорт шеберлерінің қатысуымен семинар-кеңес	№1 оқу ғимараты 314 дәрісхана сағат 15:00
	Факультеттердің оқытушылары мен студенттерінен құралған волейбол командаларының арасындағы жарыс	БҚМУ спорт сарайы сағат: 13.00
13 желтоқсан «Серпін»	«XXI ғасыр студенті кім және қандай?» тақырыбында дөңгелек үстел	№1 оқу ғимараты 205 мәжіліс залы сағат 16:00
	«Жасампаздықтың 20 жылдығы!» тақырыбында университетішілік пікір-талас турнирі (қазақша лига, орысша лига)	№1 оқу ғимараты 301 дәрісхана, сағат 15:00 №1 оқу ғимараты 401 дәрісхана, сағат 16:00
14 желтоқсан Мемлекеттік тіл»	«Тілге құрмет – елге құрмет!» тақырыбына өзге ұлт өкілдері студенттерінің арасындағы қазақ тіліндегі байқау	№1 оқу ғимараты 401 дәрісхана, сағат 15:00
14 желтоқсан	«Тәуелсіздік таңы!» тақырыбындағы театрландырылған қойылым, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған университеттің профессор –оқытушылар құрамы, қызметкерлері және студенттерінің қатысуымен «Жасампаздықтың 20 жылдығы!» атты салтанатты мерекелік кеш	№1 оқу ғимараты, акт зал сағат 15:00
15 желтоқсан «Отан»	«Отан – оттан да ыстық!» тақырыбындағы кураторлық сағаттар	Факультеттердің жоспары бойынша кестеге сәйкес
16 желтоқсан	ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған қалалық мерекелік шараға қатысу	Абай алаңы. сағат 10:00

14 ноября на факультете экономики и управления прошла конференция, посвященная 20-летию Независимости РК и к Дню национальной валюты на тему «Посткризисное развитие финансово-банковской системы Республики Казахстан», организованная преподавателями кафедры «Учет и финансы» и деканатом факультета.

К 18-летию Национальной валюты РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Среди приглашенных почетных гостей были заместитель директора ЗКФ «Национальный Банк Республики Казахстан» Сатыбалдина Г.К., директор ЗКФ АО «Сбербанк России» Бурахта А.Н., директор представительства НПФ «Астана» в г.Уральск Тыныбекова Г.С. Открыла конференцию к.э.н., декан факультета Нестеренко Г.И.

Основной целью данной конференции было обсуждение актуальных вопросов финансово-банковской системы в посткризисный период. Докладчиками были

освещены достижения Казахстана в период независимости.

В ходе конференции были заслушаны доклады преподавателя Скок Е.А., ст.препод. Мустафиной А.С., а также студентов специальности «Финансы» и «Учет и аудит» Забесовой Д. и Исмагуловой Э. (4 курс) - «Национальный фонд в РК в посткризисном периоде»; Наримановой А. (2 курс) - «Тенге: история возникновения и его устойчивость в посткризисном периоде»; Кабделовой М. (2 курс) - «Банктік тәуекелдерді басқару және бағалау әдістері»; Куанышевой Г. и

Кабиевой А. (4 курс) - «Холдинг «Самрук Казына как поддержание устойчивости национальной экономики в посткризисный период»; Мазитовой Г. (3 курс) - «Фондовый рынок в посткризисный период развития экономики».

Докладчиками была отмечена историческая значимость даты введения национальной валюты РК – тенге, а также пути повышения роли работников финансовой системы в обеспечении устойчивости экономического роста страны.

В этой связи хотелось бы сердечно поздравить всех работников финансовой системы с профессиональным праздником и пожелать им крепкого здоровья, достижения всех намеченных целей, финансовой стабильности и благополучия.

Пусть казахстанский тенге постоянно служит на благо народа, способствует обогащению и процветанию страны!

Дана ЗАБЕСОВА,
студентка 4 курса ЗКГУ им. М. Утемисова

■ Біле жүріңіз

Америкадағы атаулы мейрамхананың бас аспазшысы Джорд Крамның дайындаған фри картобы келген қонаққа ұнамай, сөз естіп қалады, оны картопты тым қалың етіп кескені үшін айыптайды. Қателігін жуып-шаймаққа ниеттенген Крам картопты жұп-жұқа етіп дөңгелектеп кесіп, екі жағын әбден қытырлақ болғанша майға қуырып береді. Бұл қонаққа көремет ұнап қалады. Тіпті жаңа тағам түрінің атын да қойып кетеді. «Чипсы», ағылшын тілінен аударғанда «бөлшек» деген мағынаны береді екен. Бүгінде чипсы жасы да, жасамысы да сүйсіне жейтін жеңсіз тағам түріне айналып кетті. Бірақ, оның адам ағзасына тигізер пайдасы мен зияны қандай? Осы мәселе бүгінде көпшілікті мазалап жүргені рас.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі – дұрыс тамақтану. Дүкен сөрелерінде көздің жауын алып, қызылды-жасылды қораптарда қаптап тұрған тағамдардың бәрі бірдей біздің ағзамыз үшін пайдалы дүние ме? Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректерінде, адамдар арасында ең көп кездесетін аурулардың бірі – асқазан, ішек жолдарының сырқаты делінеді. Тіпті бесіктен бөлі енді шыққан екі жастағы сәбидің де асқазанында ақау бар. Мектеп оқушыларының үштен бірі «ішінің ауыратынын» айтып шағымданады. Себеп – сапасыз тағамда. Қазір бізде «уақыт жоқ» деген жақсы сылтау бар, жұмыс ортасындағы түскі үзілісте үйге барып, ыстық тамақ пісіріп ішуге «уақытымыз жоқ», дүкеннен немесе таяу жердегі асханадан оны-мұны алып жей саламыз. Баламызды да сонымен алдарқатуды әдетке айналдырып алдық. Бүлдіршінді ертеңгісін ашқарын мектепке жіберетін отбасылар да кездеседі, мұндайда ата-анасы берген тыын-тебөнге бала жартылай фабрикат өнімдер мен газдалған сусын алады. Асқазан осыдан бүлінеді. Кез-келген чипсының құрамында трансгенді, яғни жасанды майлар болады екен. Ал ғылымда мұндай майлардың ағзаға еніп кері шықпай қалатыны дәлелденген.

Ұлттық тағамдарды ұлықтау алмай жүрміз немесе

«Кириешки», «Чипсы»

қайдан шыққан кереметтер?

Мәжілісте көтерілген мәселе

Қоғамдағы қай мәселеден де қалыс қалмайтын Парламент бұл тақырыпты да айналып өткен жоқ. Бірер жыл бұрын депутат Майра Айсина тағамдық маңызы аз өнімдердің қаптап кеткенін және оларға қойылар тосқауылдың жоқтығын Мәжіліс мінберінде айтқан болатын. «Батыс елдері хот-дог, гамбургер, сэндвич секілді жеңіл тағам өнімдерінен бас тартуға бел алса, ал біз ұлттық тағамдарды, құрт, май, ірімшік, қақ, жент, айран өнімдері және тағы басқаларын өндіруді, насихаттауды қолға алудың орнына, керісінше, фаст-фуд тағамдарына көрсеқызарлығымыз арта түсуде, осыған үлкен мән беру қажет. Өзіміз мектеп қабырғасында осындай жеңіл, қытырлақ өнімдер жеп өсіп пе едік немесе қазақ дастарханының мәзірінде балалардың денсаулығына пайдалы тағамдар болмаған ба еді? Тағам өнімдеріне, әсіресе, балаларға арналған өнімдерге немқұрайлы қараудың неге әкеліп соқтыратынын санамай-ақ қояйын, оны мынау халқымыздың, балаларымыздың денсаулығына қарап өзіміз-ақ көріп отырмыз. Ендігі жерде, Үкімет тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарға нақты және тиімді шаралар қабылдау үшін тағы да тапсырма беруі қажет» деген еді Майра ханым. Рас, қазір жылдам дайындалатын фаст-фуд өнімдері мен газдалған сусын, «қытырлақ картоптарды» мектеп асханаларында сатуға тыйым салынды. Бірақ, бұл мәселе шешілді деген сөз емес. Асханадағы бұға піскен бөлішті жегеннен гөрі балалар мектеп жанындағы дүкендер мен дүңгіршектерде самсап тұрған чипсылар мен «Колаларды» алғанша асығады.

Тосын тәжірибе

Украинадағы бір мектептің химия пәнінің мұғалімі Татьяна Дейнега оқушыларымен бірге «қызық» тәжірибе жасапты. 12 егеуқұйрықты төрт топқа бөліп қамаған мұғалім бірінші топқа «қытырлақ нан», екінші топқа «қытырлақ картоп», кейінгілеріне тез дайындалатын тағамдарға қосылатын Е621 қосындысымен байытылған тағам мен табиғи астықты беріпті. Не болды деп ойлайсыз? Жиырма күннен соң... бірінші, екінші топтағы егеуқұйрықтардың құлақтары естімей, көздері соқыр боп, кейін тіпті өліп қалады. Зертханалық тексерулерден кейін кеміргіштердің бауыр циррозы мен ас қорыту жүйесі жұмысының нашарлауынан өлгені анықталады. Үшінші топтағы, Е621 қосындысымен байытылған тамақты жеген егеуқұйрықтар ашушандыққа, әлсіздікке ұшырайды. Тек төртінші топтағы табиғи тағамдармен қоректенген кеміргіштер ғана дін аман қалған. Мектептегі оқу кабинетінде оқушылардың көз алдында жасалған бұл тәжірибені Украина мен Ресейдегі бұқаралық ақпарат құралдары жарыса жазды. Тәжірибе нәтижесін, егеуқұйрықтардың аянышты халін көрген оқушылар бұған дейін сүйсіне жеп келген тағамдарынан бас тартыпты.

Е621-дің құпиясы

«Кириешки» мен «Лейзге» құмар бүлдіршіндер біздің елімізде де көп. Өзірге оның салдарын, енді өсіп келе жатқан жас ағзаға келтірер зиянын айтып жатқан тағы ешкім жоқ. Осы ретте биология ғылымдарының докторы Мұрат Ғылмановтың тағамдардағы глютаматтың мөлшерін анықтап, қайсысы зиянды, қайсысы зиянсыз екенін саралайтын әдіс ойлап тапқаны еске түседі. Нақты тәжірибеге өзірге ене қоймаса да, тұқымымызды тұздай құртуы мүмкін тағамдарды абайлап қолдануымыз үшін бұл әдістің рөлі ерекше екенін бағамдауға болады. Өйткені, баспасөз беттеріне берген сұхбаттарында М.Ғылманов айтып жүр: «Біз адамның миы қалай шірітінін, оған не әсер ететінін анықтадық» деп. Ғалымның айтуынша, адам ағзасында глютомат көбейіп кетсе, ол тікелей миға әсер етеді екен. Глютомат әдетте жылдам дайындалатын тағамдарда болады,

ондай тағамдарға жарнамасы теледидардан түспейтін қытайдың, көрістердің кеспелері, қатырылған сорпалар (бульон), дәмдеуіштер кіреді. Бүгінде кез келген отбасындағы ас үйден табылатын мұндай дәмдеуіштер, әсіресе жүкті әйелдер үшін қауіпті. Е621 деген ресми атау таққан натрий глютоматын балалар тағамына пайдалануға тыйым салынған. Мұндай дәмдеуіштердің бір сиқыры, өзіне құмар қылып қоятыны. Яғни, Е621 қосылған тағамды жеген адамның сол тағамға келесіде тәуелді боп, тағы да жегісі келіп тұрады. Жаңа өсіп келе жатқан жас ағзаның жүйке жүйесінің «жауы» болып табылатын бұл химикат үлкендердің де денсаулығына кері әсерін тигізеді. Бас ауруы, бас сақинасы, асқазанның бүлінуі, тыныс алу жүйесінің зақымдануы, көңіл-күйдің құбылмалылығы секілді біраз «бәлелер» осы Е621-ді шектен тыс пайдаланғаннан болады екен.

Керек кеңес

Сонымен, бұл өнімдерді пайдаланғанда неге мән беріп, қандай ережелерді бұлжытпай орындауымыз керек? Алдымен, сатып алған «қытырлақ нан» не «картобыңыз» салынған қораптың сыртындағы жазуларға, этикеткасына мән беріп, оқып шығыңыз. Сыртқы безендірілуі тым ашық, қызылды-жасылды түстері көзіңізді қызықтыратын өнімнің бәрі бірдей керемет болуы мүмкін емес. Және сақталу мерзімі тым көп өнімдерді де сатып алуға құмартпағаныңыз жөн. Тағамның құрамындағы заттар тізімі қаншалықты көп болса, оған қосылатын дәмдеуіштер де соншалықты көп деген сөз. Егер осы «кириешкиді» сондай қатты ұнатып қалып, дәмін алмай жаныңыз жай таппайтын халге душар болсаңыз, өзіңізді тежеуге тырысыңыз. Және кішкентай балаларға берген жағдайда да мөлшерін сақтаған жөн.

Жартылай фабрикат саналатын өнімдердің балаларды асқазан жарасы мен гастритке әкеліп соғатыны, ішек, асқазан жолдарын құртатыны – жай айтылып жүрген жайт. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректерінде аурулардың 80%-ы белгілі бір дәрежеде тамақтануға тікелей байланысты болады делінеді. Әрине, бұл тақырыпты қозғай отырып, бәленің бәрін «Кириешкиге» үйіп тастаудан аулақпыз. Бірақ сырттан келіп, дүкендегі сөрелерімізді басып алған сол өнімдерге деген сұранысымыздың жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны – тұқымымызды тұздай құртып, бесіктен бөлі шықпаған балаларымызды дертті қылудың оңай жолы емес пе деген қауіпіміз де жоқ емес. Шын мәнінде, қазақтың қара баласының қарнын құрт пен ірімшектен, сүт пен айраннан артық тойдыратын не бар? Жетідегі жеткіншегіміздің қолында «Кириешки» емес, құрт, «Лейз» емес, ірімшік жүрсе қандай жақсы? Импорт боп келгендердің бәріне имандай сеніп, ұлттық тағамдарымызды ұлықтай алмай жатқанымыз да осындайда ойға түседі.

Оқырман ой бөліседі

Гүлмира Тапалова, ата-ана: –Бір күні қызығушылығым жеңіп, осы чипсының құрамында не болады екен, үй жағдайында картопты қаншалықты жұқа етіп кесіп, майға қуырғаныммен бәрібір «Русская картошка» секілді неге дәмді болмайды, құрамына не қосуым керек деп қарап көрдім. Атауынан көз сүрінетін небір көмірсутектер мен майлар, тұз, дәмдеуіш, бояғыштар болады екен. Әрине, картоп пайдалы өнім, бірақ өңделу барысында өзінің барлық құнарлы аяғырылады. Түрлі дерек көздерінен іздеп жүріп білгенім, чипсының өте калориялы тағам екендігі, 100 грамм чипсыда 510 грамм килокалорий бар. Ол баланың күндіз нормасының жартысын құрайды. Әсіресе, жазғы демалыста компьютердің алдынан шықпай, «Кириешки» мен «Лейзді» «Кока Коламен» қосып жеп, тойып алып, түскі асқа тәбеті шаппайтын балалардың сырын енді білгендей болдым.

Елдана АСЫЛХАНОВА

СПОРТ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

● 7-10 қазан аралығында Литваның Рига қаласында өткен Самбодан Әлем чемпио-натында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың 1 курс студенті Н.Н. Серіков 60кг. салмақ дәрежесінде жүлделі ІІІ орынды иеленді.

● «Намыс» спорт клубының ұйымдастыруымен 27-29 қазан күндері ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған қазақ күресінен 1993-1994 жылғы жастар ара-сында өткен қалалық турнирге М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың студенттері қатысты. Нәтижесінде Н.Серіков (60кг.), С.Бақытжан (66кг.), А.Ғаббасов (ауыр салмақтан жоғары) І орын, Е.Жақсыбаев (66кг.) ІІІ орын иеленіп, университет намысын қорғады.

● М.Өтемісов атындағы БҚМУ Спорт сарайында 25-28 қазан күндері 7 командаға бөлінген 160 спортшыны қамтыған жарыс оздырылды. Жарыс қорытындысы бойынша қыздар арасында экономика және басқару факультеті І орынға, филология факультеті ІІ орынға, жаратылыстану-математикалық факультеті ІІІ орынға ие болса, ұлдар арасында педагогика факультеті І орын, жаратылыстану-математикалық факультеті ІІ орын, тарих және құқық факультеті ІІІ орынды өзара бөлісті. С.Гельман, Ж.Тапаева, Ж.Бердіханова, Д.Адиев, Е.Дүкенбаев, А.Баделов сынды жарысқа қатысушылар «үздік ойыншы» номинациясымен марапатталды.

● С 3 по 7 ноября проводилось первенство Кубка города по волейболу, посвящен-ное 20-летию Независимости Республики Казахстан. В соревнованиях принимали участие 12 команд, в том числе и наша команда ЗКГУ. По итогам соревнования команда ЗКГУ заняла почетное І место, ІІ место заняла команда ЗКАТУ, ІІІ место заняла команда КазТрансГаз.


Состав команды: Курдюков Алексей, Толкачев Никита, Чурзин Николай, Адиев Дулат, Самарканов Еркебулан, Мергали Жалгас, Прокофьев Владимир, Хайруллин Асет, Хаирғалиев Нурхат, Чурзин Петр. Подготовил наших спортсменов тренер Абдрахманов И.С.

● Халықаралық студенттер күніне орай 9-10 қараша күндері жоғары және арнайы оқу орындары арасында «Заман» ЖҚБ ұйымдастыруымен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ спорт залында спорттың бес түрінен – шахмат, дойбы, шағын футбол, гiр тасын көтеру, волейболдан жарыс өтті. Жарысқа М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дан 33 спортшы қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша тамаша ойын көрсеткен біздің спортшылар - шахмат жарысына М.Салаватов, А.Жұмағазиева, Б.Самарбаева, А.Бигалиевалар І орынға, тоғызқұмалақтан М.Оразғалиев, А.Батықов, А.Айғалиева, М.Тәжіғалиева, М.Жорытқановалар ІІ орынға, гiр тасын көтеруден А.Әбдіғалиев ІІ орынға, Ә.Орынғалиев ІІІ орынға ие болды.

● 15-18 қараша күндері ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері арасында баскетболдан спартакиада өткізілді. 140 спортшы қатысқан жарыс қорытындысы бойынша қыздар арасында жаратылыстану-математикалық факультеті құрама командасы І орынға, БҚМУ колледжі құрама командасы ІІ орынға, педагогика факультеті құрама командасы ІІІ орынға қол жеткізді. Ұлдар арасында тарих және құқық факультеті құрама командасы І орынға, экономика және басқару факультеті құрама командасы ІІ орынға, педагогика факультеті құрама командасы ІІІ орынға табан тіреді. Қазылардың шешімі бойынша үздік өнер көрсеткен «Үздік байла-ныстырушы» номинациясымен А.Баубекова, А.Мұсахин, «Үздік ойыншы» номинация-сымен Ф.Аманова, С.Баймұқанов, «Үздік қорғаушы» номинациясымен А.Жұмалиева, Т.Бақтығалиевтер марапатталды.

● 23 қарашада «Дене тәрбиесі» кафедрасы мен «Ақжайық» спорт клубының ұйымдастыруымен «Дене шынықтыру белсенділігі – денсаулық кепілі!» атты дөңгелек үстел оздырылды. Бұл шараның мақсаты - өркениетті елдің денсаулығы, хал-ахуалы мықты болу үшін ішімдік, нашақорлық секілді денсаулыққа кесірін тигізетін зиянды әрекеттерден қашық жүру керектігін түсіндіру, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы және әдемі болуға тәрбиелеу. Дөңгелек үстелге қатысқан оқытушылар мен студенттер бүгінгі жастар арасында белең алып жүрген ішімдік, нашақорлық сынды зиянды әрекеттер жайында өз ой-пікірлерін білдірді. Профессор-оқытушы қауым студенттерге келешек қамы үшін, елдің болашағы үшін салауатты өмір салтын ұстану қажеттігін, жастардың тиімді іс-шаралармен айналысу қажеттігін ескертті.

Бұқаралық спорттық іс-шараларға белсене қатысқан студенттер осы кеште мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.





Д
К
Е
Н

№ 13 (870) қараша 2011 жыл

20

23 ноября 2011 года отметил юбилей кандидат филологических наук, доцент кафедры общего языкознания и перевода, один из ведущих лингвистов региона Николай Сергеевич Жигалин.

КОРИФЕЙ ЛИНГВИСТИКИ



52 года назад Николай Сергеевич начал свой путь педагога и до сих пор остается верен своему призванию. Талантливый преподаватель, он воспитал не одно поколение студентов – его вузовский стаж насчитывает 44 года. На лекциях, семинарских и практических занятиях Николай Сергеевич всегда старается поделиться со студентами своими знаниями, результатами научных исследований. При этом представляемые им материалы характеризуются стройностью изложения, глубоким анализом и имеют четкую практическую направленность. Н.С. Жигалин активно практикует различные формы интерактивных занятий, использует современные дидактические разработки на основе компьютерных мультимедийных технологий. Кроме того, Николай Сергеевич постоянно читает лекции для учителей города и области в институте повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров.

Научный потенциал Н. С. Жигалина

начал реализовываться еще в его аспирантские годы в Москве. В 1973 году в МГУ им. М. Ломоносова под руководством известного ученого-филолога Белошапковой В.А. он подготовил и успешно защитил кандидатскую диссертацию. В 1978 году он, трудясь на кафедре русского языка Уральского пединститута, получил звание доцента. Научную работу Н.С. Жигалина отличает актуальность рассматриваемых проблем и глубина анализа. В настоящее время под руководством Николая Сергеевича, являющегося признанным экспертом в области синтаксиса, автором собственного учебника, его студентами и магистрантами изучаются вопросы функционирования предложных конструкций в русском языке, а также ряд синтаксических проблем в аспекте сравнительной типологии.

Активно занимается Николай Сергеевич и административной работой в вузе. Он долгое время заведовал кафедрой русского языка, был деканом филологического факультета, зам. директора гуманитарного института. Сейчас Н. С. Жигалин деятельно участвует в работе целого ряда комиссий ЗКГУ.

Жигалин Н.С. является «Отличником просвещения РК», награжден медалями «Ветеран труда», «ЗКГУ-75 лет».

Среди коллег и студентов Н.С. Жигалин пользуется заслуженным уважением и авторитетом, в основе которых – широта научного кругозора и богатый педагогический опыт, эрудиция и профессионализм, сочетающиеся с природным обаянием, порядочностью и добротой.

Поздравляем Николая Сергеевича с юбилеем и желаем ему крепкого здоровья, семейного благополучия, дальнейшей плодотворной работы и новых творческих успехов.

Коллеги

Жігітке жеті өнер де аз...

Ер жігітті сөзіне қарап емес, ісіне қарап бағала. Осындай мақсатта жаратылыстану бөлімінде «Біз – тәуелсіз елдің ұланымыз!» атты жігіт сұлтаны байқауы жоғары дәрежеде өтті. Қазақ ұлтының тәрбиелеудегі өзіндік салып кеткен сара жолы, әке құтымен, ана сүтімен келген тілі, салт-дәстүрі бар екенін осы байқау арқылы білуімізге болады. Жігіттеріміздің ұлт тағдыры мен ұрпақ сабақтастығына жауапты басты тұлға екендіктерін сездіретіндей көрермендерді тәтті етті. Байқауға жеті үміткер - сері жігіттеріміз қатысты. Шарт бойынша байқау 5 кезеңнен (таныстыру; өнер сайысы; білімді өрге жүзер; тығырыққа тірелгенде; еңбек ширатады, өмір үйретеді) тұрды. Байқау шарты бойынша бірінші тур «сәлем - сөздің анасы», - демекші, сері жігіттеріміз өздерін таныстырып өтті. Екінші турымыздың шарты бойынша «жігітке жеті өнер де аз» дейтін дана халқымыздың сөзіне сүйене отырып жігіттеріміз бұл турда бар өнерлерін салып, бірі билеп, бірі ән шырқаса, бірі жадынан өлең шығарып, нақышына келтіріп мәнерлеп оқыды. «Білімді өрге жүзер» турында сайыскерлерімізге әр түрлі тақырыпта салт-дәстүрден сұрақтар қойылды. Ал төртінші турда берілген тапсырма өте көңілді болады «ойлы болсаң озып көр, жүйрік болсаң шауып көр», - демекші сері жігіттерімізді әр түрлі тақырыпта сұрақтар қойып тығырыққа тіреуге тырысты. Дегенмен, жігіттеріміз сүрінбей аяқтарын нық басып келесі турға өтті. Соңғы сайыста жігіттеріміз ас мәзірін әзірлеу де қолдарынан келетіндерін дәлелдеді. Бармағынан бал тамған аспаздарымыз сол жерде-ақ дастарханды жайнатып жіберді.

Бірінен-бірі өткен өнерлі сайыскерлерді бағалау қазылар алқасына қиынға түсті-ау деп ойлаймын. Дегенмен, сайыстың аты – сайыс. Әділқазылардың бағасы бойынша жетіліктің арасынан әр кезеңнен де сүрінбей

өтіп, жүлделі I орын және «Жігіт сұлтаны» номинациясы ғылыми химия мамандығының 1 курс студенті Әлібиұлы Тенелге бұйырды. Ал II жүлделі орынға және «көрермен көзайымы» номинациясына органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 1 курс студенті Тастенов Ерболат Әмірханұлы ие болса, III орынды экология мамандығының 1 курс студенті Қабосhev Аман Бауыржанұлы қанжығасына



байлады. «Серіз қырлы, бір сырлы» номинациясымен химия мамандығының 1 курс студенті Қабесов Райымбек Мәлсұлы, «Аспаз жігіт» номинациясымен биология мамандығының 1 курс студенті Садуақас Ізбек Берікболсынұлы, «Тапқыр жігіт» номинациясымен биология мамандығының 1 курс студенті Утенғалиев Тұрарбек Қамидоллаұлы, «Өнерлі жігіт» номинациясымен бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығының 1 курс студенті Жұматов Мұхтар Жұмажанұлы марапатталды. Сайыс соңында жүлдегерлерге сыйлықтар, мақтау қағаздары табыс етілді. Биология мамандығының 1 курс студенті Бақтияр Габдуловтың орындауындағы «Алға, қазақ жігіттері» әнімен сайыс қорытыланды.

Жеңімпаздарымызды тағы бір мәрте құттықтай отырып, өмірдің өрінен, өнердің төрінен көріне беріңдер дегіміз келеді. Ұлдарымыз ұлықты, қыздарымыз қылықты болғай!

Назира ДЕНДЕРОВА,

биология мамандығының 1 курс студенті

Құттықтаймыз!!!



Өріптесіміз, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Ұлдай Рысқалиқызы Ержанова** мерейлі 55 жасқа толып отыр. Ұлдай Рысқалиқызы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Қазақ филологиясы кафедрасында көп жылдан бері ұстаздық қызмет атқарып келе жатыр. 80 жылдық тарихы бар жоғары оқу орнында Ұстаз республика мен облысқа танымал тұлғалармен бірге қазіргі білім беру жүйесінде жемісті еңбек етіп жүрген сан жүздеген мұғалімдерді тәрбиелеп шығарды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға, ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» - деп Ұлы Абай жырлағандай ғалым-ұстаз бұл күнде еңбегінің жемісін көруде.

Кафедра ұжымы атынан мерейтой иесіне денінің саулығын, мерейлі табыс, зияткерлік шабыс, отбасы амандығын, мақтан тұтар шәкірттерінің көп болуын тілейміз!

Игі тілекпен, Қазақ филологиясы кафедрасы ұжымы

Прекрасная пора студенчества



В период с 10 по 16 ноября 2011 года на факультете экономики и управления ЗКГУ имени М.Утемисова, в преддверии 20-летия Независимости Республики Казахстан и празднования Международного дня студента, прошел конкурс «Прекрасная пора студенчества», в котором боролись за титул «Лучшая староста-организатор - 2011» старосты и студенты групп по пяти различным турам. Конкурс был организован студенческим деканатом и стипендиатами факультета.

Основной целью данного мероприятия было вовлечение студентов в общественную деятельность университета, а также раскрытие творческого, интеллектуального, духовно-нравственного потенциала у студентов и повышение статуса старосты. В конкурсе приняли активное участие студенты первого курса.

По итогам конкурса номинации «Лучшая староста-организатор-2011» была удостоена староста группы 09108 «Туризм» Гельман Светлана.

Необходимо отметить, что студенческая жизнь - самая прекрасная пора. Именно студенческие годы - самые интересные и незабываемые. Это время наполнено романтикой, беззаботностью. С годами вспоминается все самое лучшее, ведь каждый человек, который был студентом, может вспомнить много интересных историй из студенческой жизни.

Асхат МЕНДЫГАЛИЕВ,
Студенческий декан факультета
экономики и управления

Коллектив ЗКГУ им. М. Утемисова выражает глубокое и искреннее соболезнование семье, родным и близким в связи с невосполнимой утратой – кончиной кандидата физико-математических наук, доцента кафедры физики и математики, замечательного человека, педагога и ученого

МЫМРИНОЙ
Наталии Владимировны

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІң ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИАЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г куәлігі берілген.

Индексі 090000
Таралымы 1000

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІЛЕР:
АСЫЛХАНОВА Елдана
СРАЛИЕВА Мейрамгүл
ӘМІРАШЕВ Нұркен

КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА Светлана

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТ:
Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет БАҚ және баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52
Біздің сайт: www.wksu.kz
e-mail: IC_SMI@wksu.kz